Сипаттамасы: Логопед сөзді атап баланың қолына допты лақтырады, ал бала одан сөз тудырушы - шы жұрнағын жалғау арқылы сөз айтуы қажет

(құрылыс-құрылысшы, жұмыс-жұмысшы т.б)

Сөздік нұсқау: Мен саған допты лақтырып сөз айтамын ал сен одан шы жұрнағын жалғау арқылы сөз айтып допты маған кері лақтырасың.

8-әдістеме

Атауы: «Көңілді кубиктер»

Мақсаты: жұрнақ туралы түсінігін қалыптастыру

Құрал-жабдықтар: заттық суреттер бейнеленген үлкен және кіші кубиктер (үй, көл, қап, көрпе, күрке, сандық)

Сипаттама: логопед балаға үлкен кубиктерді көрсетеді, бала үлкен кубиктердегі суретті атайды және дәл сол суретті кіші кубиктерден табуын, және мына жұрнақтарды сол сөздерге дұрыс жалғауын сұрайды: -ша, -шік, -шық.

Нұсқау: суреттерге қара! Атауларын ата!

Ескерту: егер бала тапсырманы орындауға қиналса, үлгі ретінде бір тапсырманы орындап көрсету.

9-әдістеме

Атауы: «Көпше түрін ата»

Мақсаты: жалғауды дұрыс жалғау білігін қалыптастыру

Құрал-жабдықтар: доп

Сипаттама: логопед балаға бір сөз айтып допты лақтыра отырып, балаға бір зат есімді айтады, бала допты қағып сол сөзге – тар, -лар, -тер, -дар, -дер жалғауларын қосып айтуын өтінеді. (кітап, кілем, бала, дәптер, көйлек т.б.)

Нұсқау: Мен саған бір сөз айтып допты лақтырамын, ал сен допты маған қайтарып сол сөздің көпше түрін айт!

10-әдістеме

Атауы: «Зат есімнің жекеше түрін ата»

Мақсаты: зат есімнің көпше түрінен жекеше түрін жасау дағдыларын жетілдіру.

Құрал-жабдықтар: көпше түде бейнеленген заттық суреттер (мысықтар, пышақтар, парталар, сүлгілер, қаламдар, жемпірлер т.б.)

Сипаттама: логопед балаға суреттерді көрсетеді, суреттерді бір қатарға тізбектей қойып баладан жекеше түрін атауды ұсынады.

Нұсқау: суреттерге қара! Олардың жекеше түрін ата!

11-әдістеме

Атауы: Лексикалық мағынасын тап

Құрал-жабдықтар: Заттық суреттер (егіншілер, айтыскерлер, оқушылар т.б.)

Мақсаты: Сөзжасам және сөзөзгерту дағдыларын қалыптастыру, туынды сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырата білуге үйрету.

Сипаттамасы: Логопед балаларға берілген сөздерді оқиды. Балалар берілген сөздердің түбірі мен жұрнағын немесе түбірі мен жалғауын ажыратып, түбір сөздің лексикалық мағынасын айтулары қажет.

Сөздік нұсқау: Балалар менің қолымдағы суретке қараңдар. Мұнда не бейнеленген? Бұл сөздің түбірі қандай? Ол не мағынаны береді? Жалғауын атаңдар, жұрнағын атаңдар.

12-әдістеме

Атауы: "Адасқан жалғаулар"

Мақсаты: Сөзөзгерту және сөзжасам дағдыларын дамыту, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтар: жалғаулар жазылған карточкалар (-лар, -лер, -тар, -тер, -паз, -гер, -кер -шы, -ші), суреттер (қой, домбыра, дәрі, етік, ас, ғарыш)

Сипаттамасы: Педагог балаға жұрнақтар мен жалғаулар жазылған карточкалар (-лар, -лер, -тар, -тер, -паз, -гер, -кер -шы, -ші) мен суреттерді (қой, домбыра, дәрі, етік, ас, ғарыш) береді. Суреттерде не бейнеленгенін сұрап, енді сол суреттердегі сөздерге карточкадағы жұрнақтарды жалғау арқылы сөздердің мағынасын өзгертуін сұрайды.

Сөздік нұсқау: Суреттерде не бейнеленген? Ол сөздердің мағынасын өзгерту үшін қандай қосымша жалғаймыз? Неге?

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін грамматикалық деңгейдегі түзету жұмысының маңызды бағыты болып табылатыны түбірлес сөздерді белгілеу білігін дамыту және сөздердің морфологиялық талдауын жасау дағдыларын арттыру табылады. Ол үшін аталған әдістемелерді қолдану тиімді болады деп есептейміз.

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін грамматикалық деңгейде түзетуге арналған әдістемелерді қолдану ерекшеліктерін біз оқушылардың грамматикалық білім, білік, дағдыларын меңгеру заңдылықтары негізінде құрастырып іс-жүзінде қолданып, оңды нәтиже береді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Н.А.Никашина Нарушения письменной речи у младших школьников. М., 2004. – 265с.*
2. *Л.Ф.Спирова, А.В.Ястребова Дифференцированный подход к проявлению нарушений письма и чтения у учащихся общеобразовательных школ// Дефектология журналы 1998жыл №5*
3. *Қ.Қ.Өмірбекова «Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, түзету жолдары» Алматы: «Print -S» ЖШС баспаханасы 2009ж. 17-25 беттер.*
4. *И.Н. Садовникова «Нарушение письменной речи у младших школьников» Москва 1997.*
5. *Қ.Қ.Өмірбекова «Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тіл бұзылыстарын түзетудің педагогикалық шарттары» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы «Ұлағат» баспасы №4 (43) 2015ж. 18 бет.*
6. *Қ.Қ.Өмірбекова «Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тіл бұзылыстарын түзетудің педагогикалық шарттары» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы «Ұлағат» баспасы №4 (43) 2015ж. 18 бет.*
7. *Қошқарбаева Г. Балалардың жазуы мен оқуының бұзылуы мен түзету жұмыстарының басты бағыттары «Тілашар.Логопед» ЖК «Асубаев С.Ш.» баспаханасы №1 2012ж. 8-9 беттер.*

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

ИЗУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С ООП

УДК 376-056.26

МРНТИ: 14.29.27

Аутаева А.Н.¹, Қуанғалиева Н.С.²

¹Арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі

п.с.ғ.к.доцент akbota-n@mail.ru

²БМ010500-Дефектология мамандығының 2-ші курс магистранты

Nausha_96@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК-ЛОГИКАЛЫҚ ЕСТЕ САҚТАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада есту қабілеті зақымдалған балалардың сөздік-логикалық есте сақтауын дамыту жолдары қарастырылған. Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөздік-логикалық есте сақтауын дамыту жолдары бойынша арнайы психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалынды. Осы негізде аталған балалардың сөздік-логикалық есте сақтауын дамыту жолдары қарастырылып, дамытудың тиімді тәсілдері іріктелініп алынды.

Сөздік-логикалық есте сақтау-бұл біздің ой, пайымдау, ой қорытындысын есте сақтауға негізделген қабілетіміз. Есте сақтаудың бұл түрі көптеген ғалымдардың пікірінше, тек қана адамға тән. Бұл есте сақтау түрі сөйлеу тілімен тығыз байланысты, яғни кез келген ойлау міндетті түрде сөзбен білдіріледі. Сөздік-логикалық есте сақтаудың ерекшелігі оқыту үдерісінде ескеріледі. Есте сақтау барынша нәтижелі болу үшін көрнекі сөйлеу тілі және интонация қолданылады.

Оқыту үдерісінде негізгі жүктеме сөздік-логикалық есте сақтауға сүйенеді. Сондықтан оны дамыту және жүзеге асыру қажет. Бұл есте сақтау түрінің қалыптасуы бастауыш сыныпта басталады және оны қосымша сабақтарда қолдану маңызды болып табылады.

Есту қабілеті зақымдалған балалардың сөздік-логикалық есте сақтауын дамыту арқылы оқыту үдерісінде балалардың сөйлеу тілімен бірге есте сақтауын тиімді дамыту көзделеді.

Түйін сөздер: есту қабілеті зақымдалған бала, ес, есте сақтау, сөздік-логикалық есте сақтау.

Аутаева А.Н.¹, Қуанғалиева Н.С.²

¹Заведующая кафедрой специального образования

к.п.с.н.доцент akbota-n@mail.ru

²Магистр 2-го курса по специальности БМ010500 - Дефектология

Nausha_96@mail.ru

СПОСОБЫ РАЗВИТИЯ СЛОВЕСНО - ЛОГИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА

Аннотация

В статье рассматриваются способы развития словесно-логической памяти детей с нарушениями слуха. Были рассмотрены специальные психолого-педагогические научные труды, - классические и современные. Словесно-логическая память – это наша способность запоминать мысли, суждения, умозаключения. Данный вид памяти, по мнению ученых, свойственен только человеку, так как тесно связан с речью. А, как известно, любая мысль обязательно выражается словами. Особенности словесно-логической памяти учитываются в процессе обучения. Чтобы запоминание было более эффективным, используются образная речь и интонация.

В процессе обучения основная нагрузка ложится на словесно-логическую память. Ее необходимо развивать и совершенствовать. Процесс формирования этого вида памяти начинается в начальной школе, и очень важно поддерживать его дополнительными занятиями.

Рассматриваются типы воспоминаний и виды памяти. Пологается что, развитие словесно-логической памяти детей с нарушениями слуха обеспечивает эффективность работы над речью и памятью в обучения детей.

Ключевые слова: дети с нарушениями слуха, память, запоминание, словесно-логическая память.

Autaeva A.N.¹, Kuangalieva N.S.²

¹k.ps.s.docent

Head of special education Department

akbota-n@mail.ru

²2-nd year graduate student by specialty 6M010500 – Defectology

Nausha_96@mail.ru

METHODS OF DEVELOPMENT OF VERBAL - LOGICAL MEMORY OF CHILDREN WITH HEARING IMPAIRMENTS

Abstract

The article deals the ways of developing the verbal-logical memory of children with hearing impairments. Special psychological and pedagogical literature on the development of verbal-logical memory of children with hearing impairment was considered.

Verbal-logical memory is our ability to remember the thoughts, judgments, conclusions. This kind of memory, according to scientists, is peculiar to man. This type of memory is closely connected with it, as any thought is necessarily expressed in words. Features of verbal-logical memory are taken into account in the learning process. To memorize more efficiently, use figurative speech and intonation.

In the process of learning, the main burden lies on verbal-logical memory. It must be developed and improved. The process of forming this memory begins in primary school, and it is very important to support it with additional studies.

Discusses the types of memories and types of memory. It ought to be that the development of verbal-logical memory in children with hearing loss provides the efficiency of work on speech and memory in children's learning.

Keywords: children with hearing, memory, memory, verbal-logical memory.

Сөздік-логикалық ес – мазмұнына біздің ойымыз кіреді. Ой тілсіз өрнектелмейді. Сондықтан ой тек мағыналық болмай, сөзді-логикалы болады. Сөздік-логикалық мағыналы есте басты мән екінші сигналдық жүйеде. Сондықтан қарапайым түрдегі қозғалыс, бейнелі және эмоционалды елестер жануарда болса, мағыналы ес адамға тән. Сөздік-логикалық ес басқа ес түрлерінің дамуына көмектесіп, олардың жоғарғы деңгейге көтерілуіне ықпал етеді.

Сөздік-логикалық есте сақтаудың бейнелі есте сақтаудан айырмашылығы ақпарат сөздік түсініктермен есте сақталады.

Бұл есте сақтау түрінің мәні ақпараттың сөздік элементтермен байлынысы, негізгі мағынасын есте сақтау болып табылады. Біз белгіді бір ақпаратты есте сақтау үшін, мазмұнын түсініп, саралауда сөздік-логикалық есте сақтауды қолданамыз. Ойлау үздіксіз сөйлеу тілімен байлынысты, ол біруақытта заттың атауын және оның ерекшеліктерін анықтайды.

Адамның есі мынандай сапалық белгілері бойынша сипатталады.

1. Есте қалдырудың тездігі. Біреу бір ақпаратты, материалды есінде сақтау үшін ұзақ еңбектенсе, екінші біреу оны оп-оңай есінде қалдыра алатын қасиетке ие.
2. Есте сақтаудың беріктігі. Біреу бір нәрсені жатқа біліп, ұзақ уақыт

ұмытпайды, басқа біреу тез ұмытып кетеді («қысқа ес»).

3. Естің дәлдігі. Бұл ақпаратты, материалды, көріністі сол қалпында, ешқандай қоспасыз есте сақтау.

4. Естің даярлығы. Адамның өз есінің қорынан керегін қажет кезінде тауып ала білуі.

Есте қалдырудың табысты болуы адамның жадында сақтауға қажетті болған материалының мағынасын толық түсіне білуіне тәуелді. Механикалық жаттауда сөздер, заттар, оқиғалар мен әрекеттер қабылдау негізіндегі ретімен, қандай да бір өзгеріссіз, сол қалпында есте орнығады. Мұндай есте қалдыру барысында адам жатталуға тиіс нәрселердің кеңістік пен уақыт ішіндегі өзара жақындығына сүйенеді. Ал мағыналы есте қалдыруға келетін болсақ, ол материал бөлшектері арасындағы көзден таса, ішкі логикалық байланыстарына негізделеді, яғни мұндай естің астарында екінші сигналды жүйенің жалпыланған байланыстары жатады. Осыдан, мағыналы есте қалдыру оның механикалық түрінен әлдеқайда тиімді келеді.

Механикалық жаттау тиімділігі шамалы, көп еңбектеніп, сан мәрте қайталауды керек етеді; мұндай жолмен жатталғандар қажетті кезінде еске түсе бермейтіні де бар. Ал мағыналы жаттау адамды шектен тыс еңбектерден азат етіп, үлкен де нық нәтижелерге кенелуіне жол ашады [1].

Естің өзіндік ерекшеліктері бар: Адам ерекшелігіне байланысты. Олар есте қалдырудың жылдамдығымен, дәлдігімен, біріктілігімен және қайта жаңғыртуға дайындығымен сипатталады. Адамда 2 процесс бар: 1.Есте қалдыру – тез тез, баяу баяу. 2.Ұмыту – баяу тез, баяу тез.

Есте сақтау – бұл сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін үрдіс. Мектепке дейінгі жаста есте сақтау жетекші психикалық үрдіс болып есептеледі.

Есте сақтау қабілеттері сандық және сапалық деп бөлінеді.

Сапалық сипаттамаға есте сақтау жылдамдығы, беріктігі, ұзақтығы, дәлдігі мен көлемі жатады.

Сапалық ерекшеліктеріне көру, есту, эмоционалдық, қимыл және басқа да есте сақтау қабілеті түрлерінің басым болуына және қызмет етуіне қатысты болады. Аталғандар бірінің шүбәсіз басым болу мағынасында есте сақтау қабілетінің «таза» түрі сирек болады. Көбінесе іс жүзінде біз көру, есту, қимыл және есте сақтау қабілетінің түрліше қабысуымен кездесеміз. Олардың қабысуы үшін көру-қимыл, есту-көру және есте сақтау қабілетінің қабысуы тән болады. Бірақ көптеген адамда көру, есте сақтау қабілеті басым болады.

Аталған тақырыптың өзектілігі балаларда сөздік-логикалық есте сақтаулары дамыған сайын, есте сақтаудың сапалылығы артады. Есте сақтауды жоғарғы деңгейге жеткізу үшін оны интеллектуалды белсенділікті қажет ететін іс-әрекетке қатыстыру керек. Сондықтан да, шешімін өз бетінше іздеумен байланысты және проблемдік оқытуда қиындықты жеңу тапсырмалары балалардың есінде жақсы сақталады. Осыған орай балалар өздеріне дайын күйде берілген материалды нашар есте сақтайтындығы мәлім.

Әдетте сөздік ақпаратты жақсы есте сақтауда 1-2 сыныпта берілген ақпаратты байланыстырмай, механикалық тұрғыда есте сақтау байқалады. Кіші мектеп жасындағы нашар еститін оқушылардың есте сақтауын дамытуда сөздік-логикалық есте сақтауына назар аударылады. Бұл есте сақтауды сөздік және логикалық деп бөледі. Сөздік есте сақтау 10-13 жаста ғана қалыптасады.

Қайта жаңғырту кезінде нақтылық және ерік-жігерге байланыстылығы сөздік есте сақтаудың басты ерекшелігі болып табылады. Ал логикалық есте сақтаудың ерекшелігі мәтіннің мағынасын есте сақтау болып табылады. Ақырындап ырықты есте сақтау оқушының оқу іс-әрекетінде басты орын алады. Оның артықшылығы қайта жаңғыртуда қателіктер аз болады және сенімді болып келеді [2].

Сөздік-логикалық есте сақтауды дамыту үшін келесідей ойлау операцияларын меңгеру маңызды: талдау, салыстыру және топтастыру, сонымен қатар индукция және дедукция секілді ой қортыныдысы.

Есте сақтауды зерттеу әдістерін келесі топтарға бөліп көрсетуге болады:

- Есте сақтау көлемін тікелей зерттеу әдістері арқылы анықтау. Бұл әдістің көмегімен баланың ақпараттарды бір ұсынғаннан кейін есте сақтау көлемін анықтауға болады. Осы мақсатта балаға көлемі бойынша қысқа мерзімді есте сақтаудан асатын ақпарат ұсынылады. Бұл классикалық «қатардағы мүшелерді есте сақта әдісі» болып табылады.

- Ұзақ мерзімді есте сақтауды зерттеу әдісі. Бұл оқушының белгілі бір материалды ұзақ уақытқа есте сақтауын анықтау мақсатында жүргізіледі. Осы мақсатта қысқак есте сақтау жүргізіледі.

- Жанамаланған есте сақтауды анықтау әдісі. Баланың көмекші құралдарды қолдану арқылы есте қалдыруын зерттеу мақсатында жүргізіледі. Тікелей есте сақталған материалдарды жанамаланған есте сақтауда белгілі бір өзгерістерге ұшырағандығын анықтау үшін жүргізіледі.

- Логикалық есте сақтауды зерттеу әдістері. Эксперимент барысында оқушының логикалық есте сақтау көрсеткіштерін анықтауға болады [3].

Есте сақтау білім алудың, оқытудың шарты болып табылатын адамның қабілеті негізіндегі психикалық дамудың маңызды шарттарының бірі. Психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде оқушылар білім алуының концепциясы бар, онда екі жол көрсетілген:

- біріншісі-оқушының оқулықтағы мазмұнды немесе мұғалімнің түсіндіруін өз бетімен жаттауы, яғни есте сақтау процесінің жұмысы;
- екіншісі- оқушының ақпараттарды сараптап, салыстырып, жалпылап, қорытынды шығарып және т.б. ойлау әрекеттерінің белсенді деңгейі.

Есте сақтау қабілетін қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық сараптаулар нәтижесінде жасалған қорытынды мынадай болып табылады: оқу процесі барысында педагогтың бастапқы зейіні оқушылардың ұзақ уақытты семантикалық, бөлшектенген және реттелген есте сақтауының толық жүйесін қалыптастыруға негізделуі тиіс. Авторлардың пікірлері бойынша, осы жүйелер оқу материалдарының терең әрі көпқырлы аспектісін қамтамасыз етеді және білімді тиімді әрі нақты игерудегі алғышарт ретіндегі ішкі жағдайлардың бірі болып табылады. Зерттеушілердің айтуы бойынша, сәйкес жүйелерді қалыптастыру – оқушылардың сөздік есте сақтауын дамытудың негізгі шарты [4].

Сөзбен жазылған сандар есту арқылы оқушылардың механикалық есте қалдыруын анықтауға болады (Джекобс әдісі). Бұл әдістеме арқылы есте сақтаудың өнімділігін түрлі психологиялық факторлар: мотивациялық, қорытынды механизмі, жеке тұлға қасиеттерінің (ерік-жігер, эмоцияларды, мақсат және т.б.) механизмі, нұсқау механизмін анықтауға болады.

Мағыналық есте қалдыру (бейнелі мағыналы есте сақтау) деңгейін анықтау үшін сөздерді есте сақтау әдістемесі қолданылады. Ол П.И.Зинченконың әдістемесі арқылы анықтауға болады. Онда зерттелушіге 15 сөз ұсынылады, зерттелуші мұқият тыңдап, кез келген кезектілікте қайта

жаңғыртуы тиіс. Есте қалдыру сол формула арқылы анықталады. Келесі сөздер ұсынылады: жер, су, жел, тау, емен, алма, ешкі, тері, бақ, қол, қалам, ара, гүл, тұман, терезе.

Ақпараттық-мағыналық есте сақтау зерттеу (сөздік-логикалық) 15 мағыналық байланысқан мәтіндерді есте сақтау әдістемесі қолданылады.

Сөздік-логикалық есте сақтау басқа да есте сақтау түрлеріне сүйене отырыпы, оқуда жаңа ақпаратты оқып білуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан есте сақтаудың бұл түрін мектепке дейінгі жастан бастап дамыту қажет. Мысалы, ойын әрекеті кезінде дамыту.

Сөздік-логикалық есте сақтауды дамытуға арналған ойындар баланың белсенділігін арттыруға көмектеседі, сонымен қатар есте сақтаудың көлемін және тек қана есте сақтауды емес, ойлау, қабылдау, сөйлеу тілі де қалыптасады. Оқыту үдерісі барынша эмоционалды және қызықты болады.

Сөздік-логикалық есте сақтауды дамытуға арналған ойындар

1. Мағынасы бойынша байланысты 10 жұп сөзді дайындаңыз. Мысалы, қыс-аққала, үтік-жейде, нан-бөлкей, құмыра-гүл, жарық-шам, шаңышқы-қасық. Баладан мұқият тыңдауды және жұп сөздерді есте сақтауды сұраңыз.

Сонымен қатар балаға алғашқы сөзді сіз айтатыңызды, ал екінші сөзді баланың өзі айтатынын ескертеңіз. Бала дайын болған кезде алғашқы жұп сөзді айтыңыз. Баланы мадақтауды ұмытпаңыз және ойын ретінде қараңыз.

2. «Логикалық тізбек» кері байланыс жаттығуын қолданып көріңіз. Ол үшін мағынасы бойынша топтастыруға болатын сөздерді дайындаңыз.

Мысалы, алма-теңіз, стакан-банан, кеме-қарындаш, бор-тәрелке. Балаға жұп сөздердің шатасқанын ескертіп, дұрыс орналастыру қажет екенін айтыңыз. Мысалы, алма, банан жеміс-жидек, кеме теңізде жүретінін айтыңыз.

3. «Артық сөзді тап»

Үш сөз дайындаңыз. Олардың ішінде екі сөз мағынасы бойынша ұқсаса, ал бір сөз артық болуы қажет. Баладан артық сөзді табуды ұсыныңыз. Мысалы:

- қалам, қарындаш, күшік;
- үстел, гүл, керует;
- бор, тақта, қасық;
- көбелек, ара, мысық;
- тал, ағаш, есік.

Мұнда сөзбен бірге суреттерді қолдануға болады.

«Мен 10 заттың атауын білемін...» жаттығуы. Бұл топтық ойын. Оқушылар шеңберге отырғызылады. Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: «Мен... ағаштардың... 10... атауын... білемін... қайың – бір, самырсын – екі, емен-үш» деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады.

«Шатаспай есте сақта» жаттығуы. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (м/ы: алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, жейде, машина, ат, әтеш т.б.).

Сөздік-логикалық есте сатауды дамытуға арналған бірнеше тәсілдер:

- Олең шумақтарын жаттау.
- Сурет бойынша әңгіме құрастыру..
- Мультфильм не ертегі туралы әңгімелесу.

Сөзді есінде сақта

Мұғалім балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді мұғалім айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек.

- көктем – жаңбыр
- жаз – күн шықты
- аспан – бұлт
- жер – шөп

Материалды түсінудің пайдалы әдісі - салыстыру, яғни заттар, құбылыстар мен оқиғалар арасындағы бір-біріне ұқсастық пен ерекшелікті тани білу. Мұғалім көп жағдайда балаларға жаңа танымды түсіндіруде оны өткендегілермен салыстырып отырады, осылайша ол жаңа материалды оқушыларда қалыптасқан білім жүйесіне ендіріп барады.

Жалпы мектеп оқушылары әрдайым есте сақтаудың бір тәсілі ретінде ойша салыстыруды қолданды, ал есту қабілеті зақымдалған балалар ол тәсілді тек жеке жағдайларда ғана қолданды. Оқушылардың алдында бір біріне ұқсас заттарды есте сақтау міндеті тұрғанда сол қабылдаған материалды жақсы есте сақтау үшін салыстыру тәсілін қолдану маңызды болып табылады. Есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған мектептің оқушыларын салыстыру тәсілін өз бетінше белсенді қолдануға үйреті керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей есту қабілеті зақымдалған балалар қалыпты балаларға қарағанда салыстыру тәсілін көп қолданбайды.

Материалдың түсінімді болуы - оның нақтылығында. Бұл үшін жалпы ережелер мен анықтамаларды нақты, күнделікті өмірде кездесетін есептер мен мәселелерді шешу, байқаулар мен дәрісханалық жұмыстар арқылы түсіндіріп бару қажет.

Есте берік қалдырудың жолы - қайталап тұру. Бұл білім, ептілік, дағдыларды игерудің өте маңызды шарты. Бірақ мұндай іс-әрекет өнімді болуы үшін қайталау жұмыстары белгілі талаптарға сай орындалуы тиіс: қайталау белсенді және әр түрлі болуы ләзім (мысалдар келтіру, сұрақтарға жауап беру, схема сызу, таблица түзу, көрнекі құрал жасау, т.б.). Белсенді қайталау барысында екінші сигналдық жүйе жанданып, материалды ұғына түсінуге нәр береді.

Есте сақтау өткеннің көрінісі ретінде оның негізгі қызметтері байқау, сақтау, тану және қабылдаған материалды қайта жаңғыртудың көмегімен жүзеге асырылады. Есте сақтау ерікті және еріксіз болуы мүмкін. Егер адам қандай да материалды есте сақтауды мақсат етіп қоймаса да, соны ешқандай күш жұмсамай есінде сақтап қалса, онда ол еріксіз есте сақтау болады. Егерде адам өз алдына қандай да материалды есте сақтауды мақсат етіп қойса, онда ол ерікті есте сақтау болады. Т.В.Розанованың бір зерттеуінде есту қабілеті зақымдалған балалардың заттың оның орнымен байланысын еріксіз есте сақтап қалатындығын анықтаған.

Негізгі тәсілдері талдай отырып, А.А. Смирнов материалдарды жақсы түсініп есте сақтау үшін келесі тәсілдерді ұсынады:

1. Материалды бөліктерге бөлуден тұратын жоспар құру, негізгі, нақты, басты бөліктерден тұратын тірек пункттерден айқындау және ойын топтастыру.
2. Балада бар білімді мәтіннің мазмұнымен сәйкестендіре, оның білім жүйесіне жаңаны қосу.
3. Мәтіннің түрлі бөлімдегі мазмұнды бір-бірімен сәйкестендіру.
4. Бейнелерді немесе көрнекілік елестерді қолдану.
5. Мәтіннің мазмұнын өз түсінігі бойынша айту

Есту қабілеті зақымдалған балаларда арнайы оқыту жағдайында да қатарластарына қарағанда сөздік есте сақтаудың тежелуі байқалады. Есту қабілеті зақымдалған балалар алғашқы сөзді меңгере бастағанда, еститін балалар сөйлеу тілінің грамматикалық жағын меңгеріп және мағынасына қарай жаңа сөздерді тез есте сақтап, жаңа тілдік ойларды және грамматикалық тәсілін меңгереді.

Еститін бала сөздерді өмірінің алғашқы жылының аяғында есте сақтай бастайды. Әрі қарай сөздік сөйлеу тілін меңгеру және оны жүзеге асыру шамасына қарай сөздік есте сақтау дамиды. Өмірінің алғашқы жылында балада сөздік есте сақтау еріксіз және мағыналық байланысы кедей болады. Мектепке дейінгі және мектеп жасында ол мағыналық сипатқа ие болады, яғни лоикалық ойлауға сүйене бастайды.

Есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс жасайтын педагогтар тек қана сөздік сөйлеу тілін ғана емес, сонымен қатар сөздік есте сақтауды қалыптастырады. Оқыту барысында сөздік сөйлеу тілі педагог пен бала арасындағы қарым-қатынас үдерісі ретінде іс-әрекетте қолданылады, балада нәтиже ретінде сөздік есте сақтаудың құрылымында сақталады [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *А.Н.Аутаева, А.А.Даурамбекова. Сурдопсихология негіздері: Оқулық. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы., 2010.*
2. *Тигранова Л.И. Развитие логического мышления и познавательной активности детей с нарушением слуха.-Дефектология. – 2012. – № 2. - С. 22-26.*
3. *Жилияз Ж.Есте сақтауға арналған жаттығулар. – Мұғалім және қоғам. – 2013. - №10. – 24-25 б.*
4. *Коныратова А., Есту қабілеті зақымдалған балалардың мектепте білім алуға дайындығының психологиялық компоненттері. Казахский национальный педагогический университет имени Абая Вестник. Серия «Специальная педагогика» №1 (40) 2015.*
5. *Богданова Т.Г. Сурдопсихология. – М., 2002.*

УДК 376
МРНТИ: 14.29.00

Г.М. Коржова¹, Г.Н. Тулебиева²
¹ к.п.н., профессор, ННПЦ КП, г. Алматы, Казахстан
² магистр п.н., ст. преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОБЛЕМЫ МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОЦЕССА ВКЛЮЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В КОРРЕКЦИОННУЮ РАБОТУ

Аннотация

Настоящая статья посвящена приоритетной на сегодняшний день проблеме включения семьи в коррекционный процесс.

Для обеспечения нового качества дошкольной подготовки в организациях специального образования необходимо создание четких и научно обоснованных механизмов обучения и включения в коррекционную работу родителей.

Результаты мониторинга состояния работы по включению семьи в коррекционный процесс и её методической обеспеченности в реабилитационных центрах и специальных дошкольных организациях образования для детей с нарушениями речи, зрения, слуха, интеллекта выявил значительные недочеты.

В работе по включению родителей в коррекционный процесс отсутствуют систематичность и планомерность, не учитывается степень мотивационной готовности родителей к участию в коррекционной поддержке детей. Не проводится работа по созданию и накоплению методических арсеналов для родителей, в специальных дошкольных организациях отсутствуют методические фонды по освещению современных направлений работы с семьями и др.

По мнению авторов статьи для разрешения названной проблемы имеет значение качества методического обеспечения процесса подготовки семьи к коррекционной деятельности. В статье раскрываются теоретические основы методической деятельности по созданию системы методической поддержки специалистов, работающих с детьми дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, коррекционная деятельность, мониторинг, методическое обеспечение

Г.М. Коржова¹, Г.Н. Тулебиева²

¹п.э.д., профессор, ТП ҰҒПО, Алматы қ., Қазақстан

²п.э.магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНА ЖҰМЫЛДЫРУ ПРОЦЕСІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ Андатпа

Бұл мақала бүгінгі күннің басты мәселесі отбасын түзету үдерісіне жұмылдыру мәселесіне арналған. Арнайы білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету үшін ата-аналарды түзету жұмыстарына оқыту және енгізу үшін нақты және ғылыми негізделген тетіктер құру қажет. Отбасын түзету үдерісіне жұмылдыру және сөйлеу, көру, есту және зерде бұзылулары бар балаларға арналған арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және оңалту орталықтарында оны әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмысының жай-күйіне мониторинг жүргізу нәтижелері маңызды кемшіліктерді анықтады. Ата-аналарды түзету үдерісіне жұмылдыру бойынша жүргізілетін жұмысының жүйелігі мен жоспарлығы байқалмайды, ата-аналардың балаларға түзетушілік қолдау көрсету ынтасы есепке алынбайды. Ата-аналарға арналған әдістемелік материалдарды құрастыру және жинақтау жөніндегі жұмыс және арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда отбасылармен жұмыс істеудің заманауи бағыттарын қамтуға арналған әдістемелік құралдар жоқ.

Мақала авторларының пікірі бойынша, осы мәселені шешу үшін отбасын түзету жұмысына дайындау процесін әдістемелік қамтамасыз етудің маңызы зор. Мақалада ерекше қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін мамандарды әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін құру бойынша әдістемелік жұмыстың теориялық негіздері қарастырылды.

Түйін сөздер: білім алуға ерекше қажеттілігі бар балалар, түзеу әрекеті, мониторинг, әдістемелік қамтамасыз ету

G.M. Korjova¹, G.N. Tulebieva²

¹candidate of pedagogical sciences, professor, Almaty city, Republic of Kazakhstan

²master of pedagogical sciences,

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty city, Republic of Kazakhstan

THEORETICAL BASES OF THE PROBLEM OF METHODOLOGICAL ENSURING PROCESS OF INCLUSION OF
PARENTS OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS INTO CORRECTIONAL WORK

Annotation

The article is devoted to one of the priority problem for today - including the family into the correctional process. To ensure a new quality of pre-school education in organizations of special education, it is necessary to create clear and scientifically sound mechanisms for teaching and incorporating parents into correctional work. The results of monitoring the state of work on the inclusion of the family in the correctional process and its methodological provision in rehabilitation centers and special pre-school educational organizations for children with speech, sight, hearing, and intelligence impairments revealed significant shortcomings. In the work on the inclusion of parents in the correctional process there is no systematic and planned work, the degree of motivational readiness of parents to participate in the correctional support of children is not taken into account. There is no work to create and accumulate methodological arsenals for parents, in special pre-school organizations there are no methodological funds for covering modern lines of work with families. According to the authors, the quality of the methodical support of the process of preparing the family for corrective activity is important for the resolution of this problem. In the proposed paper theoretical foundations of methodical activity on creation of the system of methodical support of specialists working with children of preschool age with special educational needs are revealed.

Keywords: children with special educational needs, correctional activity, monitoring, methodological support

В связи с реализацией в Республике Казахстан концепции инклюзивного образования все большую актуальность приобретают поиски путей повышения качества дошкольного воспитания и обучения детей с особыми образовательными потребностями. Одно из условий оптимизации коррекционного процесса в специальных дошкольных организациях образования связано с участием в нем родителей детей. Эффективное взаимодействие специалистов и родителей призвано обеспечить непрерывность коррекционной работы и создать благоприятные условия для включения детей в общеобразовательную среду. [1, 2]. Однако, отсутствие на современном этапе эффективной системы научно-методического обеспечения процесса включения родителей детей с особыми потребностями в коррекционную работу противоречит требованиям образовательной политики. Для обеспечения нового качества дошкольной подготовки в организациях специального образования необходимо создание четких и научно обоснованных механизмов обучения и включения в коррекционную работу родителей. Система консультативно-методической поддержки специалистов и родителей будет способствовать развитию устойчивых и непрерывных контактов между ними.

Проведенный мониторинг состояния работы по включению семьи в коррекционный процесс и её методической обеспеченности в реабилитационных центрах и специальных детских садах для детей с нарушениями речи, зрения, слуха, интеллекта выявил существенные недочеты. Специалисты строят работу с семьями в соответствии с собственным видением, опираясь, в основном, на традиционные виды деятельности (родительские собрания, беседы, консультации, предоставление родителям информационных листов и т.п.). В работе по включению родителей в коррекционный процесс отсутствуют систематичность и планомерность, не учитывается степень мотивационной готовности родителей к участию в коррекционной поддержке детей. Не проводится работа по созданию и накоплению методических арсеналов для родителей, в специальных дошкольных организациях отсутствуют методические фонды по освещению современных направлений работы с семьями и др.

Управление инновационными процессами развития специального образования на современном этапе предопределяет появление новых функций специалистов, связанных с созданием системы взаимодействия с семьями детей с особыми потребностями с целью обучения их коррекционным мероприятиям. Однако, очевиден факт, что специалисты затрудняются в выполнении возложенных на них функций, нуждаются в консультативно-методической помощи, в методических материалах, освещающих механизмы включения семьи в коррекционную работу. Сказанное подтверждает необходимость создания научно обоснованных систем методической работы и методического обеспечения. Данный факт становится объективной необходимостью и одновременно важным условием формирования профессионально-методической компетентности специалистов, развития и совершенствования их педагогического мастерства и творчества.

В современных условиях понятие «методическое обеспечение» выражает определенное понимание методической деятельности и представляет собой новый этап её развития. Конечная цель методического обеспечения в специальном образовании заключается в оснащении коррекционной деятельности передовой методикой, технологией, на основе чего возможно обеспечение уровня работы, соответствующего заданным потребностям. Чтобы ответить на

вопрос, каким должно быть научно - методическое обеспечение процесса включения родителей в коррекционную работу, необходимо, чтобы специалисты имели общее представление об этой категории.

В литературе встречаются разные трактовки термина «обеспечение». Обеспечение может рассматриваться как среда, образовательное пространство; обеспечение может быть разных видов: информационно-методическое, учебно-методическое, методическое, научно-методическое и др. Приведенные в качестве примера понятия, несомненно, взаимосвязаны. Суть каждого из них несет в себе развивающий и созидующий потенциал. Так, образовательное пространство определяется как «зона активности и ближайшего развития индивида» (Торхова А.В.). [3]. «Территорией, где существуют источники развивающего влияния, порождаются его факторы, действуют закономерности и принципы, осуществляются различные виды деятельности, реализуются педагогические технологии», называет образовательное пространство Колесникова И. А. [4] и др.

Основываясь на различных подходах к рассмотрению понятий «среда», «образовательное пространство» (Слободчиков В.И., Громько Ю.В., Алисов Е.А., Подымова Л.С., Ясвин В.А. и др.) [5-8], можно утверждать, что только в определенным образом созданной среде, в соответствующем заданным установкам образовательном пространстве, возможно организовать обучающий процесс, реализующий комплекс направляющих, консультативно-методических, образовательных услуг, направленных на осознанное и мотивированное включение родителей детей с особыми потребностями в коррекционную работу.

Понятие «научно-методическое обеспечение процесса включения семьи в коррекционную работу» следует рассматривать как одно из направлений, способствующих, с одной стороны, оказанию помощи специалистам в привлечении родителей к коррекционной поддержке своего ребенка, с другой, подготовке родителей к самостоятельному выполнению коррекционных задач, формированию у них готовности брать на себя ответственность за развитие ребенка. Научно-методическое обеспечение можно рассматривать не только как функцию управленческих структур в области специального образования по методической поддержке специалистов в организации коррекционной работы в целом, а также включении в эту работу родителей, но и как систему подготовки специалистов к непрерывному взаимодействию с родителями детей, совместной коррекционной работе. С позиции личностного подхода назначение научно-методического обеспечения состоит в оказании такой научной, информационной, психологической, методической поддержки специалиста и родителя как субъектов коррекционного процесса, при которой обе стороны становятся на путь личностного развития, саморазвития и самореализации.

Методическое обеспечение должно представлять собой совокупность массивов информации, правил её систематизации и размещения, определения форм подачи (индивидуальное, групповое консультирование, мультимедийные формы, участие родителей в занятиях и др.), должно удовлетворять потребностям пользователей в языковых средствах и интересах, предусматривать диалоговый режим общения, позволяющий обеспечить обратную связь. Методические материалы должны характеризоваться полнотой и достоверностью информации.

Среди критериев разработки методического обеспечения выделим следующие:

- соответствие целей и задач методических разработок;
- адресность, личностнообразность методических материалов (подразумевается учет социального статуса семьи, уровня образованности родителей, их запросов и потребностей и др.);
- системность и планомерность в организации методической поддержки семьи;
- соответствие методических материалов этапам подготовки семьи к участию в коррекционной работе;
- социально-педагогическая и коррекционная значимость методического обеспечения;
- ориентация методической продукции на её самостоятельное использование родителями детей;
- ориентация на результат.

Специалистам важно знать алгоритм подготовки методического обеспечения:

- изучение аудитории (социальный статус, образование, запросы семьи и др.);
- формирование позитивного настроения родителей;
- постановка цели;
- прогнозирование результата и определение путей его достижения;
- разработка структуры и содержания методической продукции;
- определение путей управления, контроля, обратной связи;
- апробация (использование) методической продукции.

Эффективное методическое обеспечение является результатом целенаправленной научно-методической деятельности специалистов по оснащению коррекционной поддержки детей с особыми потребностями методологическими, дидактическими и методическими разработками, отвечающими современным требованиям, и, главное, потребностям практики. Научно-методическая деятельность представляет собой целостную систему мер, основанную на достижениях науки и практики и направленную на всестороннее развитие творческого потенциала специалиста, а в конечном итоге, на повышение качества и эффективности коррекционного процесса за счет включения в него родителей детей.

Конечная цель методического обеспечения участников коррекционной деятельности (специалистов, родителей) состоит в достижении наивысшего уровня коррекционной работы. Реализация конечной цели происходит последовательно с достижением близких и промежуточных целей, предусматривающих обеспечение такого уровня методической продукции, при котором может осуществляться управление процессом развития методики и обеспечиваться постоянное совершенствование практической деятельности специалистов и родителей.

Достижение целей сопровождается решением конкретных задач методического обеспечения:

- постоянное изучение и анализ новейших достижений теории и практики специального образования и распространение позитивного опыта;
- создание оптимальных условий для моделирования, апробирования и внедрения прогрессивных, нестандартных видов методической продукции с учетом запросов и потребностей заказчика коррекционной поддержки (ребенок и его семья);
- создание системы повышения профессионального мастерства специалистов на основе изучения новаторских приемов и методов работы, обмена передовым опытом;
- внедрение системы информационного обеспечения, оснащение практиков и родителей качественными методическими материалами, содействие в обмене передовыми методами между специалистами и организациями специального образования;
- оказание практической помощи специалистам в освоении новых методов, технологий работы с родителями и др.

С точки зрения содержания, методическое обеспечение включает информационные, учебно-методические комплексы, разнообразные методические средства, способствующие более эффективной реализации программно-методической, научно-экспериментальной, воспитательной, организационной деятельности работников системы специального образования. Методическое обеспечение рассматривается как одна из сфер, направлений, функций методического руководства.

Продуктом методической деятельности всегда выступают знания, которые принято называть методическими. Интегрирующим носителем методических идей должен стать специалист. Именно он создает методические знания, разрабатывает рекомендации, систематизирует предметный материал, постоянно обновляет его. Обоснованные, рефлексивно осознанные, упорядоченные методические идеи затем усваиваются родителями и переносятся в конкретную коррекционную деятельность.

Овладеть новыми методическими знаниями специалистам помогут тематические семинары, вебинары, онлайн-консультации, методические рекомендации, освещающие механизмы, технологии, процедуры включения семьи в коррекционный процесс, образцы методических материалов для работы с родителями (программы для родителей, фрагменты занятий с родителями и др.).

Принципы методического обеспечения могут носить управленческий, рекомендательный, консультативный, совещательный характер и др. Субъектно-объектные отношения в методическом обеспечении реализуются в виде рекомендаций, методических советов, пособий, методических памяток, опыта форм и методов работы. Специалистом осуществляется отбор и рациональное использование методик, ведется поиск новых форм, средств деятельности с родителями. Отсюда вытекает необходимость постоянного обращения к теоретическим разработкам, специальной литературе, профессиональной информации.

Специфика научно-методического обеспечения процесса включения семьи в коррекционную работу обусловлена рядом факторов. Среди них: контингент организации специального образования, степень сложности нарушения у каждого конкретного ребенка, статус педагогических кадров и уровень их профессиональной компетентности, социальный статус, личностные особенности, степень мотивационной готовности родителей, привлекаемых к коррекционной работе и др.

Таким образом, обращение к теоретическим аспектам рассматриваемой проблемы позволяет дать характеристику научно-методической деятельности с учетом специфики ее организации на уровне конкретных типов специальных организаций для детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями.

Анализ проблемы с разных позиций дает основание для вывода о том, что научно-методическое оснащение представляет собой совокупность процессов, включающих в себя научную, методическую, информационную, психологическую поддержку, обеспечивающую планомерное и систематическое влияние на повышение уровня подготовки специалистов и родителей, их профессионально-методической компетентности, готовности к решению коррекционных задач.

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011- 2020 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 г., №1118.

2 Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 г.

3 Торхова А.В. Формирование индивидуального стиля педагогической деятельности будущего учителя: теоретический аспект// Монография.- Минск, 2004, 142 с.

4 Колесникова И.А. Теория и практика модульного преобразования воспитательной среды дошкольного учреждения. Учебно-методическое пособие // Под ред. академика РАО З.И.Васильевой.- СПб., 2009.

5 Слободчиков В.И. Инновации в образовании: основания и смысл. Текст // Исследовательская работа школьников,-2004, №2-3, 72 с.

6 Громыко Ю.В. Мыследеятельностная педагогика (теоретико-практическое руководство по освоению высших образцов педагогического искусства).- Минск, 2000.

7 Алисов Е.А., Подымова Л.С. Инновационная образовательная среда как фактор самореализации личности/ СПО.- 2001, №1, с. 61-63.

8 Ясвин В.А. Психолого- проектирование образовательной среды// Дополнительное образование.- 2000, №6, с.16-22.

УДК 376.3

МРНТИ 14.29.31

Макина Л.К.¹, Қуатова Ж.Қ.²

¹психол.ғ.к. доцент

²6M010500-Дефектология мамандығының 2-ші курс магистранты

Zhansaya_28@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму ерекшеліктерінің теориялық негіздері қарастырылған. Аталған тақырып бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектеріне жалпылама шолу жасалды. Шығармашылық қабілеттердің түрлері мен қатар олардың тірек-қимыл аппараты зақымдалған балаларда даму ерекшеліктері туралы ғалымдардың тұжырымдары көрсетілген.

Қабілеттер - бір адамды екінші адамнан ажырататын индивидуалды-психологиялық ерекшелік болып есептеледі. Қабілеттердің ең жарқын көрінісі ретінде ғалымдар шығармашылық қабілетті мойындайды. Шығармашылық қабілеттер тұлғаның әрекетін әр түрлі сапалы етіп жасауды қамтамасыз ететін тұлғаның интегративті психикалық қасиеті. Көптеген ғалымдар шығармашылық қабілеттерді білімді түрлендіретін қабілет ретінде қарастырып, онымен қиялды, елесті, гипотеза мен жаңашылдықты тудыратын ерекшелікпен байланыстырады. Сонымен қатар

шығармашылықты кей жағдайда ғылыми жаңалық тудырады деп түсінсек, басқа тұрғыда шығармашылық тұлғаның жан дүниесін сыртқы ортамен бөлісуі деген тұжырымдар да кездеседі. Тұлғаның дара ерекшеліктері және жеке қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін шығармашылық қырларға мән берудің маңыздылығы көрсетіледі.

Шығармашылық қабілеттердің түрлері мен оларды балаларда дамыту жолдары көрсетілген. Балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, қабілеттерін дамытудың түрлі педагогикалық, психологиялық әдебиеттер іріктеледі. Шығармашылық қабілеттерді тірек-қимыл аппараты зақымдалған балаларда тиімді дамыту жолдары мен тәсілдерін айқындауға бағытталған.

Түйін сөздер: шығармашылық қабілет, тірек-қимыл аппараты зақымдалған бала, тұлғалық ерекшелік.

Макина Л.К.¹, Қуатова Ж.К.²

1канд.психол.наук.доцент

²Магистрант 2-го курса по специальности 6M010500 - Дефектология

Zhansaya_28@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У ДЕТЕЙ С ПОВРЕЖДЕНИЕМ ОПОРНО-ДВИГАТЕЛЬНОГО АППАРАТА

Аннотация

В статье рассмотрены теоретические основы развития творческих способностей детей с повреждением опорно-двигательного аппарата. Был сделан общий обзор работ ученых на эту тему. Показаны выводы ученых о типах творческих способностей и особенностях их развития у детей с повреждением опорно-двигательного аппарата.

Способности - это личные и психологические качества, которые отделяют человека от другого. Ученые выделяют творческую способность как особую из ряда способностей. Творческие способности являются неотъемлемой психологической чертой человека, которые способствуют человеку креативно организовать свою деятельность. Многие ученые рассматривают творчество как способность преобразовать знания, с помощью воображения, представлений, гипотез и новизны. В то время как одни исследователи считают, что творческая способность в любом случае может породить научную новизну, другие ученые считают, что творчество как откровение души «работает» только в социальной среде. Важно придавать значение творческим аспектам, что отвечает закономерностям удовлетворения индивидуальных личностных и личных интересов.

Рассмотрены типы творческих способностей и способы их развития у детей. Сделан обзор различных педагогических и психологических литературных источников о развитии способностей с учетом особенностей развития детей. Рассматриваются эффективные варианты развития творческих способностей у детей с повреждением опорно-двигательного аппарата.

Ключевые слова: творческие способности, дети с повреждением опорно-двигательного аппарата, личностные особенности.

Makina L.K.¹, Kuatova Zh.K.²

¹k.ps.s.docent

²2-nd year graduate student by specialty 6M010500 – Defectology

zhansaya_28@mail.ru

THEORETICAL BASIS OF THE DEVELOPMENT OF CREATIVE ABILITIES OF CHILDREN WITH HURT LOCOMOTIVE APPARATUS

Abstract

The theoretical basis of the development of the creative abilities of children with hurt locomotive apparatus to the are considered in the article. A general review of the works of scientists studied on this topic was made. Was showed conclusions of scientists about the types of creative abilities and features of their development in children with hurt locomotive apparatus.

Abilities are personal and psychological qualities that separate a person from another. Scientists distinguish creative ability as a special one from a number of abilities. Creativity is an integral psychological trait of a person,

which helps a person creatively organize his activities. Many scientists view creativity as the ability to transform knowledge, through imagination, representations, hypotheses and novelty. While researchers believe that creative ability can amaze scientific novelty, in other senses it is believed that creativity as a revelation to the social environment. The importance to attach great importance to creative aspects is the satisfaction of individual personal and personal interests.

Types of creative abilities and ways of their development in children are considered. Various pedagogical and psychological literature on the development of abilities, taking into account the characteristics of children's development, are shown. Effective options for developing creative abilities in children with hurt locomotive apparatus are considered.

Keywords: creative abilities, children with hurt locomotive apparatus, personal characteristics.

6. ҚР БжҒМ «Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар және үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар 2017 ж.
7. Босых В. Г., Павловская Н. Т. Нарушение функции верхних конечностей при спастической диплегии: обследование и коррекция // Коррекционная педагогика. — 2004. — № 1 (3). — с. 52-59.
8. Денисенков А.И., Роберт Н.С., Шницберг И.Л. Иппотерапия: возможности и перспективы реабилитации при детском церебральном параличе. Методические пособия. - М., 2002, 56 с.
9. «Балбұлақ» РОО., «Жылқы - балама медицинаның зоотерапия саласындағы бірден-бір «ақ халатты» абзал жануар.». Айқын» газеті, 28 мамыр, 2011 жыл
10. «Ерекеше шабандоз», Егемен Қазақстан., 12 наурыз, 2014 жыл

Макина Л.К.¹, Уайтова А.С.²

¹ пс.ғ.к.доцент

²6M010500 Дефектология мамандығының 1курс магистранты

akbore.uaitova@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөздік қорын дамытуда ойын технологияларын қолдану ерекшеліктері қарастырылған.

Соңғы жылдары мүмкіндіктері шектеулі балалардың саны күн санап артып келеді. Оның ішінде тіл дамуында әр түрлі дәрежедегі ауытқулары мен тежелістері бар балалар да бар. Логопедиялық қолдаудың негізі – бұл дұрыс таңдалған педагогикалық технологиялар, яғни балада бар тіл дамуындағы ауытқулар мен тежелістерді түзетудің тиімді әдіс-тәсілдері болып табылады.

Ойын- мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті, ойнай отырып ол әлемді, адамдарды таниды, бала дамиды. Заманауи педагогикада баланың сенсорлық, қозғалыстық, интеллектуальдық қабілеттерін дамытатын дамытушы ойындардың көптеген түрлері бар.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуы да ойынға тәуелді. Онымен сөйлеу тілінің функциялары, қарым-қатынас анықталады. Сөйлеу тілін дамытуда ойын әрекетінің барлық түрлері қолданылады.

Ойын- мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөздік қорын қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Оқыту функцияларын қолдануда да ойын сөйлеу тілін дамытудың негізгі құралы ретінде қолданылады. Ол білімді меңгеруде, бекітуде қолданылады. Ойындарды қолдануда балалардың қызығушылығы артады және де оларды қолдану тілдік материалдарды меңгерудің жақсы жолы болып табылады.

Түйін сөздер: жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, ойын технологиясы, сөздік қор.

УДК : 376.3.018.42

МРНТИ:14.29.29

Макина Л.К.¹, Уайтова А.С.²

Иканд. психол.наук, доцент КазНПУ имени Абая

²Магистр 1-го курса по специальности 6M010500 - Дефектология

akbope.uaitova@mail.ru

ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПРОБЛЕМЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ СЛОВАРНОГО ЗАПАСА ДЕТЕЙ С ОНР

Аннотация

В статье рассматриваются особенности использования игровых технологий для развития словарного запаса детей с ОНР. В последние годы увеличивается число детей с особыми потребностями в образовании. Особенно, среди них много детей с нарушениями речи, которым оказывается логопедическая поддержка в разных образовательных организациях. Правильно подобранная педагогическая технология является основой логопедической поддержки.

Игра - основной вид деятельности ребенка в дошкольном возрасте, играя, он познает мир, людей, играя, ребенок развивается. В современной педагогике существует огромное количество развивающих игр, способных развить сенсорные, двигательные, интеллектуальные способности ребенка. В дошкольном возрасте большое значение в речевом развитии детей имеет игра. Ее характером определяются речевые функции, содержание и средства общения. Для речевого развития используются все виды игровой деятельности. Игра является одним из эффективных средств формирования словаря у детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи. Выполняя функцию средства обучения, игра служит одним из основных средств развития речи детей. Она помогает усвоению, закреплению знаний. Использование игры повышает интерес детей к речи, обеспечивает лучшее усвоение речевого материала.

Ключевые слова: общее недоразвитие речи, игровая технология, словарный запас.

Makina L.K.¹, Uaitova.A.S.²

¹k.ps.s.docent

²1-nd year graduate student by specialty 6M010500 – Defectology

akbope.uaitova@mail.ru

THEORETICAL ANALYSIS ON THE USE OF GAMING TECHNOLOGY FOR VOCABULARY DEVELOPMENT OF CHILDREN WITH GUS

Abstract

The article considers peculiarities of the application of gaming technology for vocabulary development of children with ONR.

In recent years, an increasing number of children with special needs in education. Especially, many of them children with speech disorders, who receive speech therapy support in different educational organizations. Properly chosen pedagogical technology is the basis of logopedic support.

The game - the main activity of the child in preschool age, while playing, he learns, people, playing, child develop. In modern pedagogy there is an enormous amount of educational games can develop sensory, motor, and intellectual abilities of the child.

In preschool age is of great importance in speech development of children has a game. Its nature are determined by language functions, content and means of communication. For speech development uses all the types of gambling activities.

The game is one of the effective means of the formation of vocabulary in preschool children with General underdevelopment of speech. Serving as a learning tool, the game is one of the main means of development of speech of children. It helps the absorption, the consolidation of knowledge. The use of games improves the children's interest in speech, provides a better assimilation of the speech material.

Keywords: General underdevelopment of speech, games technology, vocabulary.

«Ойын- баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл- ойдың қалыптасуы мүмкін емес» В.А. Сухомлинский.

Ойын дегеніміз- ұшқын білімге құмарлықпен еліктеудің маздап жанар оты. Баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да оның мәнісі ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Баланың қуанышы мен реніші ойын кезінде анық байқалады, сонымен қатар құрбыларымен тез тіл табысып, жақсы қарым - қатынас жасайды. Ойын – балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, өмірге ең қажет қасиеттерге тәрбиелейді, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Ойын арқылы баланың бойына адамдық қасиеттерімен қатар білімге, өнерге құштарлығы, ұйымдастыру қасиеттері қалыптасады: ойлау, сөздік қор, сауаттылық, тапқырлық, шыдамдылық, өжеттілік, байсалдылық, әдептілік.

Ойын– баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мысалы: кез-келген бала жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды [1].

Ойын - бұл психология және философия сияқты білім беру салаларында егжей – тегжейлі қаралатын феноменді адами оқиға. Педагогикада және білім беру әдістемесінде мектеп жасына дейінгі балалардың ойындарына аса көңіл бөлінеді (Н. А. Короткова, Н. Я. Михайленко, А. И.

Сорокина, Н. Р. Эйгес және басқалары). Бұл – педагогтардың ойынды, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі балалар үшін оқытудың маңызды әдісі ретінде қарастыруымен байланысты.

Біздің замандағы алдыңғы қатарлы ұстаздар (П. П. Блонский, Л. С. Выготский, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин және басқалар) мектеп жасына дейінгі балалардың ойын қызметі бойынша арнайы зерттеулердің бірқатарын жүзеге асырды [2].

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда ойынның педагогикалық мүмкіндіктері туралы Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Р.Оуэн, Ф.Фребель, К.Д.Ушинский, П.Ф.Лесгафт, Л.Н.Толстой, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлиновский ерекше атап өткен. Ойын теориясы мен тәжірбесін жүзеге асыруға көрнекті психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, П.П.Блонский және т.б. үлес қосты. Ойын теориясы мәселесіне неміс ағартушылары Ф.Шиллер, К.Гросс, В.Вундт және ағылшын әлеуметтанушысы Г.Спенсер ерекше ден қойды. Оқытудың құралы ретінде дидактикалық ойындарды пайдалану әдіскер ғалымдардың еңбектерінде де көп айтылды (М.И.Микитинская, Т.К.Жикалкина, т.б.).

ССРО-дағы жалпы ойын терапиясы Г.В. Плеханов, Н.К. Крупская, А.С. Макаренко сынды атақты ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Ойындарды ғылыми түрде зерттеу ісі П.П.Блонский, С.П.Шацкий, В.Г.Марц, В.А. Сухомлиновский, В.Г. Яковлев, Т.Е. Конников, Э.В.Яновскаялар сияқты ғалымдардың да назарын аударды [3].

Мектепке дейінгі балалардың ойындарына да көптеген еңбектер арналған. Бір тобы рольдік, шығармашылық ойындардың теориясын зерттеген Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Лернтьев, А.И.Фрадкина, А.П. Усова, Д.Б.Эльконин, Р.И.Жуковская, Т.А.Маркова т.б. келесілері педагогикалық процесстерде дидактикалық және қозғалыс ойындарының ерекшеліктері, алатын орны және маңызына тоқталған, ал үшінші бір тобы балалардың көркем сурет тәрбиесіндегі ойынның маңызын анықтауға бағытталған.

Мектептерде қозғалыс ойындарын пайдалану жолдары жөнінде Л.В. Былеева, М.В. Лейкина, П.А. Рудик т.б. ғалымдар айналысқан. С.Г. Гагиев осетия халықтарының ойындарын жинақтаған, О.В. Вахания-абхаз, Г.Г. Агаева- азербайжан, А.К. Атаев- өзбек, А. Бриедис- латыш халық ойындарын зерттеп, оларды дене тәрбиесінің сапасын жақсарту жолында пайдалануға ұсынған. Халықтық ойындар мен жаттығуларды Т.Ж. Бекбатчаев зерттеген. Э.Ф. Контаутене халық ойындары мен оның педагогикалық маңызын, Г.Н. Гришина халық ойындарын ата-аналар мен оның балалар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру, Е.А.Селацкая дидактикалық ойындарды балалардың таным процесін белсенді дамытатын құрал ретінде, Е.Сағындықов қазақ мектептерінің 1-6 сынып оқушыларымен оқу-тәрбие жұмыстарында халық ойындарын пайдалану бағытында еңбек еткен.

Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесінде ойындардың алатын орны жайлы қазақ арасынан тұңғыш еңбек жазғандардың бірі педагог Н.С.Құлжанова болды.

Мектеп жасына дейінгі балаларда ойын –негізгі іс қимыл түрі. М.Горький «Ойын арқылы бала дүниені таниды»-дейді. Бала ойын арқылы ересектерге еліктейді, олардың іс-әрекетін, қарым-қатынастарын үйренеді. Зейін, ес қиял сияқты психикалық процестер қалыптасып, сөйлеу тілі дамиды. Сана-сезімі, еркі, өзін-өзі бақылау қасиеттері жетіледі. Атақты психолог Л.С. Выготскийдің айтуынша «Бала ойын үстінде өзінің дәл жасынан анағұрылым ересек көрінеді». Сондықтан да Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин сынды ғалымдар, сондай-ақ шетел зерттеушілері «Ойын-баланың өзіндік өмірі» деген ортақ қорытындыға тоқтайды [4].

Дарынды кеңес педагогы А.С. Макаренко еңбектерінде бала ойынының теориялық мәселелері практикалық дәлел алады. Ол жақсы, жағымды және жағымсыз ойындар жөнінде

ойларын ортаға салды. А.С. Макаренко былай деп жазды: «Үлкендерге қызмет, жұмыс, іс-әрекет қалай әсер етсе, бала өміріне ойын нақ солай әсер етеді. Бала ойын үстінде қандай болса, кейін өскенде жұмыста негізінен сондай болады. Сондықтан болашақ азаматты тәрбиелеу ісі бәрінен бұрын ойын үстінде жүзеге асады».

Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде бала ойыны жайлы: «Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Айналасындағы тұрмыста нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреу ат болып қашады, біреуі құрық салады».

Ойын- баланың тілінің дамуына қатты әсер етеді. Әр ойын жағдайы, сол ойынға қатысатын баладан сөйлеу арқылы тілінің даму деңгейін талап етеді. Бала ойынға байланысты өзіне тиісті рольге қатысты ойын анық, нақты сөз арқылы айта алмаса, құрбыларының нұсқауларын түсінбесе, ол құрдастарының ойдағыдай ойнауына кері ықпал етеді. Міне сол үшін баланың ойын әрекетіндегі әрбір сөзді айқын айтуы, өз ойын жеткізуге құмарлығы баланың тілінің дамуы үшін үлкен стимул болады [5].

Мектепке дейінгі баланың ойыны оның еңбекке даярлығы болып табылады. А.С.Макаренко: «Ойын әрекетінде болашақ жұмысшы мен азаматтық қасиеттері дамиды, сонымен қатар ойын балалардың бір –бірімен қатынас жасауының мектебі болады. Ойын ұжымы- бала басқа балалармен қарым-қатынасқа түсетін, сол топтың тәртіптерін қатаң сақтауға міндетті алғашқы ұжым болады».

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың мінез құлқындағы кемшіліктерді түзету, орнына келтіру, дамыту – педагогика жүйесіндегі балаларды оқыту мен дамытудың маңызды құралдас бөлігі болып табылады. Ол үшін оқу үрдісін жаңартып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кеңінен қолдана сабақты түрлендіре отудің маңызы зор. Сол технологиялардың бірі-педагогикалық ойындар. Педагогикалық ойындар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Ойын оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, есту, қабылдау сезімдерінің жетілуіне, кез-келген нәрсеге мән бере қарауға, абайлау, бағдарлау, тағы басқа дағдыларының ұштала түсуіне себепкер болады. Педагогикалық ойындардың түрлері көп. Олар: іскерлік, интеллектуалдық, сюжеттік, рөлдік, драматизациялық, дидактикалық тағы басқалары. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында ұтқырлық пен тапқырлық танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады [6].

Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу - жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілге деген қызығушылығын қалыптастыру және сөздік қорын дамытуға болады. Әр сабақтың тақырыбына сай ойындарды пайдаланып отыру оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын, ынтасы мен зейінін арттырады. Басты мақсат – ойын әрекеттері арқылы тілдік материалдарды меңгертіп, сөздік қорды молайтып, тілдесім әрекетіне жетелеу.

Баланың сөздік қорын молайтып, жаңа сөздерді меңгеруде шешуші роль атқаратын жұмыстың бірі – сөздік жұмысы. Осы сөздік жұмысты жүргізуде, бекітуде, оны практикалық қолдана білуде ойынның атқаратын ролі ерекше. Бала ойнай отырып, тілдік материалды меңгеру

мақсатында сөздерді жаттайды. Сабақ баланың ақыл – ойына күш түсірмей, ойын түрінде өткізіледі. Балалардың логикалық ақыл – ойын, эмоциялық еркін, зейінін, ынтасын дидактикалық ойындар арқылы арттыру барысында ойындарды түрлендіріп, күрделендіріп отыруға болады. Ойынның әр түріне уақыт саналы түрде бөлінуі қажет. Бұл – сабақтың тартымды, қызықты болуының шарты, әрі балалар ондай сабақты зейін қоя тез ұғып алады. Ойындар грамматикалық, фонетикалық, лексикалық, орфографиялық болады. Олардың барлығы тілдік дағдының қалыптасуына әсер етеді.

Сабақта грамматикалық ойын түрлерін, дыбыстарды меңгерту мақсатында жиі қолдануға болады. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі мәліметтерді алып, шеберліктерін шындайды. Қазақ тілінің фонетика саласын оқытқанда әрбір жаңа тақырыпты өткізу барысында тақырыпқа сай әр түрлі әдіс – тәсілдермен шеберлікпен грамматикалық ойындарды ойнатуға болады. Фонетика саласы бойынша жүргізуге болатын ойын түрлері өте көп [7].

Жалпы мектепте балалар сабақта аса зор ынтамен ойнайды, олар ешқашан шаршамайды, тіпті уақыттың қалай өткенін де байқамай қалады. Ойын оқушының жеке ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді, мысалы, өзара көмек, бірін - бірі қолдау, жолдастық сезім, сондай - ақ бірқатар психикалық үдерістердің: есте сақтау, ойлау, көңіл бөлу, сөйлеу, пайымдау т. б. дамуына әсер етеді. Ойын төменгі сынып оқушыларының топта жұмыс істеу арқылы ұжымдасуына көп көмегін тигізеді. Егер ойын сабақтың басында өткізілсе, балалар қалған уақытта тамаша жұмыс істейді, нашар оқушылар жеткілікті дәрежеде белсенділік танытады, сабақтың ортасында да, соңында да сабаққа қызығушылығы артып, назар аударуы жоғарлайды.

Қорыта келгенде, балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, өнерге, шығармашылыққа деген қызығушылықтары артады, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Швайко Г.С. *Игры и игровые упражнения для развития речи: Книга для воспитателя детского сада* / М.: Просвещение, 2008
2. Гринченко И.С. *Игра в теории, обучении, воспитании и коррекционной работе. Учебно-методическое пособие.* – М.: ЦГЛ, 2002. – 80с.
3. Р.А. Сулейменов. *Игровые методы в обучении детей дошкольного возраста.* – Алматы: Жан, 2007. – 80 с.
4. Г
воздев А.Н. *Вопросы изучения детской речи* – М: Издательство Академ пед.наук РСФСР, 2001 – 219 б.
5. Филочева Т.Б. *Устранение недоразвития речи у детей дошкольного возраста: практ. пособие / Т.Б.Филочева, Г.В. Чиркина.* – 4-е изд. – М.: Айрис-пресс, 2007.
6. Ю.Ф. Гаркуши. Секачев В.Ю /*Коррекционно-педагогическая работа в дошкольных учреждениях для детей с нарушениями речи.*, М.:2000.
7. Г.С.Оразаева/ *Коррекционные логопедические игры в работе с детьми дошкольного возраста с нарушениями речи/ Казахский национальный педагогический университет имени Абая Вестник. Серия «Специальная педагогика» № 1 (16) Алматы, 2009*

УДК: 373.3-056.262

МРНТИ:

Аутаева А.Н.¹, Абдимажитова Д.Е.²

¹Ғылыми жетекшісі, Арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.с.ғ.к., доцент,

akbota-n@mail.ru

²6M010500 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты

dinara.abd95@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАМУЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада көру қабілеті бұзылған балалардың эмоционалдық даму мәселелері қарастырылған. Арнайы әдебиеттерді жүйелі түрде талдау көру қабілеті бұзылған балалардағы эмоционалдық жағдайларды эксперименталды зерттеу нәтижелерінің толық бейнесін берді. Шын мәнінде, кіші мектеп жасындағы балалардың сезінуінде эмоция құрылымымен қатар, сапасында да өзгерістер болып жатады.

Мақалада қарастырылған зерттеулер көрсеткендей, көру қабілетінің бұзылуы сезімдік танымның көлемін айтарлықтай қысқартады, эмоциялар мен сезімдердің жалпы қасиеттеріне, олардың өмірге деген маңыздылығына әсер етеді. Көру қабілетінің бұзылысы баланың жеке қасиеттерінің дамуына да әсерін тигізді. Балалар өздерін жиі өздерін пайдасыз және жалғыз сезінеді, ал бұл жағдай интеллектуалды дамудың баяулауына алып келді.

Көру қабілеті бұзылған балалардың эмоцияларын дамыту бірқатар сипаттамаларға ие: теріс эмоциялардың басым болуы, алаңдаушылық, жалғыздық, қорқынышты күшейту. Сонымен қатар, көру қабілеті бұзылған балаларда өзіндік қабылдау мен көрнекі-сезімдік бейнені құруда компенсаторлық дағдыларды меңгеруінің жетіспеушілігі байқалады, бұл өз кезегінде эмоционалды тәжірибені жетілдіруге алып келеді.

Демек, көру қабілеті бұзылған балалардағы жеке және эмоционалды даму ерекшеліктеріне ерте көмек көрсету және оларға психологиялық-түзету жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы мәселені көтерді.

Түйін сөздер: көру қабілеті бұзылған балалар, эмоция, теріс эмоциялар.

Аутаева А.Н.¹, Абдимажитова Д.Е.²

¹Научный руководитель, Заведующая кафедры специальной педагогики, к.псих.наук, доцент

akbota-n@mail.ru

²6M010500 – магистрант 2 курса по специальности Дефектология

dinara.abd95@mail.ru

КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ЗРЕНИЯ НАЧАЛЬНОГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Данная статья раскрывает проблемы эмоционального развития детей с нарушениями зрения. Систематизированный анализ специальной литературы дает комплексное представление о результатах экспериментального изучения эмоциональных состояний у детей с нарушением зрения. Достоверно, что на протяжении младшего школьного возраста происходят изменения как в самой структуре эмоций, так и в качестве, глубине осознания их детьми.

В настоящей статье продемонстрировано, что нарушение зрения значительно сужая сферу чувственного познания, влияет на общие качества эмоций и чувств, их значение для жизнедеятельности. Нарушение зрения детей влияет и на формирование личностных качества ребенка. Часто дети чувствуют себя обреченными и бесполезными, а это угнетенное состояние приводит к замедлению интеллектуального роста.

Развитие эмоций у детей с нарушением зрения имеет ряд особенностей: преобладание отрицательных эмоций, повышенная тревожность, одиночество, страхи. Кроме того, у детей со зрительным дефектом наблюдается своеобразие восприятия и недостаточность овладения компенсаторными навыками по созданию наглядно-чувственного образа, приводящие в свою очередь, к обеднению эмоционального опыта.

Следовательно, особенности личностного и эмоционального развития у детей со зрительным дефектом ставят вопрос о необходимости оказания им возможно ранней помощи и проведения с ними психокоррекционной работы.

Ключевые слова: дети с нарушением зрения, эмоция, негативные эмоции.

Autaeva A.N.¹, Abdimazhitova D.E.²

¹ Scientific director, Head of the Department of Special Pedagogy, Candidate of Psychological Sciences, assistant professor

akbota-n@mail.ru

² 2-nd year graduate student by specialty 6M010500 – Defectology

dinara.abd95@mail.ru

FEATURES OF THE EMOTIONAL DEVELOPMENT OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN WITH VISUAL IMPAIRMENT

Abstract

This article reveals the problems of emotional development of children with visual impairments. A systematic analysis of specialized literature provides a comprehensive picture of the results of an experimental study of emotional states in children with visual impairment. It is true that during the younger school age changes occur both in the structure of emotions and in quality, the depth of awareness of their children.

In this article, it is demonstrated that the studies reviewed show that visual impairment significantly narrowing the scope of sensory cognition, affects the general qualities of emotions and feelings, their importance for life. Infringement of sight of children influences and formation of personal qualities of the child. Often children feel doomed and useless, and this oppressed state leads to a slowdown in intellectual growth.

The development of emotions in children with visual impairment has a number of characteristics: the predominance of negative emotions, increased anxiety, loneliness, fears. In addition, children with a visual defect have a unique perception and lack of mastery of compensatory skills to create a visual-sensory image, which in turn leads to impoverishment of emotional experience.

Consequently, the peculiarities of personal and emotional development in children with visual defect raise the question of the need to provide them with possible early help and conduct psychocorrectional work with them.

Key words: children with visual impairment, emotion, negative emotions.

Мектептегі кезең – балалар тарапынан ересектермен қарым-қатынас пен іс-әрекет барысында іс-әрекет нормалары мен ережелерін қарқынды меңгере бастап, нәтижесінде әлеуметтік тәжірибесі жинақталып, жағымды немесе жағымсыз толғаныстары туындап, әрекет пен іс-әрекетінің қарапайым әлеуметтік мотивтері қалыптаса бастайтын кезең болып саналады. Осы кезеңде сонымен қатар балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынас формалары мен күрделі іс-әрекет түрлері де қалыптаса бастап, баланың эмоционалды сферасында күрделі, терең өзгерістер де байқала бастайды. Адам баласының эмоционалды жағдайын дұрыс түсіну адекватты тұлға аралық қарым-қатынастарды қалыптастыру үшін өте маңызды, себебі, өзіндік жеке эмоциясын меңгере отырып, оларды реттеп, өзгелерге ықпал ету де маңызды. Сезім мен эмоцияларды түсіну көркем әдебиеттер мен көркем фильмдерді, театрлық қойылымдарды жақсы түсінуге ықпал етіп, ең алдымен балалардың сезім әлемі туралы білімдерін кеңейтеді.

Эмоция ол ерте жаста, бала ересектермен қатынасқа түсе бастағаннан бастап туындай бастап, қарым-қатынас алдыңғы қатарлы іс-әрекетке айналады. Бала өмірінің алғашқы жылдары балада ересек адамға әрекеттің белсенді бейімділігі туындап, жандану кешені алғашқы әлеуметтік эмоционалдық реакция ретінде баланың қоршаған ортамен

қарым-қатынасының сызықтық дамуының көрсеткіші болып, одан да күрделі әлеуметтік эмоциялар мен адамгершілік бейімділіктерінің ары қарай қалыптасуының негізі болады.

Эмоционалды даму эмоциялар туралы түсініктердің қалыптасуын болжап, оның құрамына эмоцияның сыртқы көріністері, олардың түрлі жағдайлардағы түсінулері мен толқулары жатады. Балалардың эмоционалды сферасының дамуын зерттей отырып, С.Л. Рубейнштейн (1946), К.В. Шулейкина (1971) т.б адам баласында эмоциялар туғанға дейін пайда болатындығын атап өткен. Соның ішінде қанағаттанушылық пен қанағаттанбайшылық реакциялары тіпті 5-6 айлық ұрықта пайда болатындығын айтқан. К. Изард онтогенез барысында қарым-қатынас құралы ретінде эмоционалды экспрессивті қолдану қабілеттілігі дамып, сонымен қоса бет келбетінен эмоцияны танудың жақсаратындығын көрсеткен.

Баланың жеке басын қалыптастыру, өзі өмір сүрген қоғамнан, басқа адамдармен қарым-қатынастан қалыптасқан қарым-қатынастар жүйесінен бөлек қарастырылмайды. Бала арасындағы қарым-қатынастың сипаты оның дамуына, тәрбиесіне, жеке басының қалыптасуына әсер етеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста баланың - эмоционалды және ерікті қасиеттер, интеллектуалды қабілеттер, үйренген нормалар мен мінез-құлық ережелері секілді, тұлға ретінде дара қасиеттері көріне бастайды. Л.И. Божович, Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин және т.б. отандық ғалымдардың зерттеулерінде баланың психикалық денсаулығы оның эмоционалды әл ауқатымен анықталатындығын көрсетеді.

Эмоциялардың ерікті түрде реттелуі қиын, өз қалауымен шақырту да мүмкін емес. Эмоциялық процесстің үш негізгі компоненті бар:

Біріншісі - эмоционалды толқу, ол ағзадағы жүйелі өзгерістерді айқындайды. Кез-келген жағдайда, көру қабілеті бұзылған балалар үшін маңызды оқиға болып жатса, мұндай оқиға эмоционалды процесс түрінде белгіленсе, қозуының жылдамдығы, психикалық және вегетативтік процестердің қарқындылығы жоғарылай түседі. Кейбір жағдайларда, мұндай оқиғалардың әсерінен, қозғыштық керісінше төмендеуі мүмкін.

Екінші компонент - эмоцияны бақылау дәрежесі. Күшті эмоционалды қозудың екі жағдайын бөліп көрсету керек: күйі (қорқыныш, ашу, қуаныш) бағдарлау мен өз өзін бақылау сақталынады, және шамадан тыс қозу (қобалжу, қасірет, құтыру, жалпы үмітсіздік) бағдарлау және өз өзін бақылау іс жүзінде мүмкін болмаған кезде.

Үшінші компонент - бұл эмоцияның белгісі: оң эмоция жағымды оқиғамен бағаланған кезде, теріс - жағымсыз деп бағаланған кезде пайда болады.

Баланың эмоцияларының арасында оң эмоциялар ғана емес, жалпы психологиялық көңіл-күйіне және оның қызметіне, оған қоса білім алуына да әсер ететін теріс эмоциялар жиі маңызды орын алады. Соның ішінде теріс эмоционалды жағдайлар адамның өмірлік күйін төмендетеді және адамның жеке қарым-қатынастарында үзіліспен сипатталатын адамның эмоционалды бөлімі болуының себебі болып табылады. Зерттеушілер атап өткендей, соңғы жылдары психоэмоционалды дамуында бұзылысы бар балалар саны артып келеді, олардың эмоционалды тұрақсыздығы, дұшпандылық, агрессивтілік, алаңдаушылық белгілері басқалармен қарым-қатынаста қиындықтарға алып келеді. Сондай-ақ, зерттеу деректері, көру қабілетінің бұзылуы сенсорлық танымның көлемін едәуір қысқартады, эмоциялар мен сезімдердің жалпы қасиеттеріне, олардың өмірге деген маңыздылығына әсер ететінін көрсетеді. Балалардың көру қабілетінің бұзылуы адамның жеке қасиеттерінің қалыптасуына да әсерін тигізеді. Балалар өздерін жиі пайдасыз сезінеді, ал бұл қысым олардың интеллектуалды өсуін баяулатады. Теріс эмоциялар мен сезімдердің дамуының (эгоизм, жаңашылдық сезімінің жоқтығы, жеккөрушілік сезім, негативизм) бірден бір себебі көрмейтін балаға жеткіліксіз тәрбие (гиперопека) мен қатынас жасауында екенін тифлопсихологтар атап көрсеткен.

Қазіргі әлеуметтік жағдай әрдайым бастауыш сынып оқушыларының, әсіресе, көру қабілеті бұзылған балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеспейді, олар қоршаған әлемнің жағымды эмоционалды тәжірибелерін жарқын әсерлерімен байытуға

ықпал етеді. Осы санаттағы балаларға қатысты көптеген құбылыстар мен оқиғалар, олардың жүректерінде өшпес із қалдырады, мұғалімдер мен ата-аналар байқамайды; ересектер әрқашан олардың проблемаларын және айналасындағы әлемдегі бағдарлау қиындықтарын түсінбейді. Осыған байланысты балалардың эмоционалдық дамуы, агрессия көріністері, алаңдаушылық, эгоцентризм, басқалармен сүйеге және өзгелерге мейірімділікке жол бермеудің әртүрлі ауытқуларының жағдайлары жиі кездеседі. Балалардың бұл тобы үшін эмоционалдық тұрақсыздық, көңіл-күйдің ауытқуы, теріс эмоциялардың басым болуы, алаңдаушылық тудырады және нәтижесінде осы топқа моральдық-этикалық саланы қалыптастырудағы жалғыздық, қорқыныш, проблемалар, әлеуметтік эмоциялар саласы тән. Көру қабілеті бұзылған баланың эмоционалды өмірі эмоционалдық тәжірибенің алғашқы кезектегі кезеңін келесі жас кезеңдерінде толықтыра алмайды. Көру қабілеті бұзылған балалар мектепке келісімен, аффективті дамуына сезімталдығын, эмоционалды сезімталдық және жалпы әлемді сезіну қабілетін жоғалтады [11].

Көрмеушілік пен нашар көрушілік айқын эмоцияға, сезім дамуына өзінше әсер етеді. Яғни, жағымды және жағымсыз эмоциялар дәрежесі өзгереді. Ең басты нәрсе- көру қабілетінің күрт төмендеуі немесе мүлдем жоғалу қаупі. Бұл кезеңде, стресс күйі пайда болады. Соматикалық әлсіздікпен қосылған ашушандық, күйгелектік, мінез- құлықтағы күрт өзгерістер пайда болады. Эмоционалды реакциялар көбіне, адамдардың мінез-құлқына, ерік- жігер саласына кері әсер етеді.

Тифлопсихологиялық әдебиетте, көру қабілеті бұзылған балалардың эмоционалды күйлері мен сезімдері туралы, негізінен бақылау арқылы алынған мәліметтерден табылады (А.Крогиус, Ф.Цех, К.Бюркли). Адамның эмоциясы мен сезімдері, оның нақты объектілер мен субъектілерге көзқарасын білдіретіндіктен, көру бұзылуының әсерінен, өзгеріске ұшырамай тұрмайды. Себебі, көру бұзылуында адамдардың сезімдік таным саласы тарылады, қажеттіліктері мен қызығушылықтары өзгереді. Көру қабілеті бұзылған балалардың эмоциясы мен сезімдер жиынтығы олардың көрінісі сауадамдағыдай болады, тек олардың даму дәрежесі мен деңгейі өзгешерек болуы мүмкін. Ауыр эмоционалды күйлердің пайда болуына, соқыр адамдардың сау адамдардан айырмашылығын түсінуі себеп болады (4- 5 жаста). Жасөспірімдік шақта, олар өздерінің кемістігін тереңірек түсінеді, уайымға беріледі, мамандық таңдауда, отбасын құруда, өмірлік серігін таңдаудағы шектелуді саналы сезінеді.

Көру қабілеті зақымдалған балалардың адамдармен, қоғаммен, заттармен қарым-қатынасындағы эмоцияларын көрсетуінде сәтсіздіктер байқалады. Нашар көретін балалар мен көрмейтін балалардың эмоционалды қатынастарын, түрлі өмірлік жағдаяттарда салыстырғанда, кейінгілердің анағұрлым сезімтал екендігі анықталады. Сонымен қатар, нашар көретін балалар, тотальды соқыр балалармен салыстырғанда, көбірек эмоционалдылық пен алаңдаушылық танытады. Тағы бір дерек, мектеп- интернатта тұратын балалар, отбасында тұратын балалармен салыстырғанда, өзін- өзі бағалауда, өз мүмкіндіктеріне сенімсіздік танытқан. Бұл көру қабілеті бұзылған балалардың эмоциялары мен сезімдерінің дамуында, әлеуметтік орта мен адекватты жағдайлардың маңызды рөл атқаратындығын дәлелдейді: соқыр бала, қоғам мен өз өміріндегі коррекциялық- педагогикалық жағдайлардың ұйымдастырылуына тәуелді. Сондай- ақ, көру қабілеті зақымдалған балаларға белгісіз, көрмеген, қауіпті кеңістік алдындағы қорқыныш сезімі тән. Бірақ бұл қорқыныш тек ата- аналардың қате үйретуімен, баланың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға талпыныстарының сәтсіз аяқталуымен пайда болады. Бұл жағдай, тірі объектілермен танысуға қатысты, тірі объектілерді тексеру қорқынышы мен қауіпін жою, тек танымдық қызығушылықтар мен танымдық қажеттіліктерді дамытуды, дұрыс жолмен жүргізсе ғана мүмкін болады [10].

Көру қабілеті зақымдалғандарды қалыпты адамдармен салыстырғанда, эмоционалды күйлері аз, олар байсалды, сабырлы, болады деген қате ұғым қалыптасқан. Бұл олардың мимикасында, ымдау белгілері мен дене күйлерінде, ішкі күйлердің көрініс бермеуімен

түсіндіріледі. Бірақ, олардың сөйлеудегі екпін мен әуезден, ішкі күйлерін айқын ұғуға болады. Көру қабілеті зақымдалғандардың өзге адамдардың эмоцияларын, дауысынан, дауыс қарқынынан, екпінінен, сөйлеудің басқа экспрессивті белгілерінен ажыратулары, көрмейтіндердің айтушы эмоциясын анағұрлым анық, дәл қабылдай алатындығын дәлелдейді. Өзгелердің эмоционалды күйлерін бағалай отырып, олар сөйлеуші адамның белсенділік, алаңдаушылық, доминанттық тәрізді, тұлғалық сапаларын адекватты бағалайды.

Көру қабілетінен айырылған адамдардың қоршаған ортамен қарым- қатынасының шектелуі, тұйықтыққа, қарым- қатынасты қажетсінебуге, дөрекілікке, өз қиялында өмір сүруге мәжбүр етеді. Бұл аталған ерекшеліктер, нағыз кемістікпен тікелей емес, жанама байланысты. Сондықтан, жеке тұлғаның дамуына, қалыптасуына, негізінен, әлеуметтік факторлар әсер етеді. Олардың әсері, кемістіктің пайда болу уақытына, тереңдігіне байланысты емес. Оқыту мен тәрбиелеудің дұрыс ұйымдастырылған жағдайында, баланы шамасы келетін іс-әрекетке араластырғанда, оның әрекеттену талабы пайда болғанда ғана, көру анализаторының кемістігі сезілмейді.

Көз жанарын жоғалту, баланың эмоционалды- ерікті саласындағы, мінез- құлқында, түйсігінде, сезім тәжірибесінде өзіндік ерекшеліктер қалыптастырады. Оларда ойын, оқу, кәсіби әрекеттер барысында, қиындықтар туындайды. Өскен сайын, тұрмыстық мәселелер көптеп пайда болады, олар күйзеліс, уайым сияқты кері реакцияларға себеп болады.

Л.И. Плаксина В.З.Денскина, В.А Феоктистованың зерттеулері мен тәжірибесі бойынша, балалардың көру патологиясы болуының себебінен эмоционалдық дамудың кейбір ерекшеліктері байқалуы мүмкін:

- Жалпы түсініктің жеткіліксіздігі, эмоционалды құбылыстар мен басқа адамдардың жағдайларын түсіну;
- эмоциялардың дұрыс түсіндірілмеуі, эмоциялар туралы білімі жетіспеуі;
- көру қабілеті бұзылған балалардың басқа адамдардың ішкі әлемі жайлы ойдың қалыптаспауы;
- жағымсыз рефлексияның болуы (сенімсіздік, алаңдаушылық). [9]

Көру қабілеті бұзылған балалардың жеке тұлғалық даму ерекшелігі туралы, жоғарыда келтірілген деректер, оларға ерте көмек беру мәселесін алға қояды. Олардың жеке тұлғалық дамуы белсенді қалыптаса бастаған кезеңде, қажетті реабилитациялық жұмыстар жүргізу, теріс өзгерістердің алдын- алу жұмыстарын жүргізу керек. Әлеуметтік-психологиялық реабилитацияның ең шешуші кезеңі, мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдық орнын қалпына келтіру кезеңі, яғни, ұжымдағы алатын орыны мен тәрбиесі. Сонымен бірге қоғамдық ортаның тифлологиялық білімнен хабардар болуы, көретін адамдар ортасының, оларға түсіністікпен қарауы,реабилитациялық жұмыстың тиімділігіне кепілдік береді.

Н.Н. Будаев көру қабілеті мен есту қабілеті бұзылысы бар балалар мен қалыпты балаларды дифференциациялауда ескере отырып, көру қабілеті бұзылған балаларда келесідей ерекшеліктері бар: балаларда алаңдаушылық деңгейі өте жоғары, балалардың эмоционалды ерік сферасының нашар дамуы, эмоцияны мимикасымен байланыстыра алмауы, эмоциясын жеткізуінде құзыреттілігінің жеткіліксіздігі, басқа адамдардың эмоцияларының мимикалық көріністерін нашар түсінуі, жеткіліксіз немесе нашар дамыған рефлексия [1].

Е. П. Ермаков көру қабілеті бұзылған балалардың эмоционалды күйзелісі туралы түсінігін қарастыра отырып, оны әртүрлі әлеуметтік жағдайлардағы денсаулықтың теріс жағдайы ретінде анықтайды. Е. Ермаков құрбыларымен және басқа да балалармен қарым-қатынаста қиындықтармен байланысты болатын эмоционалды күйзеліс мінез-құлықтың екі түріне әкелуі мүмкін екенін атап өтеді.

Бірінші топқа көру қабілеті бұзылған тұрақсыз, жеңіл қозғыш балалар жатады; эмоцияны басқара алмау, оның қызметінің бұзылысына алып келеді. Құрдастарымен дау дамай туындаған жағдайда бұл категориядағы балалардың эмоциясы жиі аффект түрінде

көрінеді: ашулану, реніш, жиі көздеріне жаса алуы, дөрекілік, ұрыстар. Вегетативті өзгерістер көрінеді: терінің қызаруы, терлеу және т.б. Теріс эмоционалды реакциялар: тез ашуланып, тез басылады.

Екінші топ коммуникацияға тұрақты теріс қатынасы бар көру қабілеті бұзылған балалардан тұрады. Оларда реніш, қанағаттанбаушылық, ұнатпау естерінде ұзаққа дейін сақталады, бірақ оларды көрсетуде балалар ұстамды болып келеді. Мұндай балалар оқшаулануымен сипатталады, олар қарым-қатынасқа түсуден қашады. Эмоционалды күйзеліс жиі балабақшаға бармау, тәрбиелеушілерінің немесе құрдастарының қарым-қатынасына қанағаттанбаушылықпен ұштасады [3].

Махортова Г.Х. бірқатар зерттеулер жүргізе отырып, отбасылық қарым-қатынас сипаты мен балалардың эмоционалды алаңдаушылық деңгейінің қарқындылығы арасында тәуелділік бар деп қорытынды жасады. Жоғары және жоғары эмоционалды шиеленіс аймақтарында, өз кезегінде, баланың үйлесімді даму үдерісінің бағытын өзгертеді. Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, эмоционалдық шиеленістің күшеюі бар балаларда құрдастарымен, басқа да адамдармен қарым-қатынаста қиындықтар бар. Олар жалғыздықты ұалайды, жиі жанжалдасады, сабақта шашыраңқы отырады [6].

Е. Гаспарова эмоционалды күйзелісті тудыратын негізгі себеп - баланың жеке ерекшеліктері, оның ішкі әлемінің ерекшелігі екенін атап көрсетті: әсер ету қабілеті, сезімталдық, қорқынышқа әкеледі [2].

А.И. Захаров ересектердің қатаң ұстанымы және білім берудің жеткіліксіз құралы, жүйке жүйесінің асқынуына алып келеді және қорқыныш пайда болуы үшін негіз қалыптастырады деп есептейді. Мұндай құралдарға ол қауіп-қатер, ауыр немесе дене жазасы, қозғалыстың жасанды шектеулері, көру қабілеті бұзылған баланың мүдделері мен тілектерін елемеу және т.б. жатқызады. Захаровтың айтуы бойынша, баланы тұрақты қорқыту, баланың әлсіз болуына, ойлау қабілетін жоғалтуына, эмоционалды жайсыздықты бастан кешіруіне алып келеді [4].

Көптеген зерттеушілердің ойынша, көру қабілеті бұзылған балаларда алаңдаушылық жоғары деңгейде байқалады. И.П. Подласый ғалымдардың қорытындыларына назар аударады, алаңдаушылықты жоғарылауы артық қажеттіліктен туады, яғни қалыпты дамып келе жатқан балаға қажет емес қорғаушы механизмдердің болуы. Автор, көру қабілеті бұзылған балаларда алаңдаушылықтың келесідей жалпы белгілерін көрсетті:

- қозу, кернеу, көп сөйлемей;
- барлық жаңа және ерекше заттан қорқу
- өзіне деген сенімсіздік, өзін-өзі төмен бағалау;
- келеңсіз жағдайлар мен сәтсіздікті күту;
- ұрыс естімеу үшін, жұмысты барынша жақсы істеу
- бастаманың болмауы, пассивтілік;
- жақсыдан гөрі, жаманды есте сақтауға бейімділік;
- жаңа адамдармен қарым қатынастан қорқу;
- өз сезімдеріне ие бола алмауы [7].

Психологтардың пікірінше, көру қабілеті бұзылған балалар үшін эмоционалды жағдайдағы жүйеде маңызды орын - кінә, қорқыныш, реніш секілді эмоциялар. Көпшілігінде олар басқа адамдармен, оның ішінде қарама-қарсы жыныстың өкілдерімен сөйлесудің «әлеуметтік қорқыныштарымен» байланысты. Зерттеушілер балалардың өздерінің кемшіліктеріне деген көзқарасын талдай отырып, олар өздерін көретін балалармен салыстыруға, олардан жақсы екенін дәлелдеуге ұмтылғандығын айтады. Бұдан терең ішкі жанжалдар мен мінез-құлықтың жеткіліксіздігі пайда болады. Бала мектепте оқитын кезде, маңызды жеке шағым пайда болады –оқушының оқуға бейімділігін, мектепке деген эмоциялық жағымды көзқарасын және «жақсы оқушы» моделіне сәйкес келуді қамтамасыз ететін оқушының ішкі позициясы. Егер баланың ең маңызды қажеттіліктері оқушының позициясын қанағаттандырмайтын болса, ол мектептегі жиі сәтсіздікке ұшыраған, мұғалім мен құрдастары тарапынан өзіне деген

жаман қарым қатынас тудыратын, мектептен қорқу, мектепке барғысы келмеу секілді эмоционалды күйзелісті бастан кешіруі мүмкін.

Т.А. Крайикованың пікірінше, оқушылардың эмоционалдық дамуына уақтылы психологиялық қолдау көрсету, балалардың мінез-құлқының эмоционалдық реттелуіне, оларды мектеп өміріне сәтті бейімдеуге және психологиялық және психикалық денсаулықты нығайтуға ықпал етеді [5]. Мұндай тәсіл балалардағы эмоционалдық жағдайларды тұрақтандырады және олардың мектепте бейімделуіне әкеледі.

Осылайша, ғалымдардың зерттеулері, көру қабілетінің бұзылысы баланың жалпы жеке басын дамытуда ерекшеліктерді енгізетіндігін, әсіресе баланың эмоционалдық саласына үлкен әсерін тигізетінін көрсетеді. Көру қабілеті бұзылған балалардағы эмоциялардың дамуы бірқатар сипаттамаларға ие екенін байқауға болады: теріс эмоциялардың басымдылығы, алаңдаушылықтың жоғары болуы, жалғыздық, қорқыныш.

Балалардың эмоционалдық-ерік сферасы бала кезінен қалыптасады. Бұған отбасы, мектепке дейінгі мекемелер, құрдастары және қоғам қатысады. Сондықтан біз қолымыздан келгенше көру қабілеті бұзылған балалар өздерін әлемде қажет, қалаулы және сүйікті сезіну үшін барлығын жасаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Будай Н. Н. «Особенности коррекции эмоционально-волевой сферы детей с нарушениями зрения», Көзі: <http://nbuday.ru/>.
2. Гаспарова, Е. «Эмоции ребенка раннего возраста в игре» / Е. Гаспарова // – 1981. – № 10. – 61-64 б.
3. Ермаков, В. П. Развитие, обучение и воспитание детей с нарушением зрения / В. П. Ермаков, Г. А. Якунин. – М. : Просвещение, 1990 ж. – 222 б.
4. Захаров, А. И. Как помочь нашим детям избавиться от страха / А. И. Захаров. – СПб. : «Речь», 1995 ж. – 158 б.
5. Крайникова Т.А. «Психологическая поддержка эмоционального развития первоклассников на этапе адаптации к школьному обучению». : Автореф. дис. ... психол. ғылым.канд. Ставрополь, 2007 ж.
6. Махортова Г.Х. «Зависимость эмоциональных переживаний детей старшего дошкольного и младшего школьного возраста от характера внутрисемейных отношений». : Автореф. дис. ... психол. ғылым.канд. Мәскеу, 2007 ж.
7. Подласый, И. П. Курс лекций по коррекционной педагогике / И. П. Подласый. – М. : ВЛАДОС, 2002 ж. – 352 б.
8. А.Н. Губаш./Коррекционно-педагогическая работа по развитию зрительного восприятия со слабовидящими детьми в специальных образовательных организациях/ Казахский национальный педагогический университет имени Абая Вестник. Серия «Специальная педагогика» № 1 (44) Алматы, 2016г.
9. Денискина В.З. Формирование неречевых средств общения у детей с нарушением зрения. – Верхняя Пышма, 1997. – 22с.
10. Солнцева Л.И. Тифлопсихология детства.

УДК 376.4
МРНТИ 14.29.25

., Курбанова Б.У.¹ М. Макина Л.К²

¹6M010500 Дефектология мамандығының 2курс магистранты
²ғылыми жетекшісі- пс.ғ.к.доцент

bony0492@gmail.com

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҰРЫС ЖҰРУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада көру қабілеті зақымдалған мектеп оқушыларының дұрыс жүру дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздері қарастырылған. Аталған тақырып бойынша зерттеген ғалымдардың еңбектеріне жалпылама шолу жасалды. Көру қабілеті зақымдалған мектеп оқушыларының дұрыс жүру дағдыларының дұрыс қалыптасуында кездесетін ауытқулар, олардың шығу себептері қарастырылды. Дененің негізгі позицияларын және оның жеке бөліктерін зерттеу және алдынан және бүйірден суретке түсіру әдістеріне түсіндірме және оқушылардың қозғалыс белсенділігінде үлкен рөл алатын отбасында дамыту жолдары мен әдістері, ата-анаға жүктелетін міндеттер көрсетілді. Дифференциалды және жеке негізделген технологиялар дидактикалық бағыттағы физикалық жаттығулардың кешендерінің, әртүрлі жағдайдағы оқушылардың жаяу жүруін зерттеудің маңыздылығы айтылған. Көру қабілеті зақымдалған балаларға ерте көмек көрсетілмеген жағдайда баланың физикалық дамуында қандай екіншілік ауытқулар болатынын, олардың баланың таным процестерінің дамуына әсері айтылды. Балалардағы дұрыс жүру дағдысының бұзылуы ең алдымен тек көру қабілетінің нашарлауы емес, осы жағдайдың салдарынан туындаған психологиялық мәселе болуы да әбден мүмкін екендігі де есепке алынды. Дұрыс жүру дағдысын мектеп жасынан бастап қалыптастыру өте маңызды. Өйткені осы кезеңде, балалық, жасөспірімдік шақта моторлық дағдылар ең қарқынды дамиды, бүкіл тірек-қозғалыс аппараты, еңсені тік ұстау қалыптасады. Бұл бағытта көру қабілеті бұзылған балаларда ұқыпты сыртқы келбеті, келісті және үйлесімді қозғалысты, жүріс-тұрысын қалыптастыру ең маңызды орын алады. Сондықтан, балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс жүру дағдысын тиімді дамыту жолдары мен тәсілдерін айқындауға бағытталған түрлі педагогикалық, психологиялық, медициналық әдебиеттер іріктелді.

*Курбанова Б.У.¹ Макина Л.К.,²
² Магистрант 2 курса специальности 6М010500 «Дефектология»
² научный руководитель К психол.н.доцент*

*bony0492@gmail.com
КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан*

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НАВЫКОВ ПРЯМОХОЖДЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ С НАРУШЕНИЯМИ ЗРЕНИЯ

Аннотация

В статье рассмотрены теоретические основы навыков прямохождения школьников с нарушениями зрения. Был сделан общий обзор работ на эту тему. Были рассмотрены отклонения в правильном формировании прямохождения школьников с нарушениями зрения и их причины. Представлены методы исследования основных частей тела, во фронтальном и профильном аспектах. Объясняются пути и методы развития двигательной активности детей в семье. Исследования показали, что, если не оказывать раннюю коррекционную помощь детям с нарушениями зрения, то могут возникнуть вторичные отклонения в физическом развитии ребенка. Эти отклонения оказывают влияние на развитие когнитивных процессов ребенка.

Очень важно формировать прямохождение с начала школьного периода, так как именно в этот период, в детстве, в подростковом возрасте, наиболее интенсивно развивается осанка.

В этой работе указывается, что самым важным для детей с нарушениями зрения является осознание того факта, что тщательный внешний вид, гармоничное движение и поведение очень важны в жизни. Была выбрана различная педагогическая, психологическая, медицинская литература для определения путей и методов эффективного развития правильного поведения с учетом особенностей развития детей.

*Kurbanova B.U.¹ Makina LK,²
¹ 2-nd year graduate student by speciality 6M010500 - Defektology
² scientific supervisor k.ps.s.docent¹*

*bony0492@gmail.com
KazNPU them. Abay, Almaty, Kazakhstan*

The theoretical basis of the skills of bipedalism students with visual impairments

Abstract

In the article theoretical bases of bipedal locomotion skills of students with visual impairments. Was made a General survey of the work of scientists studied on this topic. Reviewed the deviations in the proper formation of bipedalism students with visual impairments and their causes. Presents the research methods the main parts of the body and its parts, the front and side pictures and explains ways and methods of development of motor activity of children in the family, which play an important role in the overall developments. Studies have shown that if not to provide early corrective help children with visual impairments, what are the secondary abnormalities in the physical development of the child and their influence on the development of cognitive processes of the child.

It is very important create the right upright posture with school age. Because in this period, in childhood, in adolescence, developing the most intense of all the musculoskeletal system, posture is formed. In this work, the most important place in children with visual impairments is a thorough appearance, harmonious movement and behavior. So I selected various pedagogical, psychological, medical literature to identify ways and methods for the effective development of right conduct based on the development of children.

Қазіргі кезде жас ұрпақтың денсаулық жағдайын сапалы жақсарту мәселесі тәуелсіз белсенді өмірге дайындықтың ажырамас бөлігі болып табылады. Көру қабілеті зақымдалған балалар үшін бұл мәселе әлдеқайда маңызды, себебі көру қабілетінің жоғалуы олардың барлық қызмет салалары үшін өте қиын: когнитивтік, білім беру, мотор, еңбек ету, т.с.с. Бұл көру қабілеті бұзылған балалардың қалыпты көретін адамдардың қоғамына интеграциялануна кері әсер етеді. Осыған байланысты білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде әлеуметтік бейімделу және олардың қоғамға бейімделуі үшін көрмейтін және көру қабілеті нашар оқушыларды даярлауға маңызды орын беріледі. Бұл бағытта көру қабілеті бұзылған балаларда ұқыпты сыртқы келбетті, келісті және үйлесімді қозғалысты, жүріс-тұрысын қалыптастыру ең маңызды орын алады. Себебі, көп жағдайда адамның алғашқы әсеріне және онымен сөйлесуге деген ықыласына байланысты. Көрмейтін және көру қабілеті нашар балаларда көптеген әдеби деректерде және жұмыс тәжірибелерінде көрсетілгендей, позаның, жүрудің және қозғалыстың әртүрлі бұзылулары байқалады, сондықтан бұл мәселелерді шешу іс жүзінде маңызды. Арнайы және жалпы білім беретін мекемелерінің алдында тұрған маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі – мүмкіндігі шектеулі балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, қоғамдық пайдалы еңбекке кіріктіру, үлкен өмірге дайындау. Орыс тифлопедагогі, дәрігер-офтальмолог Скребицкий А.И. «...көру қабілетінен айырылған бала көбінесе, ауыр сырт келбетімен көзге түседі. Сүйектері, бұлшықеттері, буындары әлсіз: жүрісі сенімсіз; дене күйі, әсіресе, басын ұстауы нашар; бір қарағанда барлық әрекетінен ұялшақтық, сенімсіздік, әлсіздік байқалады»- деп жазған болатын [6]. Көру қабілеті бұзылған баланың физикалық дамуда артта қалуының себебі, көру қабілетінің, әсіресе, күрделі, терең бұзылысы бар баланың ерте жастан дамуын тежейді, ең алдымен, оның қозғалыс белсенділігімен байланысты қоршаған әлемді тануын тежейді. Көру қабілеті бұзылған балалар таныс емес кеңістікте қозғалудан қорқады, ал бұл өз кезегінде қимыл-қозғалыстың жалпы жетіспеуіне әкеп соқтырады.

Көру қабілеті бұзылған балалардың физикалық дамуын зерттеген бірнеше ғалымдар мұндай балаларда кездесетін келесі бұзылыстарды атап кеткен:

- қимыл әрекетінің аздығы;
- қозғалыс координациясының нақты еместігі;
- оларды орындау темпінің төмендеуі;
- ырғақтылығы мен нақтылығының болмауы.

Көру қабілеті бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесі заманауи педагогикалық тәжірибелердің негізінде зерттелді. Осы санаттағы балалардың физикалық жағдайына байланысты, омыртқа сүйектерін түзетуге арналған жаттығулар, жалпақ табандылықтың алдын-алу іс-шаралары кезіндегі педагогикалық әсерін анықтау орнықтырылған.

Адамдардағы көру қабілеті бұзылуы кеңістікті бағдарлау кезіндегі елеулі қиындықтарды, қозғалу белсенділігінің азаюын, физикалық және психикалық дамуы кезіндегі ауытқушылықты шақырады. Зерттеушілердің пікіріне сәйкес, көбінесе бұл балалардағы тірек-қимыл жүйесіндегі өзгерістер, омыртқа сүйектерінің қисаюы, сколиоз бен табан сүйектерінің жалпаюы кездеседі. Демек, осы санаттағы балалардағы өсуі кезіндегі ерекшеліктер мен физикалық қасиеттердің дамуына бағытталған бірегей тәсілдер пайдаланылады. Теориялық зерттеу барысында ғылыми-әдістемелік

мәліметтер мен арнайы әдебиеттерді, медициналық-педагогикалық құжаттарды зерттеу, талдау, оларды қорытындылау пайдаланылды.

Көру қабілеті нашар әртүрлі санаттағы адамды физикалық тәрбиелеуге қатысты сұрақтар мамандардың назарын аударылуға. Арнайы орта білім беретін мекеменің құқықтық және педагогикалық бөлімдерінде оқитын көру қабілеті нашар оқушылардың дене тәрбиесіндегі нақты түзету-сауықтыру бағытындағы арнайы және арнайы емес бағдарламалар мен құралдарының авторы И.А. Ахмадуллинаның зерттеуі арқылы жүргізілген педагогикалық тәжірибелеріне басты назар аударылды [5]. Ахмадуллинаның тұжырымдамасында атап көрсеткендей арнайы емес құралдар:

өздігінен массаж;

пальминг;

көз қабағына арналған массаж;

офтальмотренинг ең тиімділері екендігі дәлелденді.

Көру қабілеті нашар жасөспірімдердің дене тәрбиесіндегі үдерістерді жетілдіру мақсатында түзетуші-дамушы әдістер мен ойын және айналымдық әдістемелік тәсілдерді дамытуда өте маңызды ғылыми зерттеулер Л.Ю. Коткова жүргізді.

Соған қарамастан, көру қабілеті нашар балалардың дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталған үдерістің негізгі бөлігінде; олардың денсаулығының негізін қалау балалық шақтың жауапты кезеңі болып табылады. Көру қабілеті нашар оқушылардың физикалық тұрғыдан дамытуда қолданылатын тәсілдер мен технологияларды әдебиеттердегі мәліметтермен ақпараттарды қайта қарастырдық. Көру қабілеті бұзылған үлкен жастағы мектептегі дейінгі балаларды дене тәрбиесіндегі үздіксіз бейімделу әдістері үлкен қызығушылық тудырады [2]. Балалардағы екіншілік ауытқушылықтың алдын денсаулық жағдайын жақсартудағы негізгі бағыт болып табылады.

Көзі нашар көретін мектеп оқушыларындағы оқу-жаттығу үдерістерін ұйымдастыруда аралас әдістемені өз кезегінде И.В. Козлов ұсынды. Автордың пікірі бойынша, әрбір қозғалтқыш сапасы мен қасиеттерінің «үстемдігіндегі» дамуы кезіндегі физикалық сапаның кешенді дамуының кезеңіндегі ұйымдастыру үдерісті қамтамасыз етеді. Бұл әдістемені қолдану физикалық дамудағы түзетуге, көру қабілеті нашар оқушылардың жалпы және арнайы физикалық дайындықтарының деңгейлерінің жоғарлауында, психо-эмоционалды орта көрсеткіштерінің жақсаруына алып келеді. Арнайы мамандандырылған интернат жағдайындағы көзі нашар көретін және көзі мүлдем көрмейтіндердің дифференциалды дене тәрбиесі кезінде оқушыларды физикалық жаттығу сабақтарымен ынталандыруды қолдану оң әсерін тигізді, және фитнес- технологияның сауықтыру бағытын ғылыми негіздеген және ұсынған Л.А. Ераков болды.

В.А. Барковтың пайымдауынша, сенсорлық бұзылуларды түзету үшін нысан өлшемі, нысандар, сенсорлық эталондарды тұжырымдау, дамудың максималды кезеңінде дене мәдениетін бейімдеу сабақтарын өткізуге тырысу керек. Автордың пікірі бойынша, объективті әлемге табысты бейімделу және сенсорлық саланы дамытуда көзбен талдаушылардағы зақымданудың жеке ерекшеліктерін ескере отырып толығымен қол жеткізуге болады [4].

Балалардың педагогикалық үдерісін ұйымдастыру және енгізу кезінде көрнекі патологиясы бар Л.В. Шапкова мамандандырылған педагогикада қолданылатын принциптерді сақтауға мен педагогикалық түзеу және компенсаторлық бағдар әсерлеріне басты назар аударды [3]. Дыбыс және сезімтал бағдарларды пайдалану, сақтандыруды пайдалану, жиі жеңілдетілген жағдайдағы орындалынуы, қарастырылған қимыл- қозғалыстардың көпқырлылығы және қатысушылардың қозғалыс белсенділігінің негізі оқытудың бірқатар қолданылатын әдістері болып табылады .

Көру қабілеті нашар мектеп оқушыларымен сабақтарды ұйымдастыру арқылы үйлестіру қабілеті мен дамуына ерекше назар аударылды. Осылайша, Л.В. Харченко «Көру қабілеті нашар мектеп оқушылардағы ұйымдастыру қабілеті», ол жеке дара негізделеді, дәрежесін ескере отырып көру патологиясы және қолдануға ұсынды. Дене мәдениетін қосымша қалыптастыру мақсатында көру қабілеті нашарлаған 12-17 жас аралығындағы оқушылардың түзетудің кешенді әдістемесінің теориялық негіздемесі қазіргі уақытта анықталды.

Көру қабілеті нашарлаған мектеп оқушыларының физикалық дайындығы мен оқу процесіндегі кешенді түзету мақсатында арнайы білім орындарының оң әсер тигізетінін В.В. Андреев өз әдістемесінде зерттеген. Сонымен қатар, зерттеудің басым бөлігі көру қабілеті төмен балалардың еңсесін түзеуге бағытталған.

Көзі нашар көретін мектеп жасындағы балалардағы кеңістікті бағдарлаудағы ауытқушылықтарды түзетудің модульді кешенін О.А. Юрченко ұсынған. Дифференциалды және жеке негізделген

технологиялар дидактикалық бағыттағы физикалық жаттығулардың кешендерінің алты модульін қамтиды. Автордың көзқарасы бойынша, жаттығулар кешенін әзірлеуде баланың жынысы мен жасын, физикалық дамуындағы бастапқы деңгейлер мен физикалық дайындықты, медициналық тексеріс пен дәрігердің ұсыныстарын міндетті түрде есепке алынады.

Көру қабілеті нашар мектеп жасындағы балардың еңсесінің бұзылуын түзетудің технологиялық кешенін А.А. Дяченко ұсынған. Жүру кезіндегі және тік қалып тұрақтылығын сақтауда дененің бұрылу бұрышына қатысты зерттеу кезіндегі еңсенің биогеометриалды профилін сипаттау кезіндегі технологияның негізгі айырмашылығын атап көрсетеді. Түзету технологиясындағы «Мектеп еңсесі» атты аудио-бағдарлама, профилактикалық-түзету жаттығуларының мәтінді кешені, сонымен қатар «Еңсе фестивалін» өткізу кезінде қолданылатын музыкалық сюжеттерді атап өтсек болады. Көру қабілеті төмен мектеп жасындағы балардың еңсенің дұрыс қалыптастыруда: күш және күштің жылдамдық сипатында, созылуға арналған физикалық жаттығуларды оңтайлы пайдалануды А.П.Павлов дәлелдеп көрсеткен [5].

Төмендегі жағдайлардағы оқушылардың жаяу жүруін зерттедік:

алдағы қадамдарға назар аударып;

тіке сызық бойымен жүру;

көтерілу және шыққан кезде;

шектеулі қолдау жазықтығында;

жадымен жаяу жүру.

Зерттеулер көрсеткендей, қадам көрсеткіштері, әсіресе, бала өз бетімен жұмыс жасағанда өзгеріске ұшырайтындығы байқалды. Көру қабілеті өзгеріске ұшыраған балаларды физикалық тәрбиелеудегі ерекшеліктеріндегі ғылыми зерттеу кезіндегі сұрақтарды соңғы тәжірибелік зерттеу нәтижелері көрсетті. А.А. Юрченко жүргізген зерттеу барысында көру қабілеті төмен кішкентай мектеп оқушыларындағы сагитальдік жазықтықтағы омыртқаның бұзылушылығын анықтаған.

Көру қабілетінің бұзылысы бар балалар үшін әсіресе қиын жағдай тұрақты және жаяу жүруде тік жазықтықта тұрақтылықты меңгеру болып табылады, ол позаның бұзылуына, жалпақ аяқтардың пайда болуына әкеледі, қозғалыстарды дұрыс үйлестіруге кедергі жасайды. Көру қабілетінің бұзылыстары координацияны, қозғалыс еркіндігін бұзады. Осыған байланысты қол мен аяқтың бұлшықеттері әлсіз болады. Дене бұлшықетінің әлсіз дамуы, жеткілікті күшті «бұлшықет корсетінің» болмауы қисық еңсені қалыптастырады. Көптеген мүлдем көрмейтін және нашар көретін балаларда астендік жағдай, жүйкелік сарқылу және шаршағандық бар.

Көзі көрмейтін және көру қабілеті нашар оқитындардың физикалық дамуын сипаттайтын көптеген авторлар бала кезіндегі көру қабілетін жоғалту физикалық дамудың табиғи үрдісін бәсеңдететінін атап көрсетеді. Олардың физикалық дамуының жас ерекшелік динамикасы негізінен сақталғандығымен, оның деңгейі әлдеқайда артта қалады. Мектеп жасындағы барлық дерлік көрмейтін және көру қабілеті нашар балалар өздерінің қалыпты көретін қатарластарынан бойы мен салмағы бойынша (ұлғая келе артып), кеуде қуысының көлемі, өкпенің өмірлік қабілеті бойынша артта қалады.

Көру қабілетінің зақымдалуынан туындайтын екіншілік ақаулардың немесе қайталама ауытқулар тізімі жеткілікті үлкен. Бірақ көрнекі патологиямен байланысты қозғалтқыш және психоэмоционалды салалардағы жоғарыда аталған бұзылыстардан көрмейтін және көру қабілеті нашар адамдармен дене шынықтыру жаттығуларының арнайы түзету-компенсациялық жаттығулары қажет екендігі анықталды. Көру қабілеті зақымдалған балаларға білім беру теориясын және тәрбиелік жұмыс тәжірибесін оның ішінде дене шынықтыру құралдарымен дамытуда үлкен жетістікке Л.С. Выготский, А.А. Крогиус, А.М. Щербин, Б.И. Коваленко, М.И. Земцов, А.И. Зотов, В.С. Свердлов, Л.Б. Самбикин, М.И. Шоев және т.б. ғалымдардың ғылыми-педагогикалық еңбектері арқылы қол жеткізілді.

Көру қабілеті зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс белсенділігін отбасында дамыту. Көру қабілеті нашарлау келген балалар тәрбиесі отбасынан тәлім-тәрбие алған балалар арнайы балалар мекемелерінен өткен балалардан мектепке дейінгі дайындығы физикалық та, ойлау жағынан да дайындығы әлсіздеу болатынын көрсетеді. Бұл көру қабілеті нашарлау келген балаларды мектеп алды мекемелерде тәрбиелеу тәжірибелі педагогтардың басшылығымен орын алатынымен, ал ата-аналардың көбісі мұндай балалар тобының тәрбиелеу әдістері және даму ерекшеліктері жайындағы түсінігі басқаша болуымен түсіндіріледі.

Осындай тұжырымға келудің басты тұсы, ширақтылық негізі және бұлшықет қызметінің барлық түрінде байқалатын қозғалыс балалардың толықтай ағзасына әрі жүйелеріне жағымды әсер етуінде. Атақты чех педагогы Я.Коменский «Аналық мектеп» еңбегінде «балалар көбірек

қимылдаған сайын, жүгіріп, жұмыс жасап, ойнағаны оның ұйқысын тәттірек қылып, бұдан бөлек оның жетілуі де ойдағыдай жүріп, оның ойы да тәні де сергек келеді» деп айтып өткен.

Бұлшықет қызметі ағзаның барлық сыртқы ортаға әсерінің көріністерінде жетекші мәнге ие әрі жүйке жүйесіне жағымды әсерін береді. Ширақтылықтың жеткіліктілігі қимыл-қозғалыстың, салмақтылықтың – жүйке жүйесінің негізгі қасиеттерінің жақсаруына ықпал етіп, баланың қоршаған әлемге бейімделуін қамтамасыз ете алады. Сөзсіз бұлшықет қызметі балалардың физикалық дамуына пайдалы әсерін береді. Қимыл-қозғалыс сенімді, нақтырақ бола түсіп, қажетті икемділік пайда болып, баланың күші мен төзімділігі арта бастайды. Қимыл-қозғалыстың тыныс алу және жүрек, қан-тамыр жүйелерін нығайтуда, өзге де мүшелердің өз қызметін атқаруда маңызы зор. Бұлшықет қызметі тірек-қимыл аппараты әрекетінің бұзылуын ескертетін атап айтқанда, көру қабілеті нашарлау балаларда омыртқа жотасының және кеуде қаңқасының (сколиоз, кифоз) деформациясы жиі кездесуіне орай мәні барын атап өтпеуге болмайды.

Көз жанарынан айырылған бала қозғалуда үлкен шектеуге тап болады да, оның физикалық дамуы мен денсаулығы бұдан зардап шегеді. Аздаған белсенділік қоршаған ортаны тануда мүмкіндіктерді айтарлықтай шектейді. И.Сеченов жазғандай : «...баланың ой-өрісінің түбірі сезінуден басталады. Ерте балалық шақтың ақыл-ой мүдделері сыртқы әлемнің нысандарына ғана көзделетін болса, соңғылары тек сезім мүшелерімен танылады [4].

Егер көретін балалар сыртқы орта нысандарын тануда көру қабілетін іске асырса, көздерінде ақауы бар балалар тобы түйсігін алға қояды. Бұл үшін зерттеу нысаны жақындай түсу керек болады. Сондықтан көз жанарынан айырылған баланың қимылдау мүмкіндіктері кең болған сайын оның сыртқы ортаны тануы мен ой-өрісінің жетілуінің мүмкіндіктері де орасан зор болады. Осылайша көру қабілеті нашарлау келген балаға қалыпты физикалық және ой-өрісінің дамуына қажет қозғалыс ырғағымен қамтамасыз ету алу қажеттілігі туындайды. Бұған қалай қол жеткізуге болады?

Көз жанарынан айырылған баланың қимыл-қозғалысын отбасы ішінде өрбітуде басты орынға физикалық жаттығулар қойылады, оларды орындау баланың белсенділігін арттырады. Ата-аналар қажетті қозғалыс ырғағын дефектке, жас ерекшелігіне, баланың жеке мүмкіндіктеріне орай белгілі бір жағдайлар жасау арқылы қалыптастыра алатынын ескеруі керек.

Баланың артық қимылға баруға қорқынышы оның қимыл-қозғалысын шектейді. Бұл қорқынышты жеңуде кеңістікте бағдар алуы яғни, өзіне қатысты қоршап тұрған заттарды елестетуі олардың арасында оңай жылжуы шешуші орын алады. Бұл ретте өзінің тұрған орнын анықтап алу, нақты қозғалыс бағытын біліп алу маңызды. Көретін адам үшін бұл аса қиын болмаса, көз жанарынан айырылған дам үшін бұл үлкен жұмысты қажет етеді. Осылайша ол басқа сезім мүшелерін (есту, түйсік, иіс сезу т.б.) барынша қолдануға тырысады.

Көру қабілеті нашарлау келген баланың қозғалысы мен бағдар алуы өзара байланысып келетіні белгілі. Бір жағынан баланың белсенділігі оның бағдар алуына тәуелді келсе, келесі жағынан көбірек қолзғала келе ғана, ол өзінің бағдар алу қабілетін жетілдіре түседі. Мұндай балалардың дамуында бағдарлау айтарлықтай маңызы бар, ол есту анализаторына негізделе іске асады. Сондықтан да бағдар алуды жетілдіруде бала дыбысқа байланысты қозғалысқа келіп, осының салдарынан бала қимылы едәуір артады.

Оқу әдістемесі оңай және жеткілікті қарапайым әдістер арқылы жүзеге асады. Мәселен, қысқы мезгілде баланы шаңғы тебу спортымен таныстыруға болады. Оқу барысында бірінші кезекте балаға шаңғыны дұрыс пайдалану мен оларды бір-біріне параллель ұстауға үйрету керек. Сабақтарды ұйымдастыру барысында баланың тегіс аймақта немесе төбешіктерді айналып ойнай алатын тұрақты кеңістік алаңын толықтай пайдалану есепке алынуы тиіс. Осыдан кейін қозғалыссыз кеңістікті кезінде таяқшаларсыз, таяқшалармен, төбешіктермен, сондай-ақ бұрылу техникаларын игеруіне ықпал жасағаннан кейін жылжыту бағдарының дыбыстық белгілерін пайдалануға болады. Бастапқы кезеңде баланың қолынан ұстап демеу беру арқылы бірге сырғы тебу, осыдан кейін ғана баланы өз бетінше дыбыс көздерін пайдалану арқылы сырғы тебуге мүмкіндік беру қажет. Бастапқыда, қозғалмайтын кеңістікте, кейінірек қозғалатын әр түрлі кеңістікті қарастыру керек.

Сырғы мен шаңғыда сырғанау балаға ойын ретінде қызығушылығын тудырып, жағымды көңіл күй сыйлайтын болуы керек.

Баланы балаларға арналған тіркемелі көліктер мен велосипедтерде басқаруға үйрету керек. Қазіргі жағдайда ұшаяқты велосипедтер мен балаларға арналған аяқ тепкіш арқылы жасалған «бәйге атын» пайдалану үлкен жетістіктердің бірі болып табылады.

Көру қабілеті нашар балалардың қозғалу белсенділігін арттырудың маңызды кезеңдерінің бірі - балаға өздігінен алға ұмтылуға әрекет жасауына мүмкіндіктер берілуі қажет. Балаларды алаңдар мен ойын барысында алған жарақаттар мен жараларға байланысты жасанды шектеулер қоюға болмайды.

Баланың ата-анасы ұсынған шарттарды өз қалауымен рахат сезіне отырып, алға ұмтылуына сөзсіз шабыттар болуы тиіс.

Соңғы тәжірибелік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көру қабілеті өзгеріске ұшыраған балаларды физикалық тәрбиелеудегі ерекшеліктеріндегі ғылыми зерттеу кезіндегі сұрақтарды соңғы тәжірибелік зерттеу нәтижелері көрсетті. А.А. Юрченко жүргізген зерттеу барысында көру қабілеті төмен кішкентай мектеп оқушыларындағы сагитальдік жазықтықтағы омыртқаның бұзылушылығын анықтаған.

Қорытындылай келгенде жұмыстың көптеген бөлігінде мамандар көру қабілеті нашар балалардың дұрыс еңсесін қалыптастыру кезіндегі сұрақтар мен мәселелерді көп қозғады. Айта кету керек, ештеңеге қарамастан, мамандардың пікірі бойынша көру қабілеті нашар балаларға тән, көп кездесетін аурулардың бірі тірек-қимыл қызметіндегі тоқтаулар, сонымен қоса қазіргі уақытта адаптивті дене тәрбиесі үдерісіндегі жалпақ табандылықты түзетудің технологиясы жасап шығарылмады. Көптеген авторлардың айтуы бойынша көру қабілеті нашар балаларда физикалық жағдайының төмендеуі байқалады. Дені сау мектеп жасындағы балалардан физикалық дамуы мен физикалық қасиеттерінің дамуы кезеңдері, қалыптасу қабілеттері төмен болатынын мамандар атап көрсетеді. Көптеген ақпарат көздерін пайдаланып, оқи отырып көру қабілеті төмен балалардағы қалыптасу қабілетін арттыруға байланысты мәселелерді шешуге басты назар аудардым. Әрі қарайғы зерттеулер көру қабілеті нашар балаларды физикалық тұрғыдан тәрбиелеуге арналған тәжірибелік бағдарламалар мен ары қарайғы зерттеулер, сонымен қатар, авторлық бағдарламалардың әзірлемесі мен тұжырымдамасын қамту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Волкова, И. П. *Индивидуально-типологические особенности лиц с нарушениями зрения Текст.* / И. П. Волкова // *Дефектология.* -2005. -№ 3. -С. 15-20.
2. Машуев Д. *Физическая культура и физическое воспитание слепых и слабовидящих детей // Воспитание школьника.* -2015. №2. С. 29-31.
3. Машуев Д. *Физическая культура и физическое воспитание слепых и слабовидящих детей // Воспитание школьника.* -2015. №3. С. 41-43.
4. Еракова Л.А. *Дифференцированное физическое воспитание слепых и слабовидящих школьников в условиях специализированного интерната. Автореф.дис. . канд. наук по физ.восп. и спорту.* –Киев, 2005. - 22с.
5. Ахмадуллина И.А. *Физическое воспитание слабовидящих учащихся среднего специального учебного заведения. Дисс. канд. пед. наук.* – 2011. -255с.
6. *Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Специальная педагогика», №2(37) 2014 г.*
7. Плаксина Л.И. *Проблемы воспитания и социальной адаптации детей с нарушением зрения.* – М. 1995. – 88 с.

УДК: 373.2-056.264

МРНТИ: 14.29.29

Макина Л.К.¹, Рахым Ж.²

¹ ғылыми жетекшісі, психол.ғ.к., доцент

² 6M010500 Дефектология мамандығының 2 курс магистранты

rakhym_zhuldyz@mail.ru

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

**ДИЗАРТРИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ
МӘНЕРЛІГІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа

Мақалада дизартриясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарының сипаты мен оның дамуында баланың сөйлеу тіліндегі интонациялық мәнерлікпен байланысы қарастырылған.

Интонациялық мәнерлік дауыс интонациясы арқылы айтушы өз ойын білдіру, мазмұнды ой-пікірін дұрыс айта білу, қоя білу деген сөз. Ауызша сөйлеудің мәнерлігі тыңдаушының айтылған ойды дұрыс қабылдап, нақтылы түсінудің ең басты талаптарының бірі. Ал интонацияның компоненттері барлық тілдердегі сөйлемнің әр алуан түрлерін сомдап қана қоймай, оларды дифференциалауда және бір-бірінен ажыратуда да зор қызмет атқарады.

Дизартрия - сөйлеу аппаратының иннервациясының жеткіліксіздігінің салдарынан сөйлеу тілінің дыбыс айтуының бұзылуы. Дизартрияда негізгі бұзылыс дыбыс айту мен сөйлеу тілінің просодикалық жағының орталық және шеткі нерв жүйесінің органикалық зақымдалуына байланысты бұзылуы болып табылады. Дизартрияның түрлеріне орай ондағы сөйлеу тілінің компоненттерінің бұзылысының өзіндік сипаттары болады екен. Яғни, ондағы сөйлеу тілінің бұзылыстары оның дыбыс айтуы мен дауысының, артикуляциялық моторикасының, сөйлеу кезіндегі тыныс алуының бұзылуымен сипатталады. Осы орайда дизартриясы бар баламен түзетушілік-логопедиялық жұмысты атап өту керек.

Дизартриясы бар балалармен логопедиялық үрдісте интонациялық мәнерлікпен жұмыс баланың сөйлеу тілдің дауыс күшін көтеру не бәсеңдету, қажетті сөзге, не сөз тіркестеріне екпін түсіру, негізгі ойды білдіретін сөзді ерекше айту, кідірістер жасау түзетушілік-дамытушылық жұмыстың нәтижелілігін сипаттайды.

Түйін сөздер: дизартрия, интонация, сөйлеу тілі аппараты, артикуляциялық моторика

Макина Л.К.¹, Рахым Ж.²

¹*научный руководитель, канд. психол. наук, доцент*

²*Магистр 2-го курса по специальности 6M010500 - Дефектология*
rakhym_zhuldyz@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ИНТОНАЦИОННО- ВЫРАЗИТЕЛЬНОЙ СТОРОНЫ РЕЧИ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ДИЗАРТРИЕЙ

Аннотация

В статье рассматривается характер нарушений речи детей дошкольного возраста с дизартрией и ее развитие в связи с интонационной выразительностью речи и языка ребенка.

Интонационная выразительность речи это тот инструмент, при помощи которого говорящий выражает свои мысли, идеи. Выразительность является одним из основных требований слушателя, предъявляемых к говорящему, чтобы правильно воспринимать и понимать суть слышимого.

Дизартрия — нарушение произношения, вследствие дефектов иннервации речевого аппарата, возникающих в результате поражения нервной системы. Основным нарушением в дизартрии является расстройство, связанное с органическим повреждением центральной и периферической нервной системы. При различных клинических формах дизартрии нарушения речи имеют свои особенности. Но при всех формах имеют место нарушение звукопроизношения, голоса, артикуляционной моторики, дыхания. В связи с этим необходимо проводить активную коррекционно-логопедическую работу при дизартрии. Работа над интонационной выразительностью в логопедическом процессе с участием детей с дизартрией имеет особое значение, так как выразительность речи непосредственно связана с осознанием смыслового ядра фразы, логики сообщения.

Ключевые слова: дизартрия, интонация, речевой аппарат, артикуляционная моторика

Makina L.K.¹, Rakhym Zh.²

¹*scientific supervisor, Candidate of Psychological Sciences, assistant professor*

²*2-nd year graduate student by specialty 6M010500 – Defectology*
rakhym_zhuldyz@mail.ru

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE INTONATIONAL EXPRESSIVE ASPECT OF THE SPEECH OF PRESCHOOL CHILDREN WITH DYSARTHRIA

Abstract

The article deals with the character of speech disorders in preschool children with dysarthria and its development in connection with the intonational expressiveness of the language speech of the child.

The intonational expressiveness of speech is that the speaker expresses his thoughts, speaks his ideas with the intonation of the voice. Oral speech is one of the basic requirements of the listener to correctly perceive and understand the essence. And the components of intonation serve not only in the sentence in all different languages, but also in their differentiation and division.

Dysarthria - a violation of pronunciation, due to violation of the innervation of the speech apparatus, resulting from damage to the nervous system. The main disorder in dysarthria is a disorder associated with organic damage to the central and peripheral nervous system of speech. Because of the types of dysarthria, speech language disorders have their own peculiarities. That is, speech disorders in it are characterized by a violation of the phonation of voice, articulatory motility, breathing during speech. In this regard, it is necessary to note the corrective-logopedic work of the child with dysarthria. The work of intonational expressiveness in the speech therapy process by children with dysarthria emphasizes the effectiveness of corrective-developing work by raising or decreasing the voice of the child's speech language, accenting the necessary words or phrases, highlighting key words.

Keywords: dysarthria, intonation, speech apparatus, articulatory motor skills.

Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесі мемлекеттік білім беру саясатының басымдылықтарын орнатып, оның негізгі міндеттерінің бірі балаларды және олардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты және уақытылы дамыту болып келеді. Оқу материалдарын ғылымның заманауи жетістіктеріне орай құру мақсаты жеке білім беруді қамтамасыз етіп, жеке бейімделген оқыту мен тәрбиелеуге негізделеді. Сондықтан, балалар тарапынан сөйлеу тілін уақытылы және толыққанды меңгеруі тіл байлығын меңгерудің негізі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселесі арнайы педагогиканың орталық назарында деп айтуға толық негіз бар, себебі, мектеп жасына дейінгі кезең сөйлеу тілдің қалыптасуы мен дамуы және оны меңгерудің белсенді кезеңі бола отырып, кейін мектепте нәтижелі оқуының тірегі болып келеді. Л.С. Выготский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин, А.В.Запорожец, А.А.Леонтьев, Л.В.Щерба, А.А.Пешковский, А.Н.Гвоздев, В.В.Виноградов, К.Д.Ушинский, Е.И.Тихеева, Е.А.Флерица, Ф.А.Сохин, Л.А.Пеньевская, А.М.Леушина, О.И.Соловьева, М.М.Коница, О.С.Ушакова сияқты бірқатар атақты психолог, лингвист, педагогтардың зерттеулері мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуына кешенді ықпал етудің негізін туындатқан.

Ғылыми әдебиеттерде сөйлеу тілі моторикасының бұзылуына байланысты дамитын, сөйлеу тілі бұзылыстарының арнайы топтары сипатталған. Соңғы жылдары дизартриялық бұзылыстар санатына жатқызылған сөйлеу-тілінің моторлы бұзылыстарының жеңіл көріністерін зерттеуге басты назар аударылуда (Карелица, И.Б. 1996, Лопатина, Л.В. 2001, 2006 және т.б). Олар сөйлеу тілінің дыбыс айту жағының ерекше артта қалуымен көрінетін, сөйлеу аппаратының неврологиялық жағының бұзылуынан туындайды. Дизартриялық бұзылыстары бар балаларда, сөйлеу тілі бұзылыстарының негізгі белгілері: сөйлеу тілі аппаратының шеткі бөлімінің бұлшық еттерінің босансуы, гиперкинезі, атаксиясы, тілдің ауытқуы, сілекей ағуы болып саналады. Кейде дыбыс айту жағы бұзылысының көмескі түрі, сөйлеу тілінің фонематикалық процестерінің және лексико-грамматикалық жағының жетілмеуімен қатар жүруі мүмкін. Сонымен қатар, балалардың танымдық және коммуникативті дамуындағы ерекшеліктері, өз кезегінде балалардың ауызша монологтық сөйлеу тілінің қалыптасуында қиындықтар тудырып, ол дизартриялық бұзылыстары бар балаларды - мектептік және әлеуметтік ортаға интеграциялау жұмысына әсер етеді [1].

Дизартриялық бұзылыстары бар балалар - мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының әр түрлі типтерінде логопедиялық көмек алады және мектепке қабылданған уақыттан бастап, ауызша сөйлеу тіліндегі айқын бұзылыстардың көріністерін мүмкіндігінше азайту көзделеді. Осы уақытта мектептік оқыту жағдайында күрделі сөйлеу формасын қажет ететін: монологтық және диалогтық оқыту кезінде, балалардың басым бөлігінде ауызша қарым-қатынас жасауда қиындықтар байқалады.

Дизартриясы бар балаларда, сөйлеу тілі қызметінің психофизиологиялық механизмінің артта қалуы, жоғарғы мидың және орталық жүйке жүйесінің басқа бөлімдерімен өзара байланысының дұрыс қалыптаспауы салдарынан туындайды,

нәтижесінде артикуляциялық мүшелердің иннервациясының жеткіліксіздігі пайда болып, ол сөйлеу тілінің моторлық компоненттерінің қалыптасуын қиындатады. Бұл патологияның алғашқы сөздік белгілері іріктелген, дәрежі емес, бірақ дыбыс айтудың біршама тұрақты бұзылысы екендігін және сөйлеу тілінің просодикалық жағының бұзылына әкелетіндігін Е.Н. Винарская, Г.В. Гуровец, И.В. Карелина сияқты ғалымдар өз еңбектерінде атап өткен [2].

К.К. Өмірбекова, Г.Н. Тулебиева, Г.Б. Ибатова, Г.С. Оразаева т.б. отандық ғалымдар дизартриялық бұзылыстардың себептерін әр түрлі авторлардың зерттеулері төңірегінде қарастыра отырып, оларды түзетудің тиімді жолдарын ұсынған. Яғни, Ресей ғалымдары (Р.Е. Левина, М.Е. Хватцев) аталған сөйлеу тілінің бұзылысын, псевдобульбарлы дизартрияның жеңіл формасы ретінде қарастырса, "жеңіл дизартриялық бұзылыс" ретінде (О.В. Правдина, 1969), "дизартрияның көмескі түрі" (О.А. Токарева), "минималды дизартриялық бұзылыстар" (И.Б. Карелина, Г.В. Чиркина) мен "көмескі дизартрияны" (Л.В. Лопатина, 2001) қарастырды.

Дизартрия - сөйлеу аппаратының иннервациясының жеткіліксіздігінің салдарынан сөйлеу тілінің дыбыс айтуының бұзылуы. Дизартрияда негізгі кемістік дыбыс айту мен сөйлеу тілінің просодикалық жағының орталық және шеткі нерв жүйесінің органикалық зақымдалуына байланысты бұзылуы болып табылады.

Дизартрияның негізгі белгілеріне дыбыс айту мен дауысының, артикуляциялық моторикасының, сөйлеу кезіндегі тыныс алуының бұзылуы жатады. Дизартрияда дауысты, дауыссыз дыбыстардың айтылуы бұзылады. Дыбыс айтудың антрофониялық (бұрмалап айту) және фонологиялық (алмастыру, шатастыру) түрінде айтылуы кездеседі. Фонологиялық түрлерінде айтылуы ұқсас дыбыстарды артикуляциялық, акустикалық сипаттамалары бойынша ажырату қиындық туғызады. Сондықтан, көп жағдайда ондай балаларда жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, бұлшық еттердің (артикуляциялық аппараттың, беттің, мойынның) қатаюы-гипертонус, әлсіреуі, төмендеуі, босансыуы – гипотония байқалады.

Дизартриясы бар балалар клиникалық-психологиялық сипаттамасы бойынша әр түрлі топтарды құрайды. Дизартрияның ең ауыр түрлері интеллекті сақталған, зияты бұзылған балаларда кездесуі мүмкін, ал жеңіл немесе «көмескі» түрі интеллекті сақталған балаларда кездеседі.

Дизартриясы бар балалар жалпы психофизикалық дамуына байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

- психофизиологиялық дамуы қалыпты балалардағы дизартрия;
- БЦСА балалардағы дизартрия;
- зияты бұзылған балалардағы дизартрия;
- гидроцефалиямен зақымдалған балалардағы дизартрия;
- ПДК балалардағы дизартрия;
- минимальді дисфункциясы бар балалардағы дизартрия.

Дизартрияның әр түрі өзіндік сипатқа ие болып келеді. Мысалы, сопақша ми дизартриясы (бульбарлы) ол сопақша ми мен нерв жүйесінің ядроларының зақымдалуының салдарынан болатын әлсіз, солған параличтің байқалуымен сипатталады. Бульбарлы параличте артикуляциялық, дауыс шығару және дем алу мүшелерінің шеткі бөлігінің бұлшық еттерінің тонусы төмендейді, гипотония немесе атония байқалады. Бұлшық еттердің көншілігі кішірейеді, әлсізденеді, сондықтан қоздырғыштарға реакция болмайды, яғни арефлексия байқалады. Бұл ауытқулардың барлығы бұлшық еттердің атрофиясына әкеліп соғады. Бульбарлы дизартрия кезінде ерікті және еріксіз қимылдар бұзылады. Дауыссыз дыбыстардың бұзылуы тілдің әр бөлігінің бұлшық еттерінің параличтеріне байланысты. Мысалы, тілдің түбірінде паралич байқалса, онда көбінесе тіларты дыбыстары бұзылады.

Жалған сопақша ми дизартриясы (псевдобульбарлы дизартрия) артикуляциялық аппараттың шеткі бұлшық еттерінің спастикалық параличімен сипатталады. Ол қимылдың

мөлшері қысқарған, баяу болып келеді. Бұлшық еттердің гипертонусымен қатар гиперрефлексия байқалады. Қалыпты жағдайда ерте жаста жойылып кететін шартсыз рефлекстер: ему, тұмсық рефлексі, еріксіз күлу, жымию, жылау көпке шейін сақталады. Дизартрияның бұл түрінде ерікті қимылдар бұзылады, еріксіз қимылдар сақталған болады. Дизартриямен зақымдалған адам нұсқау бойынша ернін алға қарай шығарып, дөңгелете алмайды, ал тамақ ішкен кезде ол қимылдарды жасай алады. Ауыз қуысын тексеру барысында тілдің қатайғанын, тіл артқа қарай тартылғанын, тілдің енжар, белсенді қимылдарының қиындығын көруге болады. Әсіресе тілді жоғары көтеріп мұрынға қарай бұруы қиынға соғады және жалған сопақша ми дизартриясына тән синкинезиялар байқалады. Дизартрияның бұл түрінде сөзсіз симптоматикасына жұту функциясының бұзылуына байланысты саливация (сілекей ағу) қосылады. Мимикасы кедей, сөйлеу жылдамдығы баяу, сөйлеу кезіндегі дем шығару қысқа болады, сондықтан фразаның «үзілуі» байқалады.

Мишық дизартрия жеке таза түрінде өте сирек кездеседі. Миға қан күйылу, ісіктің салдарынан мишықтың немесе мишықты орталық нерв жүйесімен қосатын жолдардың зақымдалуынан пайда болады. Мишығы зақымдалған адамдарда тыныштық, қимылсыз күйде де, қимыл кезінде де бұлшық еттердің гипотониясы байқалады. Аяқ-қолдарын сәйкестендіруде қиындықтар байқалады. Психикасында кейбір ерекшеліктер кездеседі (орынсыз күлу, сөйлеп қою, т.б.).

Ми қыртысы асты немесе «экстрапирамидалық» дизартрия ми қыртысы асты дизартрия бас миының ми қыртысы астындағы түйіншіктердің зақымдалу салдарынан болады. Неврологиялық статусы: бұлшық ет тонусының тұрақсыздығы (дистония), бет және артикуляцияның бұлшық еттерінде еріксіз қимылдар (гиперкинез) байқалады. Кейде гиперкинездің салдарынан ауыз еріксіз ашылып, тілі алға бірден шығып, ауыру адам біршама осы қалыпта тұрып қалады.

Ми қыртысы дизартриясы доминантты ми сыңарының төменгі бөліктердегі орталық қатпарлардың (постцентральді және премоторлы аумақтарының) зақымдалу салдарынан болады. Ми қыртысы дизартрияның эфферентті (премоторлы) және афферентті (постцентральді) түрге бөледі.

Ми қыртысы дизартрияның эфферентті түрі артикуляциялық мускулатураны иннервациялайтын алдыңғы орталық ми қыртысы аумағының зақымдалуынан болады. Жеке артикуляторлық қимылдардың бұзылуы байқалады. Көбінесе тілдің ұшының қимылы бұзылады, соған байланысты тілалды дыбыстары бұзылады. Дыбыс артикуляциясы бұзылады, көптеген синкинезия кездеседі. Сөйлеу процесінде бір дыбыстан екінші дыбысқа ауысуы қиындық туғызады, баяу сөйлейді, сөз арасында тоқтап қалады, кейде буындап сөйлейді. Дауысты дыбыстарды айтуы өзгереді, барлық дауысты дыбыстар ұқсас айтылады, дауыссыз дыбыстар ұзартылып айтылады (Мысалы, сссақат), қосымша дыбыстарды қосып айтады немесе тастап кетеді.

Спастикалық-паралитикалық дизартрия бұл екі жақтағы пирамидтік жолдардың зақымдалу салдарынан болады. Негізгі белгілері жалған бульбарлы (псевдобульбарлы) дизартрияның белгілеріне ұқсас болады. Бұл түрінде алдымен ауызша сөйлеу тілінің фонетикалық жағы, күрделі артикуляцияларды ажыратуы, еріксіз қимылдары бұзылады, еріксіз рефлекторлы қимылдары сақталады [3].

Жоғарыда көрсеткеніміздей, дизартрияның түрлеріне орай ондағы сөйлеу тілінің компоненттерінің бұзылысының өзіндік сипаттары болады екен. Яғни, ондағы сөйлеу тілінің бұзылыстары оның дыбыстық, дауыс, ығрақ, жылдамдығы т.с. ауытқушылықтармен де сипатталады. Осы орайда дизартриясы бар баламен түзетушілік-логопедиялық жұмыста дизартриясы бар балалардың интонациялық мәнерлігімен жұмысты да атап өту керек.

Онтогенездегі балалардың сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлігінің ерекшеліктері С.Л.Рубинштейн, А.Н.Гвоздев, В.Н.Всеволодский-Генгросс, Р.В.Тонкова-Ямпольская, В.В.Гербова, О.С.Ушакова, М.Ф. Фомичева, Е.Н.Винарская, Е.Б.Волосова, В.А.Ковшиков, Н.И.Лепская, К.А.Семенова, Н.М.Махмудова, Е.М.Мастюкова сияқты бірқатар психолог, лингвист, педагог, дефектолог мамандары тарапынан қарастырылған. Сөйлеу тіліндегі

интонациялық мәнерлік бұзылыстарын жою, алдын алу сөйлеу тілін толыққанды дамытудың маңызды элементі және балаларды мектепке нәтижелі дайындаудың, оны бейімдеудің тірегі, сонымен қатар түрлі категориядағы балалардың мектепке дезадаптациясының (бейімделе алмауының) алдын алудың барысы болып келеді. Осыған байланысты балалардың мектепке дезадаптациясының алдын алу мәселелерін маңыздылығы Л.П.Гурьева, Г.Ф.Кумарина, Л.Я.Олиференко сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылса, ал сөйлеу тіліндегі түрлі бұзылыстарды уақытылы түзету мәселелері Г.В.Бабина, Л.И.Белякова, В.К. Воробьева, В.В.Воронкова, О.С.Орлова, Т.В.Туманова, Г.В. Чиркина, Т.Б.Филичева сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Сөйлеу тілі үрдісінде интонацияның дамуы өзіндік күрделі жүйе болып келеді. Оның ерекшелігі бала кішкентай кезінен ең алдымен қоршаған адамдардың интонациясын қабылдап, содан кейін өзінің экспрессивті сөйлеу тілін жүзеге асырады. Ол баланың экспрессивті сөйлеу тілінде пайымдаудың түрлі коммуникативті түрлерін (сұраулы, лепті, хабарлы т.с.с) пайдаланумен тығыз байланысты [4].

«Интонация» термині латынның «intonare», «қатты сөйлеу» деген сөзінен пайда болғанымен, бұл терминнің қазіргі мағынасы әрі күрделі, әрі сан қырлы. Әуен (мелодика), пауза, қарқын (темп), интенсивтілік, тембр интонацияның компоненттері болып табылады. Барлық тілдердегі интонацияның ең басты да универсалды компоненті әуен (мелодика) деп есептеуге болады. Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде сол тілдің өзіне ғана тән әуені үлкен роль атқарады да, ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Жалпы әуеннің сөйлемдегі атқаратын қызметі әр алуан. Біріншіден, сөйлеу тілінің ағысын неше түрлі бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және онымен қоса пауза. Екіншіден, сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады. Үшіншіден, грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның негізін анықтауға қатысады. Төртіншіден, оның сөз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде үлкен орын алады. Бұл мәліметтер Б.В.Асафьев, Н.А.Ветлугина, О.П.Радынов сияқты ғалымдардың зерттеулерінде көрсетілген. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың интонациялық мәнерлігін дамыту мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерді талдау барысы балалардың сөйлеу тіліндегі интонациялық мәнерлігін дамыту бойынша әдістер мен тәсілдерді ары қарай жетілдіру қажеттілігін туындатты. Аталмыш мәселенің және оны шешу жолдарының жеткіліксіз қарастырылуы зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындап отыр [5].

Интонациялық мәнерлік дауыс интонациясы арқылы айтушы өз ойын білдіру, мазмұнды ой-пікірін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды оқи білу деген сөз. Ауызша сөйлеудің мәнерлігі тыңдаушының айтылған ойды дұрыс қабылдап, нақтылы түсінудің ең басты талаптарының бірі. Бұл сөйлеу түрінде мәнерлеп сөйлеу құралдары: дауыс күшін көтеру не бәсеңдету, қажетті сөзге, не сөз тіркестеріне екпін түсіру, негізгі ойды білдіретін сөзді ерекше айту, кідірістер жасау, мимика т.б. қолданылады. Ал интонацияның компоненттері барлық тілдердегі сөйлемнің әр алуан түрлерін сомдап қана қоймай, оларды дифференциялауда және бір-бірінен ажыратуда, айыруда да зор қызмет атқарады.

Ал, біз қарастырып отырған балалар тарапына сөйлеу тілдің аталмыш бұзылыстарының орны айқын болғандықтан, бүгінгі таңда оны зерттеудің өзектілігі артып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алмазова Е.С. *Логопедическая работа по восстановлению голоса у детей* / Е.С.Алмазова. - М.: АйрисПресс, 2005. - 200с.
2. Андреева, М.В. Гуцина // *Современные технологии диагностики, Профилактики и коррекции нарушений развития*. - Т.2. - М.: МГПУ, 2005. - С.21-53
3. Волкова Л.С. *Логопедия* / Л.С. Волкова. — М.: Владос, 2002. 675 с.
4. Базарбаева З.М. *Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері*. Алматы, 2002ж.
5. Баймұратова И. *Қазақ тіліндегі интонация тәсілі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер*. Алматы, 2003ж.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ООП

УДК: 376.3
МРНТИ: 14.29.27

Баймуратова А.Т.¹, Пашигорева И.В.²

¹к.пед.н., старший научный сотрудник лаборатории специального дошкольного образования
ННПЦ КП, г.Алматы, Казахстан
nprckp@mail.ru

²младший научный сотрудник лаборатории специального дошкольного образования ННПЦ
КП, учитель-логопед специальной дошкольной организации для детей с тяжелыми нарушениями
речи №66, г.Алматы, Казахстан
nprckp@mail.ru

ЭТАПЫ И РЕЗУЛЬТАТЫ АПРОБАЦИИ ТЕХНОЛОГИИ ВКЛЮЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ В ПРОЦЕСС ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ДЕТЕЙ С КОХЛЕАРНЫМ ИМПЛАНТОМ В ДЕТСКИХ САДАХ

Аннотация

В настоящей статье представлена схема модифицированной системы взаимодействия педагогов и родителей в процессе психолого-педагогического сопровождения детей с кохлеарным имплантом в детском саду, описаны этапы и результаты апробации технологии включения родителей в данный процесс сопровождения.

Ключевые слова: дети с кохлеарным имплантом, родители, технология включения, психолого-педагогическое сопровождение, слухоречевая реабилитация, взаимодействие

Баймұратқызы А.Т.¹, Пашигорева И.В.²

¹ Педагогика ғылымдарының кандидаты, ННПЦ КП арнайы мектепке дейінгі білім беру мекемесі
зертханасының аға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан
nprckp@mail.ru

ННПЦ КП арнайы мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі кіші ғылыми қызметкер,
сөйлеулерінде қатты бұзылулары бар балаларға арналған №66 арнайы мектепке дейінгі
мекемесіндегі мұғалім мен логопед, Алматы, Қазақстан
nprckp@mail.ru

БАЛАБАҚШАЛАРДАҒЫ КОХЛЕАРЛЫҚ ИМПЛАНТТАРЫ БАР БАЛАЛАР АТА- АНАЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАРЫСЫНА КІРГІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АПРОБАЦИЯСЫНЫҢ КЕЗЕНДЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада балабақшадағы кохлеарлы имплантты бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесіндегі мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы өзара әрекеттесудің жүйесінің өзгертілген диаграммасы келтірілген, осы сүйемелдеу процесінде ата-аналарды қатыстыру технологиясының апробациялаудың кезеңдері мен нәтижелері сипатталады.

Түйінді сөздер: кохлеарлы имплантанты бар балалар, ата-аналар, енгізу технологиясы, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, есту қабілетін оңалту, өзара әрекеттесу

Baimuratova A.T.¹, Pashigoreva I.V.²

*¹ Candidate of Pedagogical Science, Senior Researcher at the Laboratory of Special Preschool Education of the National Scientific and Practical Center for Correctional Pedagogy, Almaty, Kazakhstan
nnpckp@mail.ru*

*Junior researcher at the laboratory of special preschool education of the National Scientific and Practical Center for Correctional Pedagogy, teacher and speech therapist of special preschool organization for children with severe speech disorders №66, Almaty, Kazakhstan
nnpckp@mail.ru*

STAGES AND RESULTS OF PARENTS INCLUSION TECHNOLOGY APPROBATION INTO THE PROCESS OF PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT OF CHILDREN WITH COHELLARY IMPLANT IN KINDERGARDENS

Abstract

This article presents a breakdown of the modified interaction system between teachers and parents in the process of psychological and pedagogical support of children with a cochlear implant in a kindergarten, describes the stages and results for approbation of the parents inclusion technology.

Key words: key words: children with cochlear implant, parents, technology of inclusion, psychological and pedagogical support, audio-verbal rehabilitation, interaction

Организация и успешное осуществление в детском саду психолого-педагогического сопровождения детей с кохлеарным имплантом (далее – КИ), рассматриваемого как обязательное условие слухоречевой реабилитации, невозможны без создания системы партнерских отношений между педагогами и родителями. Последнее предполагает собственно включение родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей данной категории, в связи с чем актуализируется разработка соответствующей технологии.

Первым шагом в разработке технологии является анализ теоретической, научно-методической и научно-практической литературы по вопросам взаимодействия педагогов и родителей детей с КИ [1,2,3]. Особое место в процессе анализа занимает изучение положительного опыта сотрудничества дошкольных организаций образования с родителями. При этом учет местных условий и возможностей детских садов по воспитанию и обучению детей с КИ является приоритетным.

Второй шаг направлен на разработку схемы, отражающую деятельность детского сада по включению родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с КИ. Эта схема, данная на рисунке 1, представляет собой модификацию системы педагогического взаимодействия, которая включает:

- ✓ организационную деятельность, предполагающую сбор у родителей сведений о ребенке с КИ для разработки индивидуальной программы психолого-педагогического сопровождения;
- ✓ информационно-просветительскую деятельность, направленную на проведение консультаций, бесед, рекомендаций для родителей;
- ✓ психолого-педагогическую деятельность, предусматривающую работу команды психолого-педагогического сопровождения, участие родителей в реализации индивидуальной программы сопровождения, развитие и коррекцию отношений родителей и ребенка с КИ;
- ✓ досуговую деятельность, связанную с участием родителей в детских утренниках, праздниках, конкурсах и др.


Согласно рисунку 1 взаимодействие педагогов и родителей подстраивается под реализацию индивидуальной программы психолого-педагогического сопровождения ребенка с КИ, которая в свою очередь обеспечивает освоение типовой общеобразовательной программы дошкольного воспитания и обучения. При этом в рамках взаимодействия все виды деятельности

тесно связаны между собой и осуществляются на одинаковом уровне. Выпадение из системы взаимодействия одного из них исключается, т.к. любая деятельность имеет свойство оптимизироваться в соответствии с условиями и возможностями детского сада. Здесь важно понимать, что включение родителей предполагает не только координацию коррекционно-образовательного воздействия педагогов на семью, но и повышение уровня компетентности педагогов и родителей. Последнее играет определяющую роль в создании коммуникативного пространства, обеспечивающего развитие речевых средств общения и познавательных способностей детей с КИ.

Третий шаг – апробация технологии включения родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с КИ в детском саду. В основе апробации лежит внедрение в практику детского сада выше представленной схемы. Апробация направлена на выявление сильных и слабых сторон технологии в контексте задач слухоречевой реабилитации детей данной категории.

С учетом результатов апробации завершается разработка технологии включения родителей с последующим применением в детских садах, в которых воспитываются и обучаются дети с КИ. Для оказания помощи в применении этой технологии предусмотрены методические рекомендации, разработка которых запланирована ННПЦ КП к концу текущего года.

Рис.1 – Модифицированная система взаимодействия педагогов и родителей в процессе психолого-педагогического сопровождения детей с КИ в детском саду



—

—

—

Настоящая статья содержит описание этапов и результатов апробации технологии включения родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с КИ в детском саду.

Перед апробацией были поставлены следующие задачи:

- 1) выявление возможностей детского сада по включению родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с КИ;
- 2) создание оптимальных условий детского сада для включения родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с КИ;
- 3) оптимизация технологии включения родителей в соответствии с условиями и возможностями детского сада на основе выявленных данных.

Решение этих задач ориентировано:

- на повышение уровня взаимодействия педагогов и родителей, обеспечивающее развитие их компетентности по вопросам слухоречевой реабилитации, воспитания и обучения детей с КИ;
- на улучшение результатов в освоении детьми с КИ типовой общеобразовательной программы через слухоречевую реабилитацию с учетом слуховых, речевых и коммуникативных возможностей каждого ребенка;
- на внедрение и применение инновационных технологий, способствующих активному включению родителей в процесс психолого-педагогического сопровождения детей с КИ.

Следовательно, значимость семьи существенно возрастает при формировании личности ребёнка с особыми образовательными потребностями, в том числе детей с нарушениями слуха. От взаимоотношений с родителями зависит, насколько адекватным будет взаимодействие ребёнка с окружающей средой. От того, как родители относятся к дефекту, акцентируют ли именно на нём своё внимание или больше обращаются к достоинствам ребёнка, стараясь их развивать в процессе воспитания, зависит самопринятие и самовосприятие ребёнка, а в дальнейшем – и развитие его личности.

Особенности развития личности детей с нарушениями слуха зависят от ряда факторов: времени поражения слуха, степени потери слуха, уровня интеллектуального развития, отношений в семье, вида посещаемой школы, сформированности межличностных отношений, наличия или отсутствия слуха у родителей. Ребёнок с нарушением слуха с первых месяцев жизни попадает в неблагоприятные условия развития, испытывая трудности во взаимодействии с окружающим миром. Определяющее значение в его развитии имеет тот факт, что личность формируется в процессе общения со взрослыми и сверстниками в ходе усвоения социального опыта. При этом сама социальная ситуация, в которой пребывает ребенок с нарушением слуха, играет все более значимую роль в возникновении и формировании у него определенных черт личности.

Сурдопедагоги и психологи отмечают, что у детей с нарушениями слуха наблюдается недостаток речевых средств для описания личностных особенностей людей, их эмоциональных проявлений, преобладают контрастные оценки качеств личности. Это замедляет у неслышащих процесс формирования морально-этических представлений, социально-эмоциональной зрелости, осознания детьми своего отношения к другим и самим себе, своего положения среди сверстников и в более широком социальном окружении [1].

Основной проблемой в отношениях между родителями и неслышащим ребенком всегда была и остается коммуникация. Именно из-за проблем в общении возникают проблемы детско-родительских взаимоотношений. Зачастую дети с нарушением слуха окружаются чрезмерной родительской заботой. Родители, чаще мамы, сразу же отвечают на требование ребенка ко взрослому: незамедлительно обратить внимание на него, не умея объяснить ему, что нужно немного подождать. Возможно, это связано со склонностью неслышащих детей к импульсивности. Многие из того, что ребенок может сделать сам, за него делают взрослые, все самостоятельные действия ребенка контролируются. В результате подобного проявления гиперопеки ребенок рискует вырасти несамостоятельным и неприспособленным к жизни.

Однако именно в семьях, где у детей есть нарушения слуха, часто возникает специфическая ситуация, носящая характер личной трагедии родителей. Рождение ребенка с отклонением в развитии оказывается испытанием для всех членов семьи. Поскольку родители связывают с детьми свои надежды, в том числе по реализации своих неисполненных мечтаний. Ребенок с отклонениями в развитии в силу своих особенностей лишает родителей многих возможностей. За счет этого создается психологическое противоречие между созреванием новых отношений в семье и невозможностью их осуществления. А.С. Спиваковская отмечает, что родительские позиции в семьях, где есть дети с нарушениями развития, отличаются неадекватностью, ригидностью и сиюминутностью [2].

Анализ наблюдений за развитием родительских отношений в подобных семьях, свидетельствует о том, что такое положение, видимо, объясняется следующими причинами. В результате рождения ребенка с нарушением слуха, отношения внутри семьи, а также контакты с окружающим социумом искажаются. Причины нарушений связаны с психологическими особенностями неслышащего ребенка, а также с эмоциональной нагрузкой, с которыми сталкиваются члены его семьи. Многие родители в сложившейся ситуации оказываются беспомощными. Их положение можно охарактеризовать двумя проблемами: внутренней (психологической) и внешней (социальной).

В исследованиях Т.В. Богдановой отмечено, что в отношениях глухих школьников к членам их семей было обнаружено, что большая их часть положительно относятся к своим ближайшим родственникам, ценят эти отношения. Наибольшую тревогу вызывает отношение глухих детей к отцам. Искажение позиции отца, которое выражается в преобладании негативного к нему отношения, неблагоприятно сказывается на развитии личности глухих детей. Эти и другие нарушения внутрисемейных отношений являются средствами психологической защиты от фрустрирующей ситуации, в которой оказалась семья. Очень часто причинами таких нарушений оказываются недостаточная педагогическая компетентность родителей, дефицит специальных знаний. Поэтому им необходимо оказать помощь в воспитании детей, опираясь при этом как на общие закономерности человеческого общения, порождающие особенности взаимоотношений в конкретной семье, так и на закономерности психического развития глухого ребенка [3].

К большому сожалению, даже на нынешнем этапе развития дефектологической науки нередко нарушения слуха рассматриваются с точки зрения биологического дефекта, при этом социальный аспект остается без внимания. Л.С. Выготский утверждал, что глухота оказывает влияние и на отношение глухого к окружающей действительности, и на саму личность, на семью, где воспитывается ребенок с нарушением слуха. Отсюда понятно, что мысли Л.С. Выготского о том, что «ребенок с дефектом - еще не дефективный ребенок» и «что сама по себе слепота, глухота и т.д., частные дефекты не делают еще носителя их дефектным», а «замещение и компенсация» принимаются как должное [4].

Ученые Н.А. Рау и Е.Ф. Рау говорили о том, что эффективность просветительской работы в среде родителей, которые воспитывают детей с нарушением слуха, в свою очередь помогает родителям, правильно строить систему обучения и воспитания в семье. Для этого исследователями предлагались курсы для матерей неслышащих детей и консультации для родителей [5].

Известно, что в кругу любой семьи присутствует место возникновения разного рода семейных отношений: супружеские, родительские и детско-родительские, отношения между сестрами и братьями и др.

Что касаясь определения «родительское отношение», здесь присутствует масса определений, так, к примеру, А.С. Спиваковская родительским отношением именуется способность родителей сознательно или бессознательно оценивать собственного малыша и на базе этого строить с ним свои отношения [2].

Того же мнения придерживаются А.Я. Варга и В.В. Столин, по их мнению, родительские отношения – это сложная система из ретроспективы чувств к детям, специфики и стереотипов характера ребенка. При этом полярность родительского отношения проявляется в стремлении защитить ребенка, безусловно, принять его, подарив ему все свое внимание и в то же время контролировать и требовать. Такое своеобразие родительского отношения связано с внутренним конфликтом постоянно находящихся рядом осознаваемых родителями ощущений любви, верности, единства и глобальной ответственности за будущее ребенка, что в свою очередь превращает ребенка в объект воспитания, над которым осуществляется контроль и оценка.

Обобщая можно сказать, что родительское отношение предопределяет стиль взаимоотношений родителя с ребенком, взгляды родителей в выборе его жизненного пути и методы оценки ими ребенка с нарушением слуха и себя самих в качестве родителей.

Таким образом, подходя к определению детско-родительских отношений, можно представить их как целостную систему взаимоотношений между родителем и ребенком. По мнению Ф. Ариес, Э. Берна, Д. Боулби, М.В. Быковой (2000), И.С. Кона, А. Крафта, Г. Лэндрета (2000), М. Мид, Е.О. Смирновой (2000), А.С. Спиваковской. (1999), Э. Фромма (1998) и Г.Т. Хоментаскаса (1989),

данные взаимоотношения зависят от трех факторов: родитель, ребенок, культурно-исторический контекст отношений.

Следует отметить, что существует множество теорий, основным направлением которых были - детско-родительские отношения, такие как психоанализ, теория привязанности (Д. Боулби, М. Эйнсворт) и др. В нашем случае интерес вызывает именно теория привязанности, а точнее ее основное понятие «внутренняя рабочая модель». Другими словами привязанность ребенка формируется через отношение матери к ребенку и самой себе. Подобная взаимосвязь проявляется в чувстве безопасности и защищенности в первую очередь у ребенка и как следствие приводит к его социальной адаптации и компетенции в будущем.

Таким образом, можно предположить, что существуют определенные явления, которые в некоторой степени способны ограничивать процесс формирования некоторых свойств личности неслышащего ребенка. Если же говорить о семье, как об одном из важнейших факторов, влияющих на формирование свойств личности ребенка и его самооценки в частности, то к таким имитирующим факторам можно отнести неблагоприятные условия воспитания.

Применение так называемого снисходительного стиля воспитания, вызывает у детей агрессию, импульсивность, вспыльчивость. Это связано с тем, что родители неохотно контролируют своих детей, предоставляя им полную свободу действий. В результате отсутствия самоконтроля, приводящего к вспышкам гнева, агрессивному поведению и проблем с дисциплиной возникает обратный эффект со стороны родителей, который проявляется как полное лишение любви, внимания и ласки. Подобная ситуация особым образом влияет на развитие личностных качеств детей с нарушениями слуха.

Ребенок с нарушенной слуховой функцией почти всегда чувствует свое невыгодное положение, что может отразиться в удручающем чувстве неполноценности. В развитии личности это может привести к отставаниям. Однако иногда возникает высокомерие. Ребенок с нарушением развития «наталкивается» на определенные нормы, ожидания, требования, либо сравнивается со здоровыми людьми. Вследствие этого происходит усиление чувства неполноценности, что отрицательно влияет на формирование самооценки и личности. Явно выраженные и стабильно заниженные самооценка и самоуважение ослабляют способность личности неслышащего ребенка к активному приспособлению к жизни и реализации личных возможностей и внешних жизненных обстоятельств, благоприятных моментов, ситуаций и т. д. Часто результатом этого может стать появление патологических признаков и более глубоких нарушений личности.

При дефиците родительской любви у ребенка формируется общая самооценка, но не как таковая, а лишь ее направленность. Это приводит к различным деформациям в развитии личности: нарастающему чувству своей неполноценности, страху перед новым, агрессивности, озлобленности и т. п.

Несмотря на огромный объем информации по проблеме детско-родительских отношений, включая и представление семьи в теориях психоанализа, и привязанностей, структурного и гуманистического подходов, на современном этапе нет единого подхода по данной проблеме. Тем не менее, все эти теории, подходы и концепции отмечают связь между детско-родительскими отношениями и формированием тех или иных свойств личности.

Таким образом, взаимоотношения ребенка, имеющего нарушения слуха, с родителями, родительская позиция по отношению к нему, в целом оказывают существенное влияние на развитие личности ребенка. Долговременная деформация, искажение отношения к ребенку со стороны одного или обоих родителей становится фактором риска, способным привести к нарушениям в развитии его личности. Целенаправленная работа по психологической коррекции отношений родителей и детей может стать важным средством воздействия на личность ребенка с , нарушением слуха в процессе развития.

Литература

1. *Исследование личности с нарушением слуха / Под ред. Т.В. Розановой, Н.В. Яшковой. – М.: Просвещение, 2011.*
2. *Спиваковская А.С. Обоснование психологической коррекции неадекватной родительской позиции // Семья и формирование личности.— М., 1981.*
3. *Т. Г. Богданова, Н. В. Мазурова. Влияние внутрисемейных отношений на развитие личности глухих младших школьников. Дефектология — 1998. - №3.*
4. *Выготский Л.С. Основы дефектологии. -- СПб.: Лань, 2003. - 654 с.*
5. *Рау Ф. А., Рау Е. Ф. Воспитание глухого ребенка в семье. М., 1958.*

УДК 376-056.71

МРНТИ 14.29.01

Досыбаева С¹., Бекбаева З.Н².

¹ Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекшіі: –², п.ғ.к., kaznauzake@mail.ru

ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Мақалада жас ұрпақты эстетикалық тәрбиелеудің маңызы, теориялық негіздері қарастырылған. Эстетикалық тәрбие - бұл қоршаған орта мен өнердің сұлулығын көре білу қабілетін дамыту мақсатында баланың тұлғасына әсер етудің мақсатты, жүйелі үрдісі.

Түйін сөздер: эстетикалық тәрбие, тәрбие принциптері, эстетикалық талғам.

Досыбаева С¹., Бекбаева З.Н².

¹ *Магистрант 2-го курса по специальности 6М010500 - Дефектология*
² *научный руководитель: канд. пед. наук*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ

В статье рассматриваются педагогические основы эстетического воспитания молодого поколения. Эстетическое воспитание - это целенаправленный, систематический процесс воздействия на личность ребенка с целью развития у него способности видеть красоту окружающего мира, искусства и создавать ее.

Ключевые слова: эстетическое воспитание, принципы воспитания, эстетический вкус.

S. Dosybaeva¹, Z. Bekbaeva²

¹ *2-nd year graduate student by specialty 6M010500 – Defectology*
² *scientific supervisor, Candidate of Psychological Sciences*

PEDAGOGICAL BASES OF AESTHETIC EDUCATION OF THE YOUNGER GENERATION

In article basics of esthetic education of the younger generation are covered to a pedagogical basis. Esthetic education is a purposeful, systematic process of impact on the identity of the child for the purpose of development of ability in him to see beauty of the world around, art and to create her.

Keywords: esthetic education, principles of education, esthetic taste.

Қазақ ағартушыларының эстетикалық көзқарастары мен орнықты пікірлері халықтың дүниетанымдық көзқарастарымен тығыз байланыстылығы сол өздері өмір сүрген дәуірдегі тарихи жағдайлардан туындап отыр. Ол-заңды құбылыс. Бұл жердегі басты мәселе ағартушылардың эстетикалық тәрбиені жан-жақты, жүйелі талдап зерттеуінде емес, керісінше мүмкіндігінше сол проблемалар жайлы сөз қозғап, өз көзқарастары мен пікірлерін айтып тұжырымдауында жатыр.

Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың эстетикалық тәрбие саласында арнайы еңбектер жазып қалдырмағаны белгілі. Алайда, олар өздерінің саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде қазақ халқының эстетикалық мәдениетінің, өнерінің Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің даму барысына аса көңіл бөлді. Халық шығармашылығын жинап зерттеу арқылы қазақтардың эстетикалық талғам деңгейін, болмысқа деген эстетикалық көзқарасын көрсете білді, эстетикалық тәрбиеге байланысты көптеген құнды пікірлер айтты [1, 2, 3].

Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, халқына, халық мұрасына: ауызекі шығармашылыққа, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігінің артуына, эстетикалық талғамы мен сезімінің дамуына өскен ортасы (табиғат, отбасы, туыс-достар, өнер адамдары т.б.) әсер етті. Әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл-парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балқожаның ықпалы ерекше болды.

«Қазақ хрестоматиясына» енгізілген ауыз әдебиетінен жинаған материалдардың мазмұны тек қана танымдық, адамгершілік, өнегелік және ақылгөйлік сипатқа ғана емес, ол сондай-ақ

жоғары эстетикалық талғамның жан-жақты қалыптасып дамуына, әдемілікті түсіне білуге, нағыз сұлулықты сыртқы жылтырақтардан ажырата білуге тәрбиелейтін ықпалымен де құнды

Ұлы Абай балалар мен жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беруде халық мұрасының тәрбиелік күшін жоғары бағалаған. Ол эстетикалық тәрбие саласында арнайы еңбек қалдырмағанымен, өзінің қара сөздерінде халықтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздері мен салт-дәстүрлерін орынды пайдалану арқылы балалар мен жеткіншектердің болмысқа деген эстетикалық көзқарасының, талғамының, сезімінің қалыптасуына ықпал етеді. Халықтың ауызекі шығармашылығын Абай өзінің педагогикалық идеяларын таратуда әсіресе, адамгершілік-эстетикалық тәрбиесін жүзеге асыруда қажетті құрал ретінде пайдаланады. Мәселен, қара сөздерінде мақал-мәтелдерді талдау, ертегі, аңыз сюжеттеріне, салт-дәстүрлерге тоқталу, адамдардың әдеп-инабатын, мәдениеттілігін сипаттау арқылы балалар мен жастарды адамгершілікке баулып, ақыл-кеңес береді [4].

Жастарға адам баласының сыртқы сұлулығы мен ішкі жан дүниесінің үйлесімділікте болғаны дұрыс екенін ескерте отырып, Абай өзінің «Он сегізінші сөзінде» адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп... таза кимек дұрыс іс», ал «өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ- кербездердің ісі» деп түсіндіреді. «Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін қасқабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын атарқтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?» дейтұғын болмаққа ойланбақ» [7].

Балалар мен жастардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. «Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз» - деп ұлы ақынның өзі айтқанындай, оның өлеңдері туған жердің сұлу табиғаты, қазақ ауылының көріністері, адамдардың көңіл-күйі сан алуан сезімдерімен ұласып музыка үнідей естіледі. Мұндай суреттемелер «Жаз», «Күз», «Жазғытұрым», «Желсіз түнде жарық ай» т.б. өлеңдерінде ерекше әсерлі көрсетілген.

Осы жоғарыда айтылғандардың бәрі ғұлама ағартушы идеясының, ой-пікірі мен ақыл-өсиетінің өміршеңдігін, жаңашылдығын көрсетеді. Олар әсіресе бүгінгі таңда қоғамның жаңаруы, демократиялануы процесінде, еліміздің егемендік алып, тарих қайта құралып жатқан кезде жеткіншек ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін, эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқара түсуге тиіс.

Осындай ұрпақ тәрбиелеп шығаруда ата бабамыздан қалған дәстүрлі эстетикалық тәрбие беру саласында соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттер көптеп шыға бастады.

Соның бірі С. Ұзақбаеваның «Тамыры терең тәрбие» атты еңбегінде халықтық педагогиканың әдіснамалық және функционалдық мәні негізделіп, оның педагогика ғылымдарының құрамдас бөлігі ретіндегі ұғымы ашылып беріледі. Ұлттық мәдениет негізінде жеке адамды тұтастай эстетикалық жағынан қалыптастыру процесі көрсетіледі. Оқу-тәрбие тәжірибесіне қазақтың халықтық педагогикасы идеяларын енгізу жөнінде бағдарламалар, әдістемелік нұсқаулар талдап жасалады.

Р. Дүйсенбінованың еңбегінде қазақтың халық әндерінің тәрбиелік мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне тоқталады, белгілі ғалым-зерттеушілердің ән-жырлары бойынша жасаған жіктеулеріне талдау жасай келіп, солардың негізінде педагогикалық жіктеуді ұсынады. Еңбектің тағы бір құндылығы – автор бұл проблеманы жүйелі түрде шешуге талпынған. Тиімді әдіс-тәсіл,

жұмыс формаларын пайдалана отырып, сол сияқты балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып «Қазақ халқының ән және әншілік өнері» факультативтік курсы бағдарламасын, халық әндерін пайдалану жөнінде әдістемелік нұсқаулар мен хрестоматия жасаған. Оның музыкалық-эстетикалық тәрбие үшін тиімділігін эксперименттік тұрғыда дәлелдеген. Бағдарлама «Елім-ай» ән-күй сабағының мазмұндылығымен тартымды, онда «Елім-ай» бағдарламасындағы олқылықтар толығымен ескерілген [8].

С. Ұзақбаеваның ғылыми жетекшілігімен жасалған Т. Қышқашбаевтың зерттеу жұмысы бүгінгі күні талаптарына сай жасалған. Одан қазақтың домбыра өнерінің әлеуметтік-педагогикалық мәні бірінші рет ашылып, мектеп оқушыларын музыкалық-эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеудің проблемаларына тарихи хронологиялық талдаулар жасаған. Оның үстіне «Елім-ай» бағдарламасының құрамдас бөлігі ретінде домбырада ойнауға үйрету бағдарламасының мазмұндық жағына талдаулар жасалып, домбырада ойнау шеберлігі кезең-кезеңімен қалыптастыру әдістемесі берілген, сондай-ақ төменгі сынып оқушыларын музыкалық оқыту процесінде бағдарламаны енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар әзірленген. Бағдарлама бойынша хрестоматия жасалған, яғни аспаптық музыкаға оқыту процесінде төменгі сынып оқушыларын музыкалық-эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеудің дидактикалық кешені әзірленген [1].

Эстетикалық тәрбие де тәрбиенің басқа салаларындай оқу, білім, тәрбиенің басқа түрлерімен тығыз байланыста, біртұтастықта қарастырылады. «Эстетикалық тәрбие – болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдау және эстетикалық түсінікті, сезім мен талғамды тәрбиелейтін, өнерде және өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін қажетсінуін қалыптастыратын жалпы тәрбиелер саласының құрамдас бөлігі. Эстетика-өмірді сезім арқылы біліп танудың негізгі жолы» [3, 4].

Эстетикалық тәрбиенің методологиялық негізі диалектико-материалистік көзқарас. Ол өмір мен өнердегі эстетиканың мәнін ашады, адамның ортаны эстетикалық тұрғыда меңгеруіне қажетті деген негізгі принциптерін зерттейді, көркем шығармашылық заңдарын тексереді.

Эстетика тек заттардың өзіне және шындық құбылыстарына тән, ол біздің түсінігімізге де, қоршаған ортаға деген қатынасымызға да байланысты емес. Ортаны эстетикалық тұрғыда меңгерудің субъективті жағы болып эстетикалық сезім, талғам, баға, әсерленушілік ой-сана, армандар, осылардың жиынтығы ретінде сана алға шығады, эстетикалық мұратқа жетелейді [9].

Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі, отбасындағы, сабаққа дайындалу, сабақта, оқу барысындағы ең жақсыны қабылдау, ләззат алу барысында қалыптасады.

Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды, жақсы мен жаманды ажырата білуді қалыптастырып ұсқынсыз, жағымсыз нәрсені танытады. Эстетикалық тәрбиенің методологиялық негізі диалектико-материалистік көзқарас. Ол өмір мен өнердегі эстетиканың мәнін ашады, адамның ортаны эстетикалық тұрғыда меңгеруіне қажетті деген негізгі принциптерін зерттейді, көркем шығармашылық заңдарын тексереді. Эстетикалық тәрбие баланың жас кезеңдеріне байланысты әр түрлі дамиды. Оның өзі баланың белгілі бір нәрсеге әсерлену сезімімен байланысты.

Оқушылардың байқампаздығы айқындалы түседі, сурет салуға, желімдеуге, музыкаға деген қызығушылық, бояулардың түрлерін, әртүрлі формаларды, сызықтарды айыра білу, естіген әуенін еске түсіру қалыптасады. Заттың эстетикалық жағына бала тек әуестік, танып білу, қызығушылықтан ғана көңіл аударады. Сонымен бірге осы жастар балада белгілі бір форманы мазмұнымен бірге қабылдау қабілеті жетіледі, музыканың, сөздің, бояудың әсерін түсінеді. Күнделікті музыкамен, сурет салумен, оқумен айналысуы оның эстетикалық тәрбиесінің негізін қалауына ықпалын тигізеді. Бастауыш сыныптағы баланың алғаш әсері, оның көркемдік әрекеттері дұрыс түсініп ұғынуына түрткі болады. Алайда бұл жаста баланың ықыластылығы

тұрақсыз болады, ұзақ мерзім. өнер шығармаларымен танысу, тіпті өнермен айналысу оны тез жалықтырады. Көркем творчествоның нәтижесінен әсері сурет салу, желімдеу, музыка процесі қызықтырады, ал эстетикалық құбылыстарды бағалауы белгілі бір жағдайларда ғана байқалады. Баланың өзін - өзі тәрбиелеуінің алғашқы сатысы жеткіншек сатысы болып табылады. Бұл жаста ол белгілі мөлшердегі көркем шығармалардың мазмұнын түсінуге тырысады, білім деңгейін кеңейтеді, қоршаған ортадан эстетикалық тәжірибе жинайды, өмір құбылыстары мен өнер шығармаларын саралап, өздігімен бағалауға талпынады [10].

Жоғарғы сыныптарда баланың өмірдегі эстетикалық саланы талғаммен қабылдауы жеткіншектерге қарағанда жоғары болады, дүниетанымдылығы мен пікірі жүйелене түседі. Өнерге, көркем творчествоға, өзінің тәртібіне ерекше мән береді. Мұғалімге баланың жас ерекшеліктерінің эстетикалық дамуын білу, олардың эстетикалық дамуын білу, олардың эстетикалық дамуын білу, олардың эстетикалық дамуын білу, олардың эстетикалық талғамын мақсатты түрде жетілдіруде және сезім тәжірибесін толықтыруда көмегін тигізеді.

Адам өз өмірінің суреткері. Ол қалай болмасын өз өміріне әсемдікті еңгізуге тырысады. А.М. Горькийдің бұл ойы өте орынды айтылған. Адамның эстетиканы меңгеруі тек өнер саласымен шектелмейді, ол адамның барлық шығармашылық әрекеттерінде кездеседі. Басқа сөзбен айтқанда, тікелей өнер туындыларымен: суретпен, музыкамен, поэзиямен айналысқанда ғана суреткер болып қоймайды. Эстетиканың бастамасы адамының еңбегінде, адамның өзін ортаны өзгертуіне бағытталған ортаны өзгертуіне бағытталған әрекеттеріне негізделген. Адамның болмысқа деген эстетикалық қатынасы өзінің пайдасы болуында еңбек әрекеттеріне міндетті еңбекті дене ойыны мен рухани күштұрғысында әдемілік, сәулеттілік құбылыстары тұрғысында түсініп, әсерлену эстетикалық тәрбиенің негізі мен адамның дамуын қалыптастырады [4, 5].

Бала еңбегі масылдыққа айналмай, эстетикалық ләззат әкелуі үшін, ол қоғамның қажетінен шығуы керек, қимылдың нақытылығымен, ырғақтылығымен, уақыт үнемділігімен, берілгендігімен байқалып, қағанаттанарлық және табыс сезімін әкелуі керек. Дене қимылының ептілікте, дәлдікте, ырғақтылықта, қуанышта байқалатын үйлесімділігі ішкі рухани әсемділікті тудырады. Оны балалар үлкен эстетикалық байлық ретінде бағалап қабылдайды. Эстетикалық әсер көбіне оқыту әрекеттері арқылы беріледі.

А.С. Макаренко өзінің тәрбиеленушілерінен кербездік, сәнқойлық, тазалықты ғана емес, әдемілікті, жүріс, тұрыс сөйлеу әсемдігін талап ете білді. Сондықтан да олар өте ақжарқын, сыпай болып өсті. Балалардың әдемілікке деген сөзімін қай жерде болмасын: мектепте, үйде, демалыста, т.б. дамытып, жетілдіріп отыру керек. Мектепте, сыныпта арнайы бөлмелерді эстетикалық тұрғыда безендіргенде міндетті түрде оларды қатыстырған жөн. Бұл тұрғыда А.С. Макаренконың тәжірибесі кімді де болмасын қызықтырмай қоймайды. Оның мекемелерінде болған адамдар, ондағы гүлдердің көптігін жалтыраған паркетті, айналарды, асханалардағы аппақ жапқыштарды, бөлмелерінде мінсіз тазалығын таңдама әңгімелейді.

Эстетикалық тәрбие тек қана көркемдік деңгейді жетілдіру, оқыған кітап, көрген кинолар мен музыкалық шығармалар санын көбейту ғана емес. Ең бастысы, адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін кеңейту, мінез-құлқын түзхету, толықтыру.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі міндеттері мыналар:

- эстетикалық қабылдауды – табиғаттағы, өнердегі, қоршаған өмірдегі әсемдікті қабылдауды дамыту;
- эстетикалық талғамды, әсемдікті бағалай білуді, шын әсем нәрсені эстетикалық емес нәрседен ажырата білуді тәрбиелеу;
- өнерде өзін шама-шарқынша көрсете білуге, қоршаған өмірге эстетиканы сіңіре білуге тәрбиелеу [6, 7].

Осы үш міндеттің бәрі өзара тығыз байланысты, алайда оларды тізіп шығу тәртібі белгілі дәрежеде эстетикалық тәрбие беру жөніндегі жұмыстағы дәйектілікті, оның қайсыбір кезең-кезеңге бөлінетіндігін бейнелейді. Шынында да адам әуелі әсемдікті қабылдай білуге, онан кейін қабылдаған нәрсесін бағалап, аңғара білуге үйренеді, тек осының негізінде ғана өзін өнерде

шама-шарқынша көрсете білуге дағдылану, төңірегіндегі тіршілікке әсемдікті енгізе білу бәрінен де жақсы дамытылады. Сонымен бірге үш міндетті қатарынан, көбінесе алғашқы екі міндетті бір мезгілде өте жиі шешуге тура келеді.

Егер эстетика педагогиканы әсемдіктің мәнін және оның көрініс беру заңдылықтарын түсінумен қаруландыратын болса, ал педагогика адамның осы жөндікке деген көзқарасын қалыптастыру құралдары туралы мәселені шешеді, эстетикалық тәрбиенің нақты міндеттерін алға қояды және оқу-тәрбие жұмысының барысында ол міндеттерді шешу жолдарын белгілейді.

Эстетикалық тәрбие адамның рухани бейнесін қалыптастырудың соншама ауқымды саласын қамтиды. Кейде эстетикалық тәрбие деген ұғымды «көркемдікке тәрбиелеу» деген ұғыммен пара-пар алып жүр. Көркемдікке тәрбиелеу дегеніміз өнер құралдарымен тәрбиелеу деген сөз. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - өнердегі, табиғатты және бүкіл қоршаған өмірдегі әсемдік құралдары арқылы тәрбиелеу деген сөз. Сондықтан көркемдікке тәрбиелеу эстетикалық тәрбиемен пара-пар емес, оның өте маңызды, бірақ құрамдас бөлігі болып табылады [9, 10].

Эстетикалық ұғымды пайымдауды, баға беруді қалыптастыру – эстетикалық тәрбиенің тағы да бір міндеті. Әдемілікті сүю, оған түсіну үшін балаға негізінен көмектесетін білім. Сондықтан бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді халықтың педагогика саласында игеру қажет. Осыған байланысты ол эстетикалық терең түсінуге тырысады, өз халқының салт-дәстүріне, тіліне, мәдениетіне, әсем табиғатына деген сүйіспеншілігі пайда болады.

Оқушыларға әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс әрекетінің әдемілігін бағалай білуге, әдемі жазуға, мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал, бұл мәдениетті сөйлеуге, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға көмектеседі. Яғни, оқу пәндерінің оқушыларға тәрбие берудегі ролі орасан.

Жаңа қоғам талабына сай адам санасын, оның қабілетті мен рухани байлығы жан – жақты жарасымды дамыту мәселелері адамдардың қабілеттерін ашып, олардың өмірін рухани бай, сан қырлы ету үшін мейлінше кең өріс ашу-бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндеті деп білсін. Бұл салада да жақсылық жағына қарай түбегейлі өзгерістерге жетуге күш сала отырып, бүкіл мәдени тәрбие жұмысын адамдардың рухани талап - тілектерін барынша толық қанағаттандыратындай, солардың мүделеріне сай болатындай етіп құру маңызды – деп атап айтылған болатын. Аса маңызды міндет оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені айтарлықтай жақсарту.

Әсемдік сезімін дамыту, жоғары эстетикалық талғам, өнер шығармаларын, тарих мен архитектура ескерткіштерін, туған табиғаттың сұлулығы мен байлығын түсініп, бағалай білу қасиетін қалыптастыру қажет. Осы мақсатқа әрбір оқу пәнінің, әсіресе зор танымдық және тәрбиелік күші бар әдебиеттің, музыканың, бейнелеу өнерінің эстетикалық мүмкіндіктері жақсы пайдаланылсын – деп көрсетілген.

Ал өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде мектеп орасан зор роль атқаратыны белгілі. Эстетикалық тәрбие – болмастығы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдауға және эстетикалық түсінікті сезім мен талғамды тәрбиелейді. Өнер де және өмірде сұлулықты жасау, оған қатысу қабілетін, қажет сінуін қалыптастырады.

Эстетикалық тәрбие тек қана көркемдік деңгейді жетілдіру, оқыған кітап, қаржы кинолар мен музыкалық шығармалар санын көбейту ғана емес. Ең бастысы, адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін кеңейту, мінезқұлқын түзету, толықтыру [1].

Егер оқушы өзін жаман әдеттен алшақ ұстап, өз әрекеттерінің әдемілігін, қажеттілігін түсініп, еңбек нәтижесінен көркемдікті сезіне білсе, бұл оның эстетикалық талғамының, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерінің жоғары жетіле бастағанын көрсетеді, әрине, керісінше де болуы мүмкін. Мәселен, кейбір адамдар ақын, жазушылардың шығармаларын көптеп оқиды, көркем өнердің де барлық саласынан хабардар, бірақ қоғамдық тәртіптің шегін бұзады. Ал мұндай адамдарды нағыз эстетикалық мәдениеттен алыс десе де болады. В.Г. Белинский: «Сезімнің әсемділігі адамгершіліктің құнды жаны. Онсыз, бұл сезімсіз, данышпан да, талант та, ой да жоқ... Кімде-кім жас кезінен өлеңді сүймесе, драмадан тек қана театрландырылған пьесаны көрсе, ал

романнан зеріккенде қажетінен шығатын ертегіні көрсе – ол адам емес... Эстетикалық сезім – ізгілік негізі, адамгершілік негізі» - деп түсіндіреді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. –А.,1991.
2. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. –Алматы, Қазақ университеті, 1989.
3. Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т.б. Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. –Алматы, 1985.
4. Г.Н.Төлеубекова. Бала мінезінің қалыптасуы және оны тәрбиелеу жолдары. -А.,Өнер. 1972.
5. Әбенбаев С. Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі. -А., 1999.
6. Әбдіразақов Е. Адамгершілік, имандылық тәрбиесі. -Шымкент 1994.
7. Әбілова З. Этнопедагогика. –А.,1997.
8. Бержанов Қ.Б., Мусин С. Педагогика тарихы. А.,1971.
9. Бержанов Қ. Тәрбие мен оқытудың бірлігі. –Алматы,1973.
10. Безкарвайный С., Жұмабаев А. Мектепте өткізілетін тарихи әдеби кеңестер. –А., Мектеп, 1968.

УДК 376.3; 376.3.018.42
МРНТИ 14.29.25

Мирзахмедова У.А.,¹ Тусупбекова А.С.²

¹ п.ғ.м., оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, uljan-192@mail.ru,

² Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 3 курс студенті dgj.array@gmail.com

КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ҰСАҚ МОТОРИКАСЫ МЕН СИПАП СЕЗУІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада көру қабілеті зақымдалған балалардың ұсақ моторикасы мен сипап сезуінің даму ерекшеліктері жайлы сөз қозғалған. Көру қабілеті зақымдалған балалардың сипап сезуі және ұсақ моторикасын дамытудың принциптері қарастырылған. Автор көру қабілеті зақымдалған балалардың сипап сезу және ұсақ моторикасын дамытудың негізгі бағыттарын сипаттап өткен. Сонымен қатар көру қабілеті зақымдалған балалардың ұсақ моторикасын және сипап сезуін дамытудың әртүрлі іс-әрекет түрлерін сипаттап өткен. Сонымен қатар мақалада көру қабілеті зақымдалған балалардың сипап сезуін дамытудың негізгі мақсаты сипатталған.

Түйін сөздер: көру қабілеті зақымдалған балалар, нашар көретін балалар, ұсақ моторика, сипап сезу.

Мирзахмедова У.А.¹ Тусупбекова А.С.²

¹ М.п.н., преподаватель КазНПУ имени Абая uljan-192@mail.ru,

² студентка 3 курса по специальности 5В010500 Дефектология dgj.array@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ И ОСЯЗАНИЯ У ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЕМ ЗРЕНИЯ

Аннотация

В статье речь идет об особенностях развития мелкой моторики и осязания у детей с нарушениями зрения. Рассматриваются принципы развития мелкой моторики и осязания у детей с нарушениями зрения. Автор описывает основные направления развития мелкой моторики и осязания у детей с нарушениями зрения. А также описываются приемы развития мелкой моторики и осязания в различных видах деятельности. В статье представлены основные цели развития осязания у детей с нарушениями зрения.

Ключевые слова: слепые дети, слабовидящие дети, мелкая моторика, осязание.

U.A Mirzakhmedova¹ Aray Tussupbekova²

¹ m.p.s., teacher, Abai KazNPU, uljan-192@mail.ru

² Student of 3th course on specialty 5B010500 Defectology dgj.array@gmail.com

FEATURES OF DEVELOPMENT OF MAIN MOTOR SKILLS AND TOUCH IN CHILDREN WITH VISUAL IMPAIRMENT

Abstract

The article deals the peculiarities of development of main motor skills and touch in children with visual impairments. The principles of development of fine motor skills and touch in children with visual impairments are considered. The author describes the main directions of development of fine motor skills and touch in children with visual impairment. And also describes the development of fine motor skills and tactics occurring in various activities. The article also describes the main goals of the development of touch in children with visual impairment.

Key words: blind children, visually impaired children, fine motor skills, touch.

Көрмейтіндер - бұл категорияға мүлдем көрмейтін және жарықты сезеді немесе жартылай көре алатын (көзінің өткірлігі 0-ден 0,04% дейін) балалар жатады. Сонымен қатар көзі прогрессиентті ауруларға шалдыққан (яғни бара-бара көру қабілеті төмендеуі мүмкін) және көру аймағы 10-15 градусқа дейін шектелген балалар жатады.

Нашар көретіндер - жай көзілдірік таққанда жақсы көретін көзінің жітілігі 0,05- 0,2 құрайтын балалар.

Шамамен 90% барлық ақпаратты бала көру арқылы қабылдайды. Бірақ бұл көрмеушілік немесе терең бұзушылықта бала дәл осындай көлемдегі әсерлерді жоғалтады деген сөз емес. Басқа анализаторлар заттың тура сол сапасын, қасиетін көрсетуі мүмкін. Сипап сезу, мысалы, көру қабілеті сияқты заттың пішінін, ұзындығын, көлемін, қасиеттері мен сапасын, пропорциональді қарым-қатынас анықтауға мүмкіндік береді. Сипап сезу арқылы қабылдау әр түрлі тактильдік, қозғалыс және температуралық сезімталдықтардың өзара іс-әрекеті негізінде жүзеге асырылады.

Көру қабілеті бұзылғанда танымдық процестердің (қабылдау, қиял, көрнекі – бейнелі ойлау) ауытқуымен, физикалық дамуының, оның ішінде қимыл-қозғалыс функцияларының өзгеруімен байланысты бірқатар екіншілік ауытқулар туындайды: қозғалыстар жылдамдығы, дәлдігі, үйлестіруі, қарқыны бұзылады.

Көптеген көру қабілеті зақымдалған балалардың сипап сезу сезімталдығы мен саусақ және кол саусақтарының ұсақ моторикасының дамуында төмен деңгей байқалады.

Себебі нашар көретін балалар толығымен көріп қабылдауына сүйенеді және сипап сезуді көру ақпаратының жеткіліксіздігінің орнын басатын құрал екендігін түсінбейді.

Көру қабілетінің мүлдем болмауы немесе күрт төмендеуінен балалар қалыпты балалар сияқты еліктеу арқылы кенеттен әр түрлі заттық– тәжірибелік іс-әрекеттерді меңгере алмайды.

Қозғалыс белсенділігінің аз болуы салдарынан көру қабілеті бұзылған балалардың (әсіресе тотальді көрмейтін балалардың) қолдарының бұлшықеттері енжар немесе тым ширекқан болады.

Мұның бәрі балалардың тактильдік сезімталдылығы мен қолдарының ұсақ моторикасының дамуын тежейді, заттық-тәжірибелік іс-әрекеттерінің қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Көру қабілеті зақымдалған балалардың сипап сезуін дамытудың негізгі мақсаты. Еңбек әрекеті толыққанды болу үшін сақталған анализаторлар мен қалдық көрудің жұмысы үйлесімді болу керек. Негізгі компенсация үдерісі көрмейтін және нашар көретін балаларда сипап сезу болып табылады. Сондықтан бұл категориядағы оқушыларда сипап сезуді дамытудың негізгі мақсаты кол әрекетін орындаудың білім, білік және дағдыны қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- Сипап сезуді қалыптастыру және дамыту;
- Қол мен білекті жаттықтыру;
- Қол мен көздің үйлесімділігін қалыптастыру;
- Ұсақ моториканы дамыту.

Сипап сезу пәнінде ұстанатын принциптер:

- Ата-ананы белсендіру принципі;
- Топтық жұмыстың жеке жұмыспен үйлесімді жүзеге асыру принципі;
- Баланың психофизиология-лық жұмысын есепке алу принципі;
- Әлеуметтендіру принципі;
- Мамандардың өзара әрекеттеу принципі.

Сипап сезуді дамытудың негізгі бағыттары:

- Қолды шынықтыру үшін баланың өзіне массаж жасап үйрету;
- Ұсақ моториканы және оның функцияларын дамыту;
- Көз бен қолдың координациясын дамыту;

Сипап сезуді дамытуға арналған әрекет түрлері:

- Заттық тәжірибелік әрекетті дамыту;
- Кубиктардан үйлер жасау еркін тақырыпта және есте сақтау арқылы;
- Түймені ағыту жіне салу;
- Жіпті карандаштарға байлау, жіпті түйю;
- Табиғи материалмен жұмыс жасау;
- Әр материалды сипап сезу.

Түзету сабақтарын жүргізу кезінде көру деңгейінің зақымдану дәрежесіне және ұсақ моторикасы мен сипап сезуінің даму деңгейіне байланысты балаларға сараланған тәсілді жүзеге асыру қажет.

Ұсақ моториканы және сипап сезуді дамыту әртүрлі іс-әрекет түрлерінде жүреді:

- Заттық-тәжірибелік іс-әрекет (мүсіндеу, сурет салу, аппликация, конструкциялау, қағазбен, жармамен, жіппен, табиғи материалмен сабақ);
- Графикалық жұмыс;
- Саусақ ойындарын, массаж өткізу.

1. Саздан, ермексаздан, қамырдан жапсыру кезінде ұсақ моторика жақсы дамып, саусақ мускулатурасы нығайып, қолдың жіңішке қозғалысы әзірленеді, сипап сезу арқылы тексеру дағдылары бекітіледі, өйткені жапсыру процесінде үнемі бір нәрсені уқалау, домалату, немесе майыстыру қажет.

2. Сурет салу саусақтардың және қолдың қимыл үйлесімділігін жақсартады, қозғалыстар сенімсіздігін және құрысуын жеңуге көмектеседі. Бұл сабақ барлық балалар үшін өте пайдалы және қызықты. Өйткені түрлі материалмен, тәсілмен қағазға, картонға, қарда, құмда, буланған терезеде және асфальтта сурет салуға болады. Трафарет немесе кескін бойымен жүргізу бойынша балаға тапсырмалар беруге болады.

3. Аппликация сәндік қолданбалы өнерге жатады және киімді, тұрмыстық заттарды безендіру үшін, панно жасау үшін қолданылатын кестелеудің бір түрі болып табылады.

Аппликация – бұл негізгі фонға (қағаз, мата, т. б. материал) сол немесе өзге де әр түрлі түсті материалдың тілімдерін жапсыру немесе тігу арқылы орындалатын іс-әрекет түрі.

Аппликация көмегімен еркін тақырыпта берілген түрлі композициялар, нақыштар мен ою-өрнектер, әріптер, сандар, дидактикалық ойындар орындалады. Қағаз аппликацияларды орындау бірқатар графикалық дағдыларды (қарындашпен, сызғышпен, трафаретпен әрекет) меңгеруге көмектеседі, балалар талдауды, қайшыны пайдалануды, щеткамен желімді дұрыс жағуды, ұқыпты желімдеп жапсыруды үйренеді. Балада кеңістіктік түсініктерді, түсті қабылдау, көзбен шамалау, пішін сезімі, көру жады, ерікті зейін, дербестік дамиды.

4. Конструктор және мозаикамен жұмыс, сондай-ақ қозғалыс үйлесімділігін жетілдіруге және сипап сезуді дамытуға бағытталған. Мозаика және конструктордың бөлшектері әртүрлі шамада, пішінде және түсте болады. Алдымен балаға мозаика бөлшектерін -түсі, көлемі немесе пішіні бойынша сұрыптау, қарапайым өрнек, көлденең немесе тік жолақтар қою сияқты күрделі емес тапсырмалар ұсынылады. Содан кейін балалар үлгі бойынша және өз бетінше сурет құрастыра алады.

5. Ұсақ моторикасы төмен немесе орташа деңгейде дамыған балалармен мортанбалармен жұмыс жүргізуге болады. Осы жұмыс барысында қол күші, қолдың ауысуы (күш салу – босансу – күш салу) дамиды.

Мортанбалармен жаттығу:

«Қар жамылғысы»

Материалдар: шөп және жәндіктер салынған ақ қағаздар; қар ұшқыны бейнеленген мортанба, көгілдір түсті гуашь.

Барысы. Мұғалім балаларға күздің келгенін, өсімдіктер, аңдар, жәндіктер қыстың келгенін асыға күтуде екенін сипаттайды. Және “Қысқа” олардың көмектесулерін сұрайды. Балалар гуашьқа мортанбаны малады, одан кейін ақ қағазға күшпен мортанбаны басады. Сол кезде өар ұшқынының таңбасы пайда болады.

6. Мөртаңбалармен жаттығулардан басқа көріп қабылдау мен зейінді, ұсақ моториканы және қол қозғалыстарын үйлестіруді дамытуға ықпал ететін әр түрлі графикалық жаттығулар бар. Жазуды табысты меңгеру үшін мектепке дейінгі жастан графикалық жаттығуларды орындау өте маңызды.

7. Ұсақ моториканы дамытуда саусақ ойындары ерекше рөл атқарады - бұл қандай да бір ұйқасқан әңгімелерді, ертегілерді саусақ көмегімен сахналау. Олар әр саусақтың жеке-жеке және бір-біріне қатысты қозғалысын түзетуге мүмкіндік береді, қимыл-қозғалыс реакциясын, дәлдігін жаттықтырады, ептілікті машықтандырады. Саусақ ойындары қоршаған әлемнің шындығын - заттарды, жануарларды, адамдарды, олардың іс-әрекеттерін, табиғат құбылыстарын бейнелейді. Саусақ ойындары барысында балалар ересектердің қозғалыстарын қайталап, қол моторикасын жандандырады.

8. Массаж гимнастика түрлерінің бірі болып табылады. Көптеген авторлар массаждың адам ағзасына жағымды әсерін атап көрсеткен. Шаршаңқы бұлшықеттің жұмыс қабілеттілігі массаж әсерінен толық тыныштыққа қарағанда тезірек қалпына келеді. Қолды уқалау саусақтардың икемділігін және қозғалғыштығын дамытады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Петров Ю. И. *Обучение взрослых слепых письму и чтению по брайлю: методическое пособие.* – М.: ВОС, 1998.
2. Ермаков В.П., Якунин Г.А. *Основы тифлопедагогика: Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений.* - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000.
3. *Вопросы обучения и воспитания слепых и слабовидящих детей / Под ред. А.Г. Литвака.* - Л., 1981.
4. Ермаков В.П. *Обучение слепых и слабовидящих школьников.* - М., 1989.
5. Крылова Н.А. *Методические приемы и способы обучения чтению слабовидящих учащихся подготовительных классов // Совершенствование процесса обучения и воспитания слепых и слабовидящих детей / под ред. Л.И. Солнцевой, В.П. Ермакова, М.И. Земцовой.* - М., 1986.
6. Чигринова И.П. *Методика преподавания литературы в школах слепых и слабовидящих.* - Киев, 1986.

